

**АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«№73 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ**

Ескерткіштер сырлары

«Туған елге тағзым» жобасы аясында
10-сыныптарға арналған факультатив курсы

Астана, 2023

Астана қаласы, №73 мектеп-лицей ШЖҚ МКК білім беру ұйымы әдістемелік бірлестігінің отырысында қаралды, қалалық сараптау кеңесіне ұсынылды (2023 жылғы 05Қаңтар №2 хаттама)

Пікір берушілер: 1. Қарасаев Ғани Мұқашұлы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Мемлекет тарихы институты, Деректану, тарихнама және Отан тарихы бөлімінің басшысы, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

2. Жұбанышев Әли Тыныштықұлы тарих пәнінің мұғалімі, «педагог шебер», Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Ақтөбе орта мектебі КММ

Құрастырушы: Ұзақбайқызы Гүлназия тарих пәнінің мұғалімі, педагог- шебер, Ескерткіштер сырлары «Туған елге тағзым» жобасы аясында 10-сыныптарға арналған факультативтік курс бағдарламасы. 10-сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» оқулығына қосымша ретінде дайындалған. Астана қаласы, 2023, 183 бет

Бұл курс орта ғасырлардағы ескерткіштердің сырын ашып, білім алушыларға ұлттық құндылықтарымызды зерттеп зерделуге, еліне деген мақтанш сезімдерін оятып, азаматтық қоғамның белді мүшесі болуына жол ашады.

10-сынып білімалушыларының тарихи ойлауын қалыптастыратын Қазақстан тарихы пәні курстарының арасындағы сабақтастықты, сонымен қатар іс-әрекеттік тәсілді, бірегейлікті жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Мазмұны

Түсінік хат	3
Мазмұны	6
Бағдарлама мазмұнының тақырыптары.....	7
Күнтізбелік жоспарлар	11
Тәжірибелік бөлім шаблонны	14
Авторлық бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету	18
Қорытынды	25
Пайдаланылған әдебиеттер	27
Қосымша 1. Қысқа мерзімді жоспарлар	28
Қосымша 2. Дидактикалық материал	111

Түсінік хат

Қазіргі кезде еліміздің білім, ғылым саласында тарих, қоғамдық ғылымдардың маңыздылығы жоғары екенін білеміз. Тарихи білім беру ең алдымен азамат тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады. Тарих пәнін тереңдете оқытудың маңыздылығына байланысты қосымша пәндер мен арнайы курстарды көптеп енгізудің қажеттілігін байқаймыз. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламаларының тарихты жекелеген кезеңдері мен тақырыптарына жекелеген бөлімдеріндегі тақырыптарға арнайы құрастырылған бағдарламалар тарихтың кезеңдерін терең меңгеруге септігін тигізері сөзсіз. Әсіресе арнайы жүйеленген тарихи ескерткіштер туралы мәлімет беретін, білімдерін жетілдіретін, тарихқа қызығушылығын арттыратын бағдарлама, оқу құралдары көптеген оқылықтардың орнын толтыратыны сөзсіз. Осы мақсатта отандық тарихи ескерткіштер тарихы, олардың сырлары, жалпы кеңірек мәлімет беру үшін «Ескерткіштер сырлары» атты факультативтік курс ұсынылып отыр.

Жаңа ұсынылып отырған бағдарламаның мазмұны мен құрылымы оқушылардың тарихи ойлауын қалыптастыратын Қазақстан тарихы пәні курстарының арасындағы сабақтастықты, сонымен қатар іс-әрекеттік тәсілді, бірегейлікті жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Бағдарламада орта ғасырларда Қазақстанда сәулет өнерінің дамуы, сәулет ескерткіштерінің ерекшеліктері туралы жалпы білім беру бағыты көзделген. Археологиялық ескерткіштерді танып-білуде тарихи дәуірлердің жарқын бейнелерін және тарихи ескерткіштер, көрнекті қайраткерлер мен өткеннің негізгі оқиғалары туралы түсінік қалыптасады.

Курсты оқытудың теориялық бөлігімен қатар зерттелген орта ғасырлардағы археологиялық ескерткіштер арасында сәулет-көркемдік қасиеттері жағынан және композиция элементтерінің қатаң пропорцияларының, олардың сәтті үйлесімі мен ақылды сәулеттік декорының арқасында ғимарат қатты және монументалды түрде кереметтігін ұғындыруға бағыттайтын практикалық жағы қарастырылған. Курс бойынша практикалық жұмыстар мұғалімнің қалауына қарай теориялық бөлікті меңгеріп немесе жеке тақырыптардың соңында жүргізіледі.

Бағдарламада білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар берілген. Курс бағдарламасы құрылымының элементі оқушылардың іс-әрекетінде көрсетілген және қандай да бір құралдың көмегімен нақты танылатын оқу мақсаттарының-нәтижелерінің сипаттамасы болып табылады. Оқытудың мақсат-нәтижелерінің осы тізбесі арнайы пәндік және жалпы оқу іскерліктері мен қызмет тәсілдерін қамтиды. Оқытудың міндетті нәтижесіне жету оқушылардың тарихи дамуы туралы тұтас идеяны қалыптастыру, орта ғасырлардағы ұлттық, өңірлік және этномәдени ерекшеліктерін ұғыну, тарих пәніне деген қызығушылығына, олардың шығармашылық дағдыларына, әр оқушының мүмкіндігі мен дағдыларын жетілдіруге жағдай жасау болып табылады. Аталған талаптарды дайындауда тарих пәні бойынша бағдарлы курстарды оқытуға қажетті тірек біліктіліктері мен дағдыларына сүйенеді.

Білім алушылар аталған бағдарламаның талаптары мен алған білімдерін практикада қолданудағы қажеттіліктері арасындағы қайшылықтарды жоюға

мүмкіндік беретіндігімен, тарихты оқытудың сыныптан тыс сабақ жүйесіндегі жұмыс жағдайлары мен оқушылардың өздерінің шығармашылық әлеуетін іске асыру қажеттілігімен байланыстыра отырып, тарихи материалды түсінуін және зияткерлікті дамытуды қамтамасыз етуге, дербес іс-әрекеттің практикалық дағдыларын алуға бағытталған белсенді жұмыс түрлерін едәуір ұлғайту көзделген.

Сәулет, кескіндеме және басқа да өнердің негізгі тенденциялары туралы меңгере отырып, осы кезеңде кейбір көрнекті атаулар мен жұмыстарды бірнеше өзара байланысты пәндер тоғысында зерттеудің сөзсіз жаңалығын анықтайды. Ауқымды сапалы зерттеудің негізгі мәселелері мен маңызды мәдени құбылыстардағы ежелгі дәстүрлердің сырларын түсінеді, курс мазмұнын меңгеру арқылы мәселелерді шешу дағдыларын жағдаяттар жүйесі негізінде дамытады.

Оқу процесінің дербес бөлігі бола отырып, сыныптан тыс жұмыстар білім беру және дамыту функцияларын толық көлемде жүзеге асыруды қамтамасыз етіп, оқушыларға сабақта алған білімдерін тереңдетуге және кеңейтуге, жалпы білім және білік дағдыларын қалыптастыруға, танымдық, коммуникативті, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өмірлік тәжірибе мен тарихи өткенге құндылық қатынасын байытуға мүмкіндік береді. Бүгінгі қоғам мен өткенді байланыстыратын тарихи сана қазіргі қоғамдағы оқиғалардың маңыздылығы туралы ұғымды қалыптастыруға негізделген. Деректермен жұмыс жасау арқылы әртүрлі көздерден ақпарат іздей отырып, өзін-өзі бақылауды және бағалауды, топтық жұмыста өзін түзетуді жүзеге асыратын, жеке тұлғаны тәрбиелеу – курсты оқытудың педагогикалық мақсатын қамтиды.

Мақсаты:

Ескерткіштер тарихын зерттеу, шығармашылық қабілеттерін дамыту, жобалық қызмет негіздерін меңгертіп, оқу және танымдық іс-әрекетте өз бетінше ізденуді жүзеге асыру.

Міндеттері:

- тарихи-мәдени ескерткіштер туындыларын анықтау;
- сәулет пен дизайн өнері мен құрылыстың және орта ғасырлық тарихи-мәдени ескерткіштер дамуы туралы ақпарат жинау;
- мәдени ескерткіштерді зерттеу және сақтау үшін тарихи білімді заманауи кезеңдегі болжам жасаудың мәнін анықтау, дағдыландыру;
- білім алушылардың орта ғасырлар ескерткіштер мұрасы тарихы, мәдениеті бойынша басылымдар әзірлеудің практикалық дағдыларына жету;
- өткен және қазіргі заманның оқиғалары мен құбылыстарының мәні мен маңызын ашу үшін тарихи білімнің ұғымдық ақпаратын және тарихи талдау тәсілдерін қолдану қабілетін арттыру;

Күтілетін нәтиже:

- әр түрлі тарихи және заманауи көздерден алынған ақпаратты зерттеу жұмыстарын жүргізе алады және жинақталған деректер қорларын қорытындылап, нәтижелерді дәлелдеп береді;
- қызықтыратын нысандарды, құбылыстар мен жүйелерді де деректерді өз бетінше табуға және олардың сипаты туралы гипотеза құра біледі;
- ғылыми тұрғыдан ойлау қабілеті, тарихи деректер жинау іскерлік дағдылары дамиды;
- мамандық таңдауға әрекет қабілеті дамиды;

Білім алушылардың іскерлік дағдыларына қойылатын талаптар

Оқушылар білуі керек:

- оқушылардың теорияны және фактілерді білу;
- теорияда алған білімдерін, практикада ұштастыра білу;
- тарихтан фактілерді талдау;
- зерттелетін мәселе бойынша пікір білдіру;
- хабарламаларды дайындау;
- әр түрлі көздерден ақпаратты пайдалану;

Білім алушылар меңгеруі керек:

тарихи және мәдени ескерткіштердің түрлерін отандық ескерткіштердің ерекшеліктерін тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтаудың маңыздылығын меңгеруі тиіс.

Бағдарлама құрылымы

Курс бағдарламасы 5 бөлімнен, 36 тақырыптан тұрады.

Берілген жоспарда көрсетілген сабақ тақырыптары түгел қамтылған. Яғни, әр тақырып бойынша қысқа мерзімді жоспарлар, теориялық-дидактикалық мәліметтер мен практикалық жұмыстар, тапсырмалар дайындалған.

Ескерткіштер сырлары
факультативтік курс бағдарламасының
тақырыптық мазмұны

I бөлім. Орта ғасырдағы археологиялық ескерткіштер /1сағат/

Орта ғасырлар кезеңі туралы түсінік. Хронологиялық ауқымы. Орта ғасырлардағы ескерткіштер туралы түсінік, мәліметтер. Орта ғасырлардағы тарихи ескерткіштердің орта ғасырлардағы мемлекеттер кезеңімен үндестігі. Ескерткіштердің салыну тарихы. Ескерткіштерді тарихи жәдігер ретінде сақтау мәселесі.

II бөлім. VI-IX ғасырлардағы тарихи ескерткіштер /8 сағат/

Ақыртас ғимараты (1 сағат)

Ақыртас - VII-VIII ғасырлардағы басталып, бітпей қалған Тараз маңындағы ғимарат. Ақыртас қарлұқ дәуірінің сәулет өнерінің туындысы. «Ақыртас араб деректерінде кездесетін Ұлы Жібек жолы бойындағы Касрибас қаласы» - тарихи дерек. Ақыртастың ашылмаған құпиясы.

Білеулі ғимараты (1 сағат)

Сәулет өнерінің туындысы - Білеулі ғимараты (Қазақстан мен Қарақалпақстан арасында орналасқан). Білеулі керуен жолдардың торабы. Үстіртегі маңызды тарихи кешен. Шаруашылыққа қажетті жүйелер орналасқан – Білеулі. Білеулі атауы. Жергілікті әулие – Білеулі ата. Білеулі – қайрақтас.

Бес күмбезді кесене - Баба-Ата мешіті (1 сағат)

Баба-ата кесенесі. Кесененің қайта жаңғыртылуы. Кесене күмбездері. Баба-ата кесенесі Оңтүстік Қазақстандағы тарихи ескерткіштердің бірегей үлгісі. Кесененің тұрғызылуы жөніндегі аңыздар.

Қорқыт ата күмбезі (2 сағат)

Қорқыт ата және Қорқыт күмбезі. Қорқыт ата туралы деректер. «Қорқыт жыры». Қорқыт және қобыз. Қобыздың үні сарнаған Қорқыт кесенесі. Қорқыт кесенесі – сәулет өнерінің озық үлгісі

Домалақ ана кесенесі (1 сағат)

Домалақ ана кесенесі. Нұрила Әли Сыланқызы кім? Бәйдібек бабамыздың жары. Ескерткіштің сақталуы. XIX ғасырдың басындағы ескерткішке жасалған вандалдық әрекеттер. Ескерткішті қалпына келтіру.

Сырлытам кесенесі (1 сағат)

Сырлытам кесенесінің сыры. Сырлытам кесенесінің сәулеттік үлгісі. Сырлытам кесенесі немесе Баршын қыз. Кесенедегі қазақтың дәстүрлі ою-өрнектерінің сыры. Кесененің зерттелмеген құпиясы қандай?

Қызыр мұнарасы (1 сағат)

Қызыр мұнарасы – озық үлгідегі мұнаралы сәулет ескерткіші. Қызыр мұнарасы – көне Испиджаб аумағындағы бүгінге дейін сақталған жалғыз сәулет туындысы. Мұнараның сақталу сыры.

III бөлім. VI-IX ғасырлардағы шаруашылық, діни бағыттағы ескерткіштер/5 сағат/

Дың ескерткіштері (1 сағат)

Дың ескерткіштері ислам дініне дейінгі сәулет құрылыстары. Дың ескерткіштері киіз үйдің құрылымына ұқсас. Қарлұқ, Қимақ қағанаты кезіндегі Дың ескерткіштері.

Сардоба – халық үшін салынған құрылыс (2 сағат)

Сардоба - құдық үстіне салынған құрылыс. Сардоба – халықтың мүддесі үшін салынған ғимарат. Мырзарабат сардобасы. Мырзарабат сардобасы– Мырзашөл бойындағы ыстықтан құдық суын сақтау үшін салынған. Бір күмбезді және көп күмбезді Мырзарабат сардобасы. Якка сардобасы-күмбездері бір-біріне жалғасқан ғимарат. Сардобалардың тарихи құндылығы.

Балбал тастар – көне түрік дәуірінің ескерткіштері (1 сағат)

Балбал тас. Тастан қашалған адам бейнесі. Балбал тастар – Қазақстан және Моңғолияда. Балбал сырлары. Балбал тастардың қойнауына бүккен құпиялары. «Балбал», «Балбық», «блбл» атаулары.

Будда дінінің ескерткіштері (1 сағат)

Будда ғибадатханалары. Ұлы Жібек жолы және будда діні. Ақбешімдегі будда ғибадатханасы. Оңтүстік Қазақстан және Жетісу жеріндегі будда дінінің сәулет ескерткіштерінің жиынтығы.

IV бөлім. X-XIII ғасырлардағы тарихи ескерткіштер /7 сағат/

Дамыған орта ғасырлардағы ескерткіштер (1 сағат)

Ислам дінінің сәулет ескерткіштері. Боран мұнарасы – ислам дінінің бірегей ескерткіші. Боран мұнарасы туралы Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегінде. Боран мұнарасы Жетісу аймағындағы түркілердің ислам дініне өткен кезде тұрғызылған сәулет туындысы.

Қарахан дәуірінің ескерткіштері (3 сағат)

Қарахан дәуірінің сәулет ескерткіштері. Тараз қаласының маңында орта ғасырлар ескерткішінің шоғарылану себебі. Бабаджа-қатын кесенесі. Айша-биді кесенесі. Айша биді туралы аңыз, деректер. Қарахан баба мұнарасы. Бүгінге дейін сақталған ескерткіштердің сыры.

Шопан-Ата жер асты мешіті (1 сағат)

Шопан-Ата мешіті Маңғыстау мен Хорезм арасындағы керуен жолында орналасқан сәулет өнерінің туындысы. Шопан-Ата X-XIII ғасырдағы ғимараттардың озық үлгісі. Шопан ата туралы аңыздар.

Қараман Ата ескерткіші (1 сағат)

Қараман Ата мешіті – діни сәулет ескерткіші. Жер асты мешіттің сыры. Қараман ата туралы аңыздар. Қараман-Ата мешіті еліміздің қасиетті жерлерінің бірі.

Аяқ-Қамыр кесенесі (1 сағат)

Аяққамыр кесенесі XII ғасырдың аяғындағы сәулет өнерінің туындысы. Аяққамыр Орталық Қазақстан жеріндегі бірегей ескерткіш. Аяққамыр туралы Шоқан Уәлиханов еңбектерінде. Аяққамыр кесенесі және Құтлық Темір.

V бөлім. XV-XVII ғасырлардағы тарихи ескерткіштер /14 сағат/

Арыстан баб кесенесі (2 сағат)

Моңғол дәуірінен кейінгі тарихи ескерткіштер. Отырарда орналасқан Арыстан баб кесенесі. «Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле». Арыстан баб кесенесінің сәулеттік үлгісі. Сәулет ескерткішінің сырлары. Арыстан баба кесенесінің тарихи жәдігер ретінде зерттелуі.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі (2 сағат)

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – сәулет өнерінің бірегей туындысы. Қожа Ахмет Яссауи кесенесін салдырған тұлға – Әмір Темір. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – ЮНЕСКО-ның әлемдің мұралар тізіміне енген жәдігер. Кесене қазақ хандары, біртуар тұлғалары жерленген пантеон.

Гауһар ана кесенесі (1 сағат)

Гауһар ана кесенесі Түркістан қаласының оңтүсігінде орналасқан. Тарихи уақыты XII-XIV ғасырлар аралығы. Гауһар ана ұлы ғұлама Қожа Ахмет Яссауидің қызы. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Гауһар ана кесенесі арасындағы жер асты жолы туралы аңыз.

Укаша ата кесенесі (1 сағат)

Укаша ата кесенесі тарихи ескерткіш. Укаша ата – ислам дінінің өкілі. Қаратаудың күңгейінде. Укаша ата құдығы. Укаша ата кесенесі – зиярат ететін орын ретінде.

Көккесене (1 сағат)

Сырдария өзенінің жағасында орналасқан – Көккесене. Баршын сұлудың қабіріне салынған. Көккесенеде Әбілқайыр хан дамылдағаны туралы тарихи деректер.

Дәуітбек кесенесі (1 сағат)

Дәуітбек кесенесі. XIII ғасырдағы сәулет өнерінің туындысы. Ұлық Білге Икбалхан Дәуітбек-Шамансұр. Дәуітбек кесенесі – Моңғол әулеттерінің түркіленіп, түрік этно-мәдени ортасына сіңісуінің бірден-бір көрінісі.

Оқшы ата кесенесі (1 сағат)

Оқшы ата кесенесі – Сыр өңірдегі киелі орындардың бірі. Оқшы ата кесенесі немесе «Жеті әулие». Оқшы ата немесе Ибраһим шайхы. Оқшы ата кесенесіне байланысты аңыз-әпсаналар.

Тектұрмас кесенесі (1 сағат)

Тектұрмас кесенесі XIV ғасырдағы сәулет өнерінің туындысы. Тектұрмас кесенесі және Сұлтан Махмұт хан. Тектұрмас кесенесі Тараз қаласының маңындағы киелі орындардың бірі. Тектұрмас кесенесінің жаңғыртылуы.

Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі (1 сағат)

Түркістандағы Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі. Рабиға Сұлтан Бегім – Әмір Темірдің немересі, Ұлықбектің қызы. Кесене – көлемді архитектуралық кешен. Кесененің сәулеттік үлгісі.

Бегім ана мұнарасы (1 сағат).

Бегім ана мұнарасы XII ғасырдан сақталған сәулет өнерінің ескерткіші. «Мұнаралы кесене». Аңызға айналған – Бегім ана.

Ұлытау өңіріндегі, Кеңгір бойындағы тарихи ескерткіштер (2 сағат)

Алаша хан кесенесі. **Жошы хан күмбезі.** Қаракенгір өзенінің бойындағы тарихи ескерткіштер. Алаша хан туралы аңыздар. Кесенелердегі қазақтың қолданбалы

өнерінің үлгілері. Жошы хан кесенесі – сәулет өнерінің озық туындыларының бірі. Жошы хан – қазақ хандарының атасы.

Қорытынды /1 сағат/

«Ескерткіштер сырлары» атты факультативтік курсының тақырыптық-күнтізбелік жоспары.

Барлығы 36 сағат, аптасына 1 сағат

Р/с	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Негізгі ұғымдар	Мерзімі
	I бөлім.Орта ғасырдағы археологиялық ескерткіштер/1сағат/			
1	Орта ғасырдағы археологиялық ескерткіштер	1	археологиялық ескерткіш	
	II бөлім. VI-IX ғасырлардағы тарихи ескерткіштер /8 сағат/			
2	Ақыртас-VII-VIII ғасырлардағы басталып,бітпей қалған ғимарат	1	дуал	
3	Сәулет өнерінің туындысы- Білеулі ғимараты	1	құрылыс	
4	Бес күмбезді кесене - Баба-Ата кесенесі	1	құдық,сардоба	
5-6	Қорқыт күмбезі	2	күмбез	
7	Домалақ ана кесенесі	1	киіз үй	
8	Сырлытам кесенесі	1	ою-өрнек	
9	Қызыр мұнарасы	1	ғибадатхана	
	III бөлім. VI-IX ғасырлардағы шаруашылық, діни бағыттағы ескерткіштер/5 сағат/			
10	Дың ескерткіші-сәулет өнеріне тән, өңделмеген тақтатастан қаланған, шеңберлі құрылыстар	1	сфера,күмбез	
11	Сардоба – ортағасырлық ескерткіш.	1	күмбез,қобыз	
12	Мырзарабат, Якка сардобалары	1	сегіз жапырақ,кесене	

13	Балбал тастар	1	бетшелі- күмбезді	
14	Будда дінінің ескерткіштері	1	мұнара	
	IV бөлім. X-XIV ғасырлардағы тарихи ескерткіштер /7 сағат/			
15	Боран мұнарасы	1	мұнара	
16	Бабаджа-қатын кесенесі	1	күйділілмеген кірпіш	
17	Айша-бیبі мұнарасы	1	ширек бағана	
18	Қарахан баба мұнарасы	1	мұнара	
19	Шопан-Ата жер асты мешіті	1	мешіт	
20	Қараман Ата ескерткіші	1	жер асты мешіті	
21	Аяққамыр кесенесі	1	Құтлық Темір	
	V бөлім. XV-XVII ғасырлардағы тарихи ескерткіштер /14 сағат/			
22	Арыстан баб кесенесі	2	дәліз,күмбез	
23	Қожа Ахмет Яссауи кесенесі.	2	кітапхана,тайқаз ан	
24	Гаухар ана.	1	порталды- күмбез	
25	Укаша ата кесенесі.	1	аңыз-әфсана	
26	Көккесене.	1	өрнек	
27	Дәуітбек кесенесі.	1	текше,дадалық сәулет	
28	Оқшы ата кесенесі	1	аспалы ойық,арка	
29	Тектұрмас кесенесі	1	пилястр	
30	Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі	1	сүйір ұшты биік арка	

31	Бегім ана мұнарасы.	1	сегізқырлы призм а	
32	Алаша хан кесенесі	1	қорым,шаһар	
33	Жошы хан күмбезі	1	таңба	
34	Қорытынды /1 сағат/	1	тест	

Тәжірибелік бөлім шаблону

Р/с	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Шығармашылық (өзіндік жұмыс)	Әдіс-тәсілдер	Көрнекіліктер	Жұмыс түрі
I бөлім. Орта ғасырдағы археологиялық ескерткіштер/1сағат/						
1	Орта ғасырдағы археологиялық ескерткіштер	1	Мәтінмен жұмыс	«GROW» әдісі	Таратпа материалдар оқулық	Жаңа сабақ
II бөлім. VI-IX ғасырлардағы тарихи ескерткіштер /8 сағат/						
2	Ақыртас-ҮІІ-ҮІІІ ғасырлардағы басталып, бітпей қалған ғимарат	1	Дидактикалық материалдар	GREAT формуласы	АКТ, слайд	Жаңа сабақ
3	Сәулет өнерінің туындысы- Білеулі ғимараты	1	Жеке, топтық жұмыс	СТО		Жаңа сабақ
4	Бес күмбезді кесене-Баба-Ата мешіті	1	Дидактикалық материалдар	«Кейс-стади»	Кестесызба слайд	Жаңа сабақ
5	Қорқыт күмбезі	2	Мәтінмен жұмыс, сыни ойлау	ПТМТ әдісі	Слайд, кесте АКТ	Жаңа сабақ
6	Домалақ ана кесенесі.	1	Мәтінмен жұмыс, сыни ойлау	«Шеринг» әдісі	Кестесызба слайд	Жаңа сабақ

7	Сырлытам кесенесі	1	Мәтінмен жұмыс Жеке жұмыс	«SWOT» талдау	Диаграммалар сызбалар	Жаңа сабақ
8	Қызыр мұнарасы	1	сыни ойлау Мәтінмен жұмыс	«Зерттеу» әдісі	Слайд, кесте АКТ	Жаңа сабақ

III бөлім. VI-IX ғасырлардағы шаруашылық, діни бағыттағы ескерткіштер

/5 сағат/

9	Дың ескерткіші-сәулет өнеріне тән, өңделмеген тақтатастан қаланған, шеңберлі құрылыстар	1	Сыни ойлау, топтық, жеке жұмыс	SWOT талдау	Кәсіптік оқулық	Жаңа сабақ
10	Сардоба күмбездері - бір-біріне жағасқан ғимарат	2	Мәтінмен жұмыс	«Миға шабуыл» Әдісі СТО	Кестесызбалар	Жаңа сабақ
11	Балбал тастар	1	Сыни ойлау Жеке жұмыс	« ПТМС формуласы » әдісі	Кесте, слайд	Жаңа сабақ
12	Будда ғибадатханалары	1	диалогтік оқыту	«Биопоэма» Әдісі СТО,	Слайд, АКТ	Жаңа сабақ

IV бөлім. X-XIII ғасырлардағы тарихи ескерткіштер /7 сағат/

13	Боран мұнарасы	1	Мәтінмен жұмыс	«SWOT» талдау	Кестесызбалар	Жаңа сабақ
14	Бабаджа-қатын кесенесі.	1	Диалогтік оқыту	«Эйлер шеңбері» Әдісі, СТО,	Слайд оқулық	Жаңа сабақ
15	Айша-бیبі мұнарасы.	1	Мәтінмен жұмыс	GREAT формуласы	Видео .слайд	Жаңа сабақ
16	Қарахан баба мұнарасы.	1	Мәтінмен жұмыс Жеке жұмыс	«Кластер» әдісі	Сызбанұсқа, оқулық	Жаңа сабақ
17	Шопан-Ата жер асты мешіті.	1	сыни ойлау Мәтінмен жұмыс Топтық,	«SWOT» талдау	Слайд, кесте АКТ, видео	Жаңа сабақ
18	Қараман Ата ескерткіші	1	Бағалау, диалогтік оқыту	«Бэкрони м» Әдісі СТО,	Оқулық, кесте Акт	Жаңа сабақ
19	Аяқ-Қамыр кесенесі	1	сыни ойлау Мәтінмен жұмыс Жеке жұмыс	«Кейс – стади» әдісі	Слайд, кесте АКТ, видео	Жаңа сабақ

V бөлім. XV-XVII ғасырлардағы тарихи ескерткіштер (14 сағат)

20	Арыстан баб кесенесі	2	Кері байланыс, диалогтік оқыту	«Кувертка» әдісі	Слайд. АКТ оқулық	Жаңа сабақ
21	Қожа Ахмет Яссауи кесенесі.	2	сыни ойлау Мәтінмен жұмыс Жеке жұмыс	«SWOT» талдау	Сызба-кесте Слайд	Жаңа сабақ
22	Гаухар ана.	1	Диалогтік оқыту Мәтінмен жұмыс	«Кейс-Стади» әдісі	Оқулықтар	Жаңа сабақ
23	Укаша ата кесенесі.	1	Бағалау Жеке жұмыс	«Жасырын сөздер» әдісі	Кесте, слайд	Жаңа сабақ
24	Көккесене.	1	Топтық жұмыс	«БҮҮ» кестесі	Оқулықтар АКТ	Қорытынды сабақ
25	Дәуітбек кесенесі.	1	Топтық жұмыс	«БҮҮ» кестесі	Оқулықтар АКТ	Қорытынды сабақ
26	Оқшы ата кесенесі	1	Жеке, топтық жұмыс	СТО		Жаңа сабақ
27	Тектұрмас кесенесі	1	Мәтінмен жұмыс	«INSERT» әдісі	Таратпа материалдар оқулық	Жаңа сабақ

28	Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі	1	Топтық жұмыс	«БҮҮ» кестесі	Оқулықтар АКТ	Қорытынды сабақ
29	Бегім ана мұнарасы.	1	Дидактикалық материалдар	GREAT формуласы	АКТ, слайд	Жаңа сабақ
30	Алаша хан кесенесі	1	Мәтінмен жұмыс	«Миға шабуыл» Әдісі СТО	Кестесызбалар	Жаңа сабақ
31	Жошы хан күмбезі	1	Сыни ойлау стратегиялары, жеке, жұптық жұмыс	«ДЖИГС О» әдісі	Видео, слайд сызбанұсқа	Жаңа сабақ
32	Қорытынды /1 сағат/	1	Қорытынды қайталау	Жоба қорғау		

Авторлық бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету

Ескерткіштер сырлары факультативтік курсын өткізуде теориялық бағытпен бірге тәжірибелік жағы да маңызды. Онда бағдарламаны әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету басты мәселе болмақ. Курсты өткізуде арнайы жоспар, қазіргі қысқа мерзімді жоспар түрінде жазылу керек. Онда кезеңдері, қолданылатын әдістері, ресурстары қамтылады. Сонымен қатар ақпараттық технология мүмкіндіктері, ғаламтор желісін тиімді пайланған дұрыс. Ол түрлі көркем, деректі фильм, маңызды бағдарлама түрінде болмақ. Бұқаралық ақпарат құралдарды орынды пайдалана білген дұрыс. Түрлі ақпараттарды сабақ барысында талқылап, ой елегінен өткізіп, талқылау өткізу алған білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді. Мұнда пікірталас, дебат өткізудің тиімді тұстары өте көп. Жалпы курсты оқытуда тиімді әдістеме, технологияны қолдану әр мұғалімнің оқыту әдісіне байланысты өзгеріп отырады. Мұғалім арнайы бөлінген уақытта тақырыпты оқушылар бойына сіңіруде өзі біліктілігін пайдалана білуі қажет. Қызықты әдіс-тәсілдер ең алдымен оқушыны қызықтырып, білімін тереңдету жолында ынталандыра түсері сөзсіз. Бұдан оқушылардың өзі бетінше білімін жетілдіруге бағыттайды. Оқушылардың тақырыпты меңгергенін тексерудің тиімді тұстары бар. Онда мұғалім тапсырмаларды қызықты етіп берген жөн. Ең алдымен тест тапсырмаларының тиімді тұстары көп. Бұл бір жағынан келешекте оқушылардың Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындығының алғашқы іргетасы болмақ. Тест тапсырмалары негізгі тест тапсырмаларынан карағанда күрделі берілгені дұрыс. Қазір қолданылып жүрген мәнмәтіндік тест тапсырмалары өте тиімді. Мәтін бойынша түрлі құрылымды бес тест тапсырмаларын орындайды. Оқушы алдымен мәтінмен танысып, тест тапсырмаларының жауабын табады. Мәтінде тапсырманың жауабы нақты берілмейді, белгілі бір деңгейде жасырылады. Сонымен қатар логикалық тест тапсырмалар көбірек берілген дұрыс. Логикалық тұрғыда оқушылар хронологиялық реттілігін анықтау, дұрыс дәйекті табу, сәйкестендіру, артығын табу т.б тәсілдегі тест тапсырмаларымен жұмыс жасайды. Тапсырма ішінде әсіресе азаттық күрес бойынша картамен жұмыс, суретпен жұмыс, бейнекөрініс бойынша берілетін тапсырмалар оқушыларды қызықтыра түсері сөзсіз. Кесте түріндегі тапсырмалар, эссе, сөйлемді аяқтау, образ жасау, өрбіту, мағынаны ажырату ПОПС т.б. тапсырмалар қызықты болмақ.

Курсты өткізудегі тәжірибелік жұмыстар:

- Конференция
- Семинар
- Экскурсия
- Дебат, пікірталас
- Зерттеу жұмыстары
- Зияткерлік сайыстар

- БАҚ-қа материал жариялау
- Ғылыми жоба қорғау
- Қосымша материалдар шығару т.б.

Жалпы алғанда курсты әдістемелік тұрғыда шебер қамтамасыз ету, оны қолдана білу ең алдымен сабақтың қызықты өтуін, өміршеңдігін білдіреді. Осы арқылы ескерткіштер сырының тарихын тереңдете оқытудың маңыздылығы арта түсері сөзсіз. Әр мұғалім өзінің тиімді әдіс-тәсілдерін шебер пайдалана білгені дұрыс.

Мәнмәтін тапсырма



1. Суретте көрсетілген сәулет өнерінің ескерткіштері орналасқан өңір
 - A) Түркістан облысы
 - B) Жамбыл облысы**
 - C) Қызылорда облысы
 - D) Жетісу облысы
2. Суретті пайдалана отырып сәулет туындылары салынған кезеңді анықтаңыз
 - A) VI-VII ғасырлар
 - B) VIII-IX ғасырлар
 - C) X-XII ғасырлар**
 - D) XIII-XV ғасырлар
3. Суретті пайдалана отырып, сәулет ескерткіштер салынған кезеңнің тарихи атауын анықтаңыз
 - A) Ерте түрік дәуірі
 - B) Қарахан дәуірі**
 - C) Моңғол дәуірі
 - D) Ноғайлы кезеңі
4. Айша бибінің басына күмбез салдырған тұлға
 - A) Арслан
 - B) Сатұқ
 - C) Мұса
 - D) Қарахан**
5. Суреттегі кесенелер жайында кездесетін дереккөзі негізінен:

- A) Аңыз түрінде болып келеді
- B) Мұрағаттық құжат түрінде болып келеді
- C) Тарихи жазба түрінде болып келеді
- D) Антропологиялық қазба дерек түрінде болып келеді**

Логикалық және сәйкестендіру тест тапсырмалары

1. Ортағасыр сәулет өнері ескерткіштерін ерекшеліктерімен сәйкестендіріңіз

1. Айша бибі; 2. Алаша хан; 3. Қожа Ахмет Йассауи; 4. Бабаджа қатын

- A) Қарағанды облысы Қаракенгір өзенінің жағасында орналасқан;
- B) XI-XII ғғ. жататын іргесі оюлы терракота кірпіштен қапталған кесене
- C) X-XI ғғ. жататын есігі шығыс жағында орналасқан шатырлы күмбезбен жабылған кесене
- D) Әмір Темір бұйрығымен XIV-XV ғғ. салынған кесене

A) 1-B; 2-A; 3-D; 4-C

B) 1-C; 2-A; 3-B; 4-D

C) 1-A; 2-B; 3-C; 4-D

D) 1-D; 2-C; 3-A, 4-B

2. Белгілі бір заңдылыққа сәйкес артығын табыңыз

- A) Айша бибі кесенесі
- B) Арыстан баб кесенесі
- C) Қожа Ахмет Яссауи кесенесі

D) Алаша хан кесенесі

(Жошы хан кесенесі Орталық Қазақстанда, қалған кесенелер Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан)

3. Жошы хан кесенесі мен Алаша хан кесенесіне ортақ жағдай

- A) Әмір Темірдің бұйрығымен салынған
- B) Екі кесене де Қарахан дәуірінің сәулет ескерткіштері
- C) Екі кесене де Ұлытау өңірінде орналасқан**
- D) Шыңғыс ханның ұлдарына арнап салынған

4. Әмір Темір көптеген жаулаушылық жорықтар жасап, орасан зор аумақты бағындырған. Жаулаушы ретінде аты қалғанмен билеуші артына теңдесі жоқ мәдени мұра қалдырды. Сол мұраны анықтаңыз.

- A) Самарқанда обсерватория салдырды
- B) Қожа Ахмет Яссауи кесенесін салдырды**
- C) Қорқытқа арнап кесене салдырды
- D) Өзі жорығын тарихи жазба қылып қалдырды

5. VI-IX ғасырлар көне түрік дәуірі деп аталады. Бұл дәуір артына мол материалдық және рухани мұра қалдырды. Соның айғағы ретінде Қазақстан мен Моңғолиядағы көптеген тас мүсіндерді айтуға ол болады. Ол мүсіндер түрлі жазба деректерде түрліше айтылады. Ол мүсін:

- A) Дың ескерткіштері
- B) Сардоба
- C) Балбал**
- D) Ташнау

Қызықты тапсырма



Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – Түркістан қаласында орналасқан сәулет өнерінің бірегей туындысы. XIV ғасырдың аяғында құрылысы басталған. Жаһандық билеушілердің бірі Әмір Темір салуға бұйрық беріп, Ұлықбек аяқтаған. Бүгінде кесене ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралар тізіміне кіріп отыр.

Тапсырма.

«Қожа Ахмет Яссауи кесенесін салуда математикалық модельдеу, геометрия, инженерлік графика, кескіндеме өнері, геодезия шарттары шебер қолданылған. Құрылыс-архитектура саласындағы бүгінгі технологияның іздерін байқауға болады. Және кесене ғұлама ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің математикалық, геометриялық еңбектері бойынша салынды деген сөз бар»

ПТМС формуласын қолданып, аталған тұжырымдамаға талдау жасаңыз.

Позиция «Мен бұған толығымен келісемін/келіспеймін»

Түсіндіру (себебі...)

Мысал (мұны мынадай 2 мысал арқылы дәлелдей аламын...)

Салдар (қорытынды жасаймын...)

Талдау тапсырма



«Қазақ даласындағы тарихи мұралар – тарихи, сәулет өнерінің ескерткіштері көнеден қалған жәдігерлер. Ерте ортағасырдан бастап тұрғызылған туындылар Ұлы Даланың көне тарихынан сыр шертіп тұр. Бұдан терең тарихты көре аламыз. Саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени бағыттағы түрлі семантикалық сырлар көптеген зерттеулерді қажет етеді. Ескерткіштер алуан түрлі тарихты басынан кешірді. Қазір сакральды орын саналатын бұлар еліміздің баға жетпес қазынасы».

Деректі және өз білімдеріңізді пайдаланып, тарихи ескерткіштердің маңызын PESTLE арқылы талдаңыз.

Р - саяси	
Е - экономикалық	
S - әлеуметтік	
T – технологиялық	
L - құқықтық	
Е - этникалық	

Ғылыми жоба тақырыптары

1. «Балбал тастар – көне түркілердің болмысынан шыр шертеді»
2. «Сардоба дала гидрологиясының теңдессіз құрылымы»
3. «Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі Әл-Фарабидің геометриялық тұжырымдары»
4. «Жошы хан кесенесінің құрылыс жұмыстарының барысы»
5. «Ортағасырлық сәулет ескерткіштері мен Астана қаласының сәулет туындыларының үндестігі»
6. «Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің түрлі саяси ахуалдарға төтеп беруі»
7. «КСРО кезіндегі сәулет ескерткіштерге байланысты жүргізілген саясат»
8. «Қазақстанның әр өңіріндегі Дың ескерткіштерінің ерекшелігі»
9. «Орта ғасыр тарихшыларының еңбегіндегі сәулет туындылары»
10. «Тарихи сәулет туындыларының жылдар бойы сақталуының сыры»

Қорытынды

Ескерткіштер сырлары факультативтік бағдарлама курсы енгізу бойынша тәжірибелік алаңның жұмысының талдау арқылы мектеп оқушыларының халқымыздың мәдениетін зерделеуде зерттеушілік дағдылары мен сыни тұрғыдан ойлауы белсенді түрде қалыптаса бастағанын аңғартты. Қоғамдық-гуманитарлық пән мұғалімдері өз сабақтарында авторлық бағдарламаның материалын пайдалана бастады. Оқушылардың әр ескерткішті өз қолымен жасап, оны топта қорғап, ата-аналарынан сол елді мекенге барып қайтуға рұқсат ала алуы, олардың көптеген мамандықтардың біріне төселіп жатқандығы байқалды. Курс тақырыптары өзара логикалық және тақырыптық байланыста сабақтасып, материалдар жалпы бір жүйеде жинақтала бастады. Бағдарлама мазмұнында тарих, география, әдебиет, қазақ тілі бойынша пәнаралық байланыстар орнап, тарих сабақтарының қысқа мерзімді жоспарын дайындау және ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша сыныптан тыс жұмыстарды әзірлеуде нәтижелері пайдаланылды.

Өткізілген бағдарлама бөлімі бойынша алынған сынақтар негізінде жүргізілген диагностика – оқушылардың мәдениетке ғана емес, жалпы Қазақстан тарихына деген қызығушылығы мен білім сапасының артқанын көрсетті. Оқушылар «Менің Кіші Отаным», «Архитектуралық ескерткіштерді зерттеу», «Зерде» және ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңындағы жоғарғы оқу орындарының ұйымдастырған зерттеу жұмыстарына қатынасып, нәтижелі көрсеткіштер көрсетті. Зерттеу жұмыстарын қолға алуды, қорғауды үйренді. ҰБТ қорытындысы бойынша аталған 10 «А» сыныбында нәтиже жоғары көрсеткішті көрсете алды. Оқу процесінің дербес бөлігі бола отырып, сыныптан тыс жұмыстар білім беру және дамыту функцияларын толық көлемде жүзеге асыруды қамтамасыз етіп, оқушыларға сабақта алған білімдерін тереңдетуге және кеңейтуге, жалпы білім және білік дағдыларын қалыптастыруға, танымдық, коммуникативті, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өмірлік тәжірибе мен тарихи өткенге құндылық қатынасын байытуға мүмкіндік берді. Тәжірибелік алаңда шыңдала жүріп түрлі конференцияларда ой бөлістім. Кейін Назарбаев мектептерінде тәрбие жұмысы бойынша өткізілген семинарларда тәжірибемізді ортаға салдық. Республика бойынша өткізілген «Педагогикалық идеялар фестивалінде», «Өрлеу» орталығы ұйымдастырған «Педагогикалық идеялар панорамасында», «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған тамыз кеңестерінде ортаға салынды.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

- орта ғасырлардағы ескерткіштер туралы теориялық білімдерді меңгеруі тиіс;
- ескерткіштердің жетістіктерін біліп, ертедегі және қазіргі мәтіндерін ажырата білуі тиіс;
- жаңа сөз тудырудың тәсілдерін біледі, оларды бір-бірінен ажырата алады;
- ертедегі және қазіргі тарихи-мәдени ескерткіштерді ғылыми талдау принциптерін қолдана білуге машықтануы тиіс.
- ескерткіштерді лингвистикалық теориялық және әдіснамалық қағидаларды, басты ұғымдарды; - тілтанымдық ғылыми концепцияларды ажыратуды игеру керек;
- археологиялық орындар және оларды жіктейді;
- археологиялық, этнографиялық дереккөздер мен зерттеу әдістерінің ерекшелігін ажыратады;
- заттай дереккөздермен жұмыс істеу әдістерін меңгереді;
- алған білімдерін өмірде қолдану, жариялауды үйренеді;

Жұмыстың бірінші кезеңде "миға шабуыл" ойландыру жұмыс түрлері кеңінен ашылады. Білім алушылардың қызығушылығын ояту басты мақсат болып табылады. Екінші кезеңде таңдау жасап, зерттеуді жоспарлау және жүргізу, ақпараттар жинақтау, ғылыми жетекшінің басшылығымен жеке жұмыс жасай бастауды үйренеді. Соңғы кезең зерттеу нәтижелерін конференцияда ұсынуға дайындау. Шағын топтардағы қарым-қатынас формасы кеңінен ашылады, жұмыстарды сыртқы редакциялау және рецензиялау, ұсынылған нәтижелерді абробациялау жүргізіледі. Білім алушылардың шығармашылық қызметін арттыратын іздестіру және талдау сипатындағы әдістер, сондай-ақ конференция, пікірталас, семинар, ғылыми жобаның тұсаукесері және басқалар жүзеге асырылады. Оқушылар өз жобаларын қорғауға ұсынады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдіғалиұлы Б., Сураганова З.К., Екімбаева А.С. «Қазақстанның қасиетті нысандары мен аумағын зерттеу бойынша далалық экспедицияларға қатысушылар үшін (ҚР МСМ БМҚ «Қазақстанның заманауи мәдениетіндегі қасиетті кеңістік: дәстүр мен жаңашылдық» бағдарламасы аясында) Әдістемелік нұсқаулық, - Нұр-Сұлтан, 2020. – 90 б.
2. Бейсенов А. Балбал // Түркістан. Халықаралық энциклопедия. Алматы, 2000
3. «Домалақ ана», [Электронды ресурс]//https://adebiportal.kz/kz/news/view/domalaq-ana_19843 (Қаралған күні: 24.12.2022)
4. «Діндер тарихы мен теориясы» 9 томдық анықтамалар
5. «Жошы хан кесенесі» [Электронды ресурс]// <https://old.archaeology.kz/mura?id=450> (Қаралған күні: 24.12.2022)
6. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Алматы «Қазақ энциклопедиясы», II том
7. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.”, 2015
8. Қазақ хандығы. I бөлім. Алтын Орда. X-XV ғасырлар. Қазақстан балалар энциклопедиясы. Алматы. Аруна. 2004
9. Қоңыратбаев Т., Ертедегі ескерткіштер, А., 1996.
10. Қорқыт-ата, Энциклопедиялық жинақ. А. «Қазақ энциклопедиясы». 1999. сс. 92-93
11. Мамраимов А., Ұлы Жібек жолы. Алматы кітап, 2019.
12. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі мәдениет куәлары. Алматы, 1966
13. Марғұлан Ә. «Ежелгі жыр, аңыздар». Алматы. «Жазушы». 1985 ж. 196-197б.
14. Сейдімбек А., Қорқыт аңыздары. //Қорқыт-ата. Энциклопедиялық жинақ. А. «Қазақ энциклопедиясы». 1999. с.105-б.
15. Ұзақбайқызы Г., Туған елге тағзым // «Рухани жаңғыру – Ұлт болашағының жарқын бағдары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары, - Алматы, 2020. – 85 б.

Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары №1

Бөлім:	I бөлім.Орта ғасырдағы археологиялық ескерткіштер
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	
Күні:	
Сынып:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Орта ғасырдағы археологиялық ескерткіштер
Сабақтың мақсаты	Оқушыларға қазақ халқының орта ғасырлар тарихына қатысты материалдық мәдениетінің ескерткіштері,қабір үстіне орнатылған ескерткіштермен адамның еңбек қызметін сипаттайтын ескерткіштердің салынған кезеңдері,ерекшеліктері туралы түсінік беру
Бағалау критерийі	орта ғасырлар тарихындағы ескерткіштер туралы танысады;
Құндылықтарды дарыту	«Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары: Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойы оқып- үйрену

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	I Ұйымдастыру кезеңі: Оқушыларды түгелдеу. (БЫМ) Сабақ тақырыбына шығу үшін оқушыларға суреттер топтамасы көрсетіледі. Оқушылар өз пікірлерін айтқаннан кейін, оқушылардың жауаптары мұғалім тарапынан толықтырылады.	Оқушы өз ойларын ортаға салады. Оқушы жауаптары арқылы жаңа	ҚБ «Мадақтау сэндвичі»	Тақырыптық суреттер сілтемеде суреттер

	 <p>- Суреттерден нені байқадыңыздар? Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру.</p>	<p>тақырыпқа көшу</p> <p>Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді</p>		
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Белсенді оқу ортасы <i>Зерттеу сұрақтары:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <i>Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер қандай түрлерге жіктеледі?</i> <i>Тарихи-мәдени ескерткіштер ұлы дала өркениетінің ерекшелігін қалай сипаттап көрсетеді</i> <p>Орта ғасырлар – адамзат тарихының ежелгі дүние мен жаңа тарих аралығындағы кезеңі. Қазақстанның ортағасырлардағы тарихын үш тарихи кезеңге бөліп қарастырамыз.</p> <div style="text-align: center;"> <p>Кезең</p>  </div> <p>Топтық жұмыс-мәтінмен жұмыс «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі Оқушылар топта орта ғасырлар ерекшеліктеріне қатысты ақпараттарды қарастырады.</p> <p>1 топ: <i>«Қазақстанның ортағасырлардағы тарихы» пәнінің мақсаты, міндеттері</i></p> <p>2 топ: <i>«Қазақстанның ортағасырлардағы тарихы» ерекшеліктері</i></p> <p>3 топ: <i>«Қазақстанның ортағасырлар ескерткіштері</i></p>	<p>Оқушы ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды</p> <p>Оқушы өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды.</p> <p>Оқушы бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады.</p> <p>Дескрипторлар:</p>	<p>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады</p> <p>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады</p>	<p>Ақпараттық мәтін</p> <p>Үлестірмелі қағаздар</p> <p>Суреттер</p> <p>Тірек-сызбалар</p> <p>Кесте</p>

	<p>Бағалау алгоритмі негізінде өзара бағалау жүзеге асырылады. Мұғалім тарапынан кері байланыс беріледі.</p> <p>Жұптық жұмыс «Бірге ойлаймыз» әдісі Деректерге шолу соңғы жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде ежелгі тарих пен мәдениеттің қандай ескерткішінде реставрациялық жұмыстар жүргізілді?</p> <p>Жеке жұмыс Орта ғасырлар ескерткіштерін кезендермен жіктейді</p> <p>Кестемен жұмыс 1-тапсырма Сәйкестендіру кестесі</p> <table border="1" data-bbox="220 801 869 1451"> <tr> <td>1</td> <td>Ескерткіш</td> <td>а</td> <td>ғимараттар мен құрылыстар төбесінің тіреусіз, дөңес етіп жабылуы</td> </tr> <tr> <td>2</td> <td>Күмбез</td> <td>ә</td> <td>Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы.</td> </tr> <tr> <td>3</td> <td>Кесене</td> <td>б</td> <td>елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы.</td> </tr> <tr> <td>4</td> <td>ЮНЕСКО</td> <td>в</td> <td>қабір, бейіт, зират, мола басына салынған күмбезді мәдени-тарихи ескерткіш;</td> </tr> </table> <p>ЖАУАБЫ: 1)б, 2)а, 3) в, 4)ә.</p> <p>2- тапсырма</p> <table border="1" data-bbox="220 1541 869 1668"> <tr> <th colspan="3">Орта ғасырлар ескерткіштері</th> </tr> <tr> <td>VI-IX ғғ</td> <td>X-XIV ғғ</td> <td>XV-XVII ғғ</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	1	Ескерткіш	а	ғимараттар мен құрылыстар төбесінің тіреусіз, дөңес етіп жабылуы	2	Күмбез	ә	Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы.	3	Кесене	б	елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы.	4	ЮНЕСКО	в	қабір, бейіт, зират, мола басына салынған күмбезді мәдени-тарихи ескерткіш;	Орта ғасырлар ескерткіштері			VI-IX ғғ	X-XIV ғғ	XV-XVII ғғ				<p>1. Ортағасырлық кезеңдердің ерекшеліктерін біледі.</p> <p>2. Орта ғасырлар кезеңдеріндегі ескерткіштерді сипаттайды.</p> <p>Әр топ өз жұмыстарын 2 минут көлемінде таныстырады.</p>	<p>ҚБ: «Екі жұлдыз, бір ұсыныс»</p> <p>ҚБ: «Досыңды бағала»</p> <p>ҚБ «Өзін-өзі бағалау»</p>	<p>ҚБ парағы</p>
1	Ескерткіш	а	ғимараттар мен құрылыстар төбесінің тіреусіз, дөңес етіп жабылуы																										
2	Күмбез	ә	Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы.																										
3	Кесене	б	елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы.																										
4	ЮНЕСКО	в	қабір, бейіт, зират, мола басына салынған күмбезді мәдени-тарихи ескерткіш;																										
Орта ғасырлар ескерткіштері																													
VI-IX ғғ	X-XIV ғғ	XV-XVII ғғ																											
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Сабақты қорытындылау</p> <p>Кері байланыс</p> <p>Үйге тапсырма</p> <p>Сабақты қорытындылау</p> <p>Орта ғасырлардағы ескерткіштерді зерттеу қаншалықты маңызды?</p> <p>Кері байланыс</p> <p>➤ Бүгінгі сабақ мазмұны түсінікті</p>	<p>Тақырып бойынша не білетінін, не білгенін жазады</p>	<p>Оқушылар бағалайтын критерийлермен өз деңгейлерін бағалайды</p>	<p>А4, конспект</p>																									

<p>ме?</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Не түсініксіз? ➤ Нені білгіңіз келеді? ➤ Мақсатымызға жеттік пе? <p>Үйге тапсырма: Қазақстандағы орта ғасырлар ескерткіштері туралы мәліметтер жинақтау</p>			
--	--	--	--

Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары №2

Бөлім:	II бөлім. VI-IX ғасырлардағы тарихи ескерткіштер
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	
Күні:	
Сынып:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Ақыртас- VII-VIII ғасырлардағы басталып, бітпей қалған ғимарат
Сабақтың мақсаты	Ақыртас ғимаратының салыну себептерін анықтау, ортағасырлық сәулет өнері ескерткішінің ерекшеліктерін түсіндіру ;
Бағалау критерийі	Ақыртас ғимаратының салыну себептерін анықтайды; - ортағасырлық сәулет өнері ескерткішінің ерекшеліктерін ажыратады;
Құндылықтарды дарыту	Құрметтеу: топтық жұмыс кезінде жұптық қарым-қатынастарды дамытуды қамтиды. Академиялық адалдық: академиялық адалдық принциптерін сақтауға негізделген басқа адамдардың идеялары мен ойларын құрметтеу.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	I Ұйымдастыру кезеңі:	Оқушы өз ойларын ортаға салады.	ҚБ «Мадақтау сэндвичі»	Тақырыптық суреттер сілтемеде суреттер

	 <p style="text-align: right;"><i>Талқылау</i></p> <p><i>сұрақтарынан бастаңыз:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Түріктердің рухани және материалдық мәдениетінің басты жетістіктері қандай? - Әлемдік мәдениеттің дамуына түріктер қандай үлес қосты? - Бейне көріністен нені байқадыңыздар? - Қандай мәселелер бар деп ойлайсыздар? <p>Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру.</p>	<p>Оқушы жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу</p> <p>Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді</p>		<p>https://youtu.be/T9qbcVkpMh4</p>		
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Белсенді оқу ортасы</p> <p>Ақыртас — Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов ауданында орналасқан сарай кешені. VIII-IX ғасырларда салынған. Ақыртас соңғы 130 жыл бойы зерттеліп келеді. Тараз қаласының шығысында 40 км жерде, Ақшолақ теміржол стансысынан 6 км оңтүстікте орналасқан. Қазіргі кезде онда археологиялық жұмыстар жүргізілуде. Бұл түсіндірмені оқушылармен бірге талқылап, Ақыртас ғимаратының салыну ерекшеліктері туралы бірнеше минуттық қысқаша мәлімет беріледі.</p> <p>Топтық жұмыс-мәтінмен жұмыс</p> <p>GREAT кестесімен Ақыртас ғимаратының салыну ерекшеліктерін, деректердің маңыздылығына талдау жасайды</p> <table border="1" data-bbox="220 1883 863 2047"> <tr> <td>G (Groundbreaking) - елеулі/бетбұрысты</td> </tr> <tr> <td>R (Remembered) - есте қаларлық</td> </tr> </table>	G (Groundbreaking) - елеулі/бетбұрысты	R (Remembered) - есте қаларлық	<p>Оқушы ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды</p> <p>Оқушы өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды.</p> <p>Оқушы бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады.</p>	<p>ҚБ</p> <p>Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады</p> <p>ҚБ</p> <p>«Мадақтау сэндвичі»</p>	<p>Ақпараттық мәтін</p> <p>Үлестірім елі қағаздар</p>
G (Groundbreaking) - елеулі/бетбұрысты						
R (Remembered) - есте қаларлық						

	<table border="1"> <tr> <td>Е (Events) - маңызды оқиға</td> <td rowspan="3">Дескриптор :</td> </tr> <tr> <td>А (Affected) - болашаққа әсері</td> </tr> <tr> <td>Т (Terrifying) кездескен қиындықтар</td> </tr> </table>	Е (Events) - маңызды оқиға	Дескриптор :	А (Affected) - болашаққа әсері	Т (Terrifying) кездескен қиындықтар			
Е (Events) - маңызды оқиға	Дескриптор :							
А (Affected) - болашаққа әсері								
Т (Terrifying) кездескен қиындықтар								
	<p>Жұптық жұмыс «Серпілген сауалдар» 1. «Ақыртас» кешені қандай құпияны бүгін жатыр? 2. «Жер бетінде мәдени және тарихи ескерткіштер сақталу үшін не жасай аламын?» деген тақырыпта жадынама жаз. ҚБ: «Ең ұтымды жауап»</p> <p>Жеке жұмыс «Ақыртастың ақиқаты мен сыры» Эссе</p>		<p>ҚБ: «Алақан - жұдырық» ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады</p>	<p>Суретте</p> <p>Тірек-сызбалар</p> <p>Кесте</p> <p>ҚБ парағы</p>				
Сабактың соңы	<p>Даналардың айтқан сөзі бар: «Болашағын ойлаған адам ескерткіш орнатады». Сен осы пікірмен келісесің бе? Мысал келтір Кері байланыс Жалғастырыңыз: Маған ... қызықты болды Бұл ... қиындық туғызды Осы ... мені ойландырды Үйге тапсырма: <i>Ақыртас ескерткіші</i></p>	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект				

Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары №3

Бөлім:	II бөлім. VI-IX ғасырлардағы тарихи ескерткіштер
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	
Күні:	
Сынып:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Сәулет өнерінің туындысы-Білеулі ғимараты
Сабақтың мақсаты	Оқушылар дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зертейді;
Бағалау критерийі	Дала өркениетінің белгілі тарихи және

	мәдени ескерткіштерін анықтайды;
Құндылықтарды дарыту	Мәңгілік ел құндылығы «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» оқушыларды тарихи және мәдени ескерткіштерді құрметтеп және азаматтық жауапкершілікпен қарауға баулу

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру шаралары(сәлемдесу, түгендеу, оқушыларға сабаққа сәттілік тілеу)</p> <p>Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы тақырыбы бойынша «Зымыран сұрақтар» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау.</p> <p>/Қарқын арқылы саралау/</p> <p>-Рухани мәдениет дегеніміз не?</p> <p>- Қазақ халқында қандай құндылықтарды дәріптеледі?</p> <p>Оқушылардың қарқыны бойынша топқа бөлінеді. /Саралау/</p> <p>Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру.</p>	<p>Оқушы өз ойларын ортаға салады.</p> <p>Оқушы жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу</p> <p>Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді</p>	<p>ҚБ</p> <p>«Мадақтау сэндвичі»</p>	<p>Тақырыптық суреттер</p> <p>сілтемеде суреттер</p>
Баб Ата кесенесінің тұрғызылуы жайлы басқа аңыздарға ұқсай бермейтін өзгешелікті байқауға болады. Қазақтар мен қалмақтар арасындағы шапқыншылық жылдарында Баб ата басына тұрғызылған мазар қасақана қиратылады. Сол тұста айналасында отырған халық та тоз-тоз болып жан-жаққа босып кетеді. Қайтадан бейбітшілік заман орнап, халық басы құралған кезде, Баб Ата мазарының анық қай жерде екенін жұрт таппай қалады. Кесенені қайта көтермек болған халық орны қайда екенін тап баса алмай әбігерге түседі. Сол кезде ауылдың бір көнекөз қариясы, «Баб Атаның анық қай жерде жерленгенін білудің бір ғана жолы бар» - дейді. Түнде сол жерге барып жасырынып жатып, бақылау керек. Таң таянып, шолпан жұлдызы туған кезде, Ысхақ баптың қабірі үстінде қабылан пайда болады. Қабылан тұрған жерді дәл белгілеп алса, сонда жерленген болып шығады, - дейді. Жұртшылық ақсақалдың айтқанын істеп, түнде сол манды бақылауға шығады. Айтқанындай таң саз бере қабылан пайда болады. Қабыланды өз көздерімен көрген адамдар Ысхақ баптың – әулиелігіне тағы да көздері анық жетіп, сол жерді белгілеп алады. Келесі күні, қабылан тұрған жерді қазғанда Ысхақ Баб (Баб Ата) сағанасына кіретін есіктің тура үстінен түседі. Ішке кіргенде жерленген кісі сүйегі мен Ысхақ баптың туы, найзасын көреді. Қабірдің анық Ысхақ баптікі екеніне көз жеткізген халық, бүгінгі күнге дейін жеткен кесенені тұрғызады. Ысхақ баптың қабірінің орнын нақты дәл анықтау үшін, келесі аңыздың бірінде, Ысхақ баптың Қарғалық (Бабата) қалашығындағы мекеніне түйе шөгеріпті деп те айтылады. Түйе – қазақтың да, арабтың да қастерлі малы. Жануар Темірқазықты бетке алып шөгіпті. Мінер үзеңгілігі жағы құбыла жаққа қарапты деседі. Түйе шөккен жерге Ысхақ баптың сұпасын (қабір үстілік бөлігін) тұрғызып, кесенесін салған екен. Күллі түркі жұртын, оның ішінде қазақ халқын исламға табыстырған алтын көпірдің бірі – Ысхақ Баб

Бүгінгі сабақта:

- Қорқыт ата өмірімен танысады;
- Қорқыт күмбезі туралы түсінік;



Қорқыт ата – түркі дүниесіндегі белгілі ойшыл, жырау, кемеңгер тұлға. Қорқыт атаны қобызшы ретінде суреттейді. Қорқыт ата артында мол мұра қалдырған, әдеби, саз өкілі ретінде белгілі. Қорқыт атаның өмір сүрген уақыты туралы ғылымда түрлі дерек, болжамдар бар. Бірі деректер бойынша Қорқыт ата VII ғасырда Сырдария бойындағы Жанкент қаласында өмір сүрген. Қорқыт өмірге келмес бұрын анасы оны құрсағында үш жыл көтерді деген аңыз бар. Ол өмірге келгенде табиғат ерекше күйге бөленген. Туа сала сөйлеп кеткен. Бірқатар зерттеушілер Қорқыт ата X ғасырдың басында дүниеге келген деп болжайды. Ол Сырдария бойындағы оғыз, қыпшақ тайпаларынан шыққан деп есептейді.

Рашид әд-Дин деректер бойынша немесе «Жамиғ ат-тауарих» еңбегінде Қорқыт атаны кайлар тайпасынан шыққан дейді. Бұл нақты дерек емес. Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» еңбегінде Қорқыттың тегі баят тайпасы екені жөнінде мәлімдейді. Сонымен қатар оғыздарда елбегі қызметін атқарған. Деректер бойынша Қорқыт 95 жасқа келіп қайтыс болған. Сырдария өзенінен жақын жерде Қорқыт атаның зираты болғанын зерттеушелер өзі еңбектерінде атап көрсетеді. Ә.Диваев еңбегінде осындай мәліметтер кездеседі. Жалпы Қорқыт атаның өмір сүрген уақытын қазақ ғалымдары да бір тоқтаммен айтпайды. Ә. Марғұлан VII-VIII ғасырлар болжайды. Ә.Қоңыратбаев өзі зерттеулерінде XI ғасырды атайды. Қорқыт ата қазақ философиясының өкілі, ғұлама ойшыл, түркі дүниетанымының іргетасын қалаған кемеңгер тұлға. Қорқыт ата жайлы аңыздар өте көп. Ол жырау, күйші, қобызшы, бақсы, абыз ретінде суреттеледі. Бұл көптеген ғалым-зерттеушілер еңбегінде көрініс тапқан.

Қорқыт Ата кесенесі: **Қорқыт ата кешені.** Қорқыт ата мемориалдық кешені 1980 жылы құрылған. Ол қазіргі Қызылорда облысының Жосалы кентінің жанында орналасқан «Қорқыт» темір жол станциясының аумағында. Кешеннің салынуы ұлы ойшылдың туған жерімен байланысты. Сыр өлкесінде туған ойшылдың кешені бұртұтас композицияны құрайды. Кешені Б.А.Ибраев пен С.И.Исатаева жобалаған. Кешенде батыс пен шығыстың сәулет өнерінің бірегей үлгілері қолданылған. Алыстан көз тартып тұратын мемориал тоғыз жолдың торабында орналасқан.



Қорқыт ата мемориалдық кешені

Негізгі ұғымдар

- «қобыз»
- «мұра»
- «сәуегей»

Биіктігі сегіз метрге жететін тік келген төрт стелла ескерткішке көрік беріп тұрады. Ол темірбетонның тұрғызылған. Мұндағы әр стелла әлемнің төрт жағына қаратылғандығымен ерекшеленеді. Орнатылған құбаырлары жел соққанда қобыз сарыны іспеттес үн шығарады. Ескерткіштің ішіндегі арка «түйенің ізі» маңынасын береді. Себебі Қорқыт ата аңызында сиқырлы түйе бейнесі бар




Қорқыт ата күмбезі


ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Қорқыт Ата туралы аңыз-әңгімелерде түркілердің екі дүние хақындағы сенімдері көрсетіледі. Аңызда Қорқыт Атаның ұйықтап қалған сәтінде «Егер, ажалды жадына алмай жүрсең, мәңгілік ғұмыр кешесің» делінген аянды естігендігі сөз етіледі. Бірнеше жылдар өткеннен кейін қашып жүрген баспағын ұстай алмай, жете алмаған соң, ол: «Өлсем де, жетем!» - деп айтып қалады. Оның аузынан шыққан осы бір сөз Қорқыттың өмірін күрт өзгертеді. Оған Әзірейіл періште келіп: «Сен ажал жайлы есіңе алдың, мәңгілік жасау енді сен үшін емес!» - дейді. Қорқыт образы желмая мініп, ел-жұрты бақытты ғұмыр кешу үшін жерұйық іздеп, бар өмірін ажалмен күресуге жұмсаған адам бейнесінде көрсетіледі. Халықты өз жыр-күйлерімен тамсантаң Қорқыт ата өмірінің ақырында ынтымағы қашқан елінің бөліне бастағанына күйініп, мәңгі өмірді іздеу үшін шартарапты шарлап кетеді. Алайда, қай жаққа аялдаса да, кезіккен адамдардың бәрі көр қазып жатады. «Бұл кімге қазылған көр?» десе, «Қорқытқа арналған көр» деген бір жауапты ести береді. Ақырында жердің кіндігін тауып алсаң, өлмесің деген аян келген соң, туған топырағы – Сырдың бойына келеді. Мұнда ол мәңгілік өмір өнерде ғана болады екен деп, қобызды ойлап табады.

болған Қорқыт, таң ертемен өзінің желмаясына отырып, әуелі батыс жаққа (магруб) аттанады; ол жаққа барған соң, өзіне көр қазып жүрген адамды көреді. Қорқыт одан соң оңтүстік тарапқа (джунуб), одан соң шығыс тарапқа (машрик), одан соң – солтүстік тарапқа (шавал) барады, барлығында да өзіне көр қазып қойған адамды көреді. Үшіншіден, жердің төрт тарабында да көр қазып қойған адамды көреді. Үшіншіден, жердің төрт тарабында да көр қазып жүрген кісі біреу, ол – Әзірейіл. Төртіншіден, құтылудың жолын білмей, амалы қалмаған Қорқыт құдайдан қайда барғанда ажалдан құтылуға болатындығын сұрайды. Сонда көктен естілген дауыс: «Шыққан жеріңе қайтып орал, ақымақ! Сол жерде ғана мәңгі байыз табасың, сол бұрынғы өмір сүрген жерің – жердің кіндігі», - дейді. Қорқыттың төрт тарапқа жүру сапарының жастық (уақыттық)



тұрғыдан қарағанда да, қазылып жатқан көрдің тереңдігі тұрғысынан қарағанда да тең мөлшерлі болмауы: Қорқыт жердің бір бұрышына жас өспірім шағында, екіншісіне – ересек еркек жасында, үшіншісіне – жігіт ағасы (қарасақал) болған шағында, төртіншісіне – қартайған, ақсақалды шал болған шағында барады. Осы сапарларының әрқайсысында оның өзіне қазылып жатқан көрінің тереңдігі әр түрлі болып көрсетілген: біріншісінде – көрдің тереңдігі оны қазып жатқан жас өспірім жігіттің тізесінен, екіншісінде – қазып жатқан ересек еркектің белінен, үшіншісінде – қарасақал жігіт ағасының кеудесінен келіп қалыпты, ал төртінші тарапқа барғанда Қорқыт көр қазушыны бірден көрмейді, тек көр ішіне үңілгенде ғана, тереңдігі өз бойынан асып кеткен көрдің ішінде тұрған қартты көреді. Қорқыттың қозғалу әрекетінің төрт бұрыш немесе ашамай (крест) пішінді (батыс, оңтүстік, шығыс, солтүстік және кіндік) құрайтынын, осы пішіннің іс жүзінде шеңберге айналатындығын көруге болады.



Бұл кескінде де кіндік (центр) мен қоршаулы кемер (окружность) символикасы жұмыс істейді; яғни, кемер (шеңбер) өзінің кіндігінсіз өмір сүре алмайды, ал кіндік болса, кемердің бар-жоғына тәуелді болмай-ақ өмір сүре береді. Егер осы кескіндегі кемерге (окружность) «белгілі бір бағытқа қарай қозғалу бейнесін» берер болсақ, онда кескін көресіндік цикл (циклы проявления) сипатына ие болады. Кіндік нүктеден шыққан Қорқыттың әуелі батысқа, одан – оңтүстікке, одан – шығысқа,

одан – солтүстікке баруы, одан – кіндікке қайтып келуі – іс жүзінде сағат тіліне кері бағытта жүрген циклдік сипатты көрсетеді. Міне, бұл жағдайда, осындай айналмалы қозғалыстан тәуелді төрт негізгі сәті (түн ортасы, таң, тал түс, кеш), айдың төрт фазасы, жылдың төрт маусымы сияқты, т.б. келтірімдерді көруге болады. Бірақ Қорқыттың айналымындағы ең бастысы бұл емес. Біз оның айналымынан Үндістандық және Орталық Америкалық, сондай-ақ антикалық грек-рим дәстүріндегі «адамзаттың төрт ғасыры» деген келтірімнің қазақы, яғни, арғықазақтық (дей-түрктік) аналогын көріп отырмыз. Қорқыттың «төрт бағыттық сапарын» тұтас уақыттық айналым (цикл) деп қарастыра болсақ, осынау бір циклдің төрт кезеңге бөлінетіндігін, төрт кезеңнің әрқайсысынан уақыттық созылу мерзімінің төрт түрлі, бірақ тұтас мөлшерге қарағанда белгілі-бір заңдылықта орналасқан пропорциялық қатынаста тұрғандығын көрер едік. Егер тұтас циклді 10 санымен берер болсақ, бірінші кезең осы тұтастықтың 4/10-ы, екіншісі – 3/10-ы, үшіншісі – 2/10-ы, төртіншісі – 1/10-ы болып шығады. Бұл жердегі «көр» деп отырғанымыз кәдуілгі қабір емес, бар болғаны бір өлшемнен екінші өлшемге өтетін түс – тесік (есік) қана. Қорқыт бір айналым жасаған соң, осы тесік (көр) арқылы екінші өлшемге, екінші айналымға, одан соң үшіншіге, төртіншіге өтеді. Міне, осындай төрт айналымнан тұратын уақыттық тұтастық басқа дәстүрлерде сақталып отырған «адамзаттың төрт ғасыры» дегенге сәйкес келеді.

«Қорқыт бұрынырақта жер шетінде өмір сүріпті. Бір күні ол түсінде бірнеше адамның көр қазып жатқанын көріп: «Көрді кімге арнап қазып жатырсыздар?» деп сұрайды. Қазып жатқандар оған «Қорқыт әулиеге арнап қазып жатырмыз» деп жауап береді. Мұны естіген Қорқыт ажалдан қашып құтылмақ болып, дүниенің екінші шетіне көшіп кетеді. Сол жаққа барған соң да, осы түсті көреді. Қорқыт тағы да жолға шығады. Осылайша, ажалдан қашқан Қорқыт дүниенің төрт бұрышын аралап шығады, қай жерге бармасын, әлгі түсті көруін тоқтата алмайды. Ақыр соңында ол жердің кіндігіне орналаспақ болады. Жер кіндігі Сырдарияда. Бірақ, бұл жерде әлгі түс көру оқиғасы қайталанатын. Тағдыр жазымын айналып өтпек болған Қорқыт «жер бетінде ажалдан құтылу мүмкін болмаса, су бетінде құтылармын» деген оймен Сырдарияның бетіне көрпе төсеп, көрпенің үстіне отырып, 100 жыл бойына домбыра тартады, ақыры сол жерде отырып өмірден озады».



ЗЕРТТЕ!

«Су бетінде қалқыған кілем» деп неге айтылған?



«Қорқыт – бақылардың, емишiлердiң, сазгерлердiң пiрi» тақырыбында эссе жаз.



ШКІРІҢ ҚАЖЕТ

«Ұлы күйшіге өзі іздеген мәңгілік өмір оның өнерінде» деген пікірге келісесің бе?

Бүгінгі сабақта:

- Домалақ ана туралы мәлімет;
- Кесененің тарихымен танысады:

Негізгі ұғымдар

- «дихнат»
- «бағана»
- «ойық»

Домалақ Ана Кесенесі — Қаратаудың күнгеі бетінде, **Балабөген өзенінің** аңғарында. Халық арасында **Домалақ ана** атанған Нұрилла Әли Сыланқызының зиратына тұрғызылған.

Домалақ ана - есімі Нұрилла 1378-1456 жылдары өмір сүрген. **Түркістандағы** Яссы қыстағында туған. Мақтым Ағзымның жалғыз ұлы ержүрек батыр Ақсақ Темірдің қарамағында әскер басқарған Әли Сланның қызы. Шешесінің есімі Нұрбике - Уәйіс ханның апасы еді. Домалақ ананың әкесі Әли Слан 1388 жылы Ақсақ Темір әскерінің құрамында

Алтын Ордаға аттанарда әйелі Нұрбике мен Нұриланы (Домала ана), Түркістандағы әкесі **Мақтым Ағзам** қожаның үйінде қалдырады. Бірде Түркістан



Нұрилла ана

маңындағы Қарашық өзенінде суға түсіп жатқанда Нұрбикені жылан шағып өлтіреді. Әкесі әскерден келмеген, анасынан тірідей айырылған Нұрилла бабасы Мақтым Ағзамның тәрбиесінде өседі. Мақтым Ағзам Қожа Ахмет **Яссауидің** қызы – Гауһар бибінің ұрпағы еді. Нұрилла - араб сөзі, қазақша «Алланың нұры» деген ұғым береді. Парсы тілінен аударғанда «Дихнат мама», яғни Әулие ана мағынасын білдіреді. Кейіннен Дихнат деген сөз Домалақ деп ауыстырылған.

Нұрилла (Домалақ ана) - Бәйдібек бабамыздың үшінші әйелі. Тарихи жазбаларда Домалақ ананың адамгершілігі, әдептілігі, парасаттылығы мен шыншылдығы және аналық

қасиетінің арқасында «Домалақ ана» аталуы жайлы көптеген деректер жазылған. Нұрилла ана 1456 жылы мамырдың 28 жұлдызында қайтыс болған, сол жылы Домалақ ананың немересі Дулат Бұхарадан Абдулла Шері есімді шеберді алдыртып, ана басына төрт қанатты күмбезделген кесене-там тұрғызады. XI - XV ғасырлар аралығында Домалақ ана кесенесі бірнеше рет қайта жөндеуден өткен. Домалақ ана кесенесі жерден 12 м биіктікте сегіз жапырақты етіп өріліп, негізгі бөлігінің үстіне күмбез орнатылған. Аңыз бойынша, Домалақ ана кесенесінде екі қасиетті тас бар, осы екі тастың арасынан тек жаны таза адам өте алады. XX ғасырда салынған кесене 6 бағаналы болған. «Домалақ ана қос Бөгеннің сағасындағы бір жазыққа жерленген. Әулие ананың қасиетін қастерлеген ұрпақ бұл жерге мазар тұрғызған» [8.35]

1906-1908 жылдары Ресейден қоныс аударып келген орыстардың тобыры күмбез-ескерткіштерді бұзып талқандап жібереді. 1908 жылдың жазында ақын Орынбай Тайманов (1867-1949) жаңа ескерткіш күмбез салдырады. 1942-1943 жылдары Шошқабұлақтың тұрғын орыстары, кәрістері тағы да бұзып тастайды. 1957 жылы тағы да жаңа күмбез салынады, бірақ ол көп сақталмаған. 1966 жылы Маңғыстаудан алып келінген ақ тастармен қайта қаланды. 1998 жылы Домалақ ана кесенесі жаңартылып, 2000 жылы айналасын көркейту-көгалдандыру жұмыстары аяқталды. Кесененің құрылысын жүргізуші және жобасын жасаушы сәулетшісі - Саин Назарбеков. Домалақ ана мұражайында түрлі көне



Домалақ ана кесенесі

қолжазбалар, қолдан жасалған көптеген заттар сақталған. Домалақ ана кесенесі - көпшілік тәу етер қасиетті орын.



ЗЕРТТЕ!

Неге «Домалақ ана» деп аталған?

Халық арасында әулие болып танылған Домалақ ана туралы қандай аңыздар бар?



Бүгінгі сабақта:

- Сырлытам кесенесі туралы түсінік;
- Сырлытам кесенесі салыну стильімен танысады:

Сырлытам кесенесі. XII-XIII ғасырлары салынған кесене. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Көмекбаев ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 106,5 шақырымда орналасқан. Сырлытам күмбезі бетшелі-күмбезді, бір камералы құрылысқа жатады, өлшемдері 12x10,5 м, жарықтың бұрыштарына бағытталған. Ескерткіштің жалпы биіктігі күмбезбен бірге 13 м құрайды. Салмақ түсетін қабырғаларының қалыңдығы әр түрлі болып келеді – солтүстігіндегі 2 м, батыс және шығысындағы 1,5 м, оңтүстігіндегі 1м. Кесененің оңтүстік және солтүстік жағында терең қуыстары бар екі есігі бар. Кіреберістер жалпақ жарма есіктермен (1,5 м) жабылған. Биіктігі 7,5 м бетшенің оңтүстік секторға бағытталған призмалы корпусқа жазылған, пішіні 3,5x2,2м терең қуысы бар, айқыншыты қабырғада кірме ойығы бар сүйір аркасымен жабылған



Сырлытам кесенесі

порталды терең қуысы бар. Төрт бұрышты сыртқы периметрі бойынша ауданы 10,5x10,5. Күмбез шатырлы, кесене күйген кірпіштен тұрғызылған. Күмбезі екі қабат. Ішкі беті жартылай спиральді етіліп, оның іші өрнектелген. Сыртқы күмбез негізінен ішкі күмбезге бекітілген. Кесененің

оңтүстік және терістік жағынан жасалған екі есігі бар. Негізгі оңтүстігіндегі есік босағасының маңдайшасы шығыс елінің дәстүрімен доғала қаланған. Доғалы маңдайша, әдетте, араб архитектурасына тән. Тіремесі бар маңдайшаға қарағанда мұндай тәсіл сәулет өнері үшін шын мәнінде прогресс болып есептеледі. Тек қана, мұндағы бір кемшілік, қалау барысындағы барлық салмақ маңдай шаға ғана түседі. Алайда, бұл ақау тастан қашалған қалауларда кездеспейді. Керісінше қашалған тастан қаланған маңдайшалар оңай байласып, ұялы күмбездің берік те кең болып бітуіне мүмкіндік береді. Шығысқа ислам дінінің келуіне байланысты сәулет өнері жаңа бетбұрыс жасады.

Құрылысқа геометриялық өрнектер – қошқар мүйіз, түрлі өсімдіктер бейнелері, кеспе-қима өрнектер, түрлі-түсті малта тастардан қаланған әшекейлер, түрлі плиталармен көмкеру ене бастады. Сөйтіп, құрылысшылардың түрлі түске және көлеңке бояуларға ден қоюы, жауын-шашынға мұқалмайтын шыны бояудың тууына себепкер болды. Сырлытам кесенесі салыну барысында осы стильді ұстанған. Құрылыс күмбезінен ара қашықтығы бірдей етіліп шағын терезелер шығарылған. Оның да маңдайшасы жартылай шеңбер етіп ойылған. Бұл стиль кейінгі ұрпаққа әсерін тигізбей қойған жоқ. Көрші қыстаулардан

Негізгі ұғымдар

- «сырлытам»
- «шатыр»
- «қошқар мүйіз»



қабырғадан есік, терезе шығаруда Сырлытамға еліктеу байқалады. Ал бейіттерді күмбездеп салу әдісі көптеп кездеседі. «Сырлытам кесенесі порталды-құрылысқа жатады» [15.55]



Сырлытам кесенесі жайында не білесің?

ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Тарихқа сүйенсек, Хазар (Арал) теңізінің жағалауын Қанлы, Кердері, Дай ұрпақтары, кейінірек түркімендер мен қарақалпақтар мекендеген. Баршын қыздың атымен аталған Баршындария Жетікөлден басталған көрінеді. Қазіргі Сырлытам ескерткіші осы Баршын қыздың құрметіне салынған. Сырлытам аталып кеткен Баршын қыз мазарының тарихы сонау XIII ғасырдан басталады. Сырлытам ағашсыз салынған. Мазардың іші мен сыртындағы бейнелер мен белгілер бұл бейіттің қызға арналған ескерткіш екенін дәлелдей түседі. Күмбез жанында төрт құлақты бейіт бар. Сырлытам мазарының ішінде сегіз қабыр бар. «Бәмсінің 7 қарындасы болған, сегізінші- әйелі Баршын (Бәну-шешек) болуға тиіс»-деген мәліметтер де бар.

Хызыр (Қызыр) мұнарасы

Хызыр мұнарасы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам қаласында орналасқан. Сайрам қалашығы Оңтүстік Қазақстанда орналасқан ежелгі елдімекеннің бірі болып табылады.


Сайрамсу өзенінің бойында, Шымкент қаласынан 10 шақырым қашықтықта орналасқан. Ерте орта ғасыр заманында (IX – XII ғасырлар) Сайрам қаласының орнында – Испиджаб қаласы болған. Испиджабтың алғаш аталуы, 629 жылы қытай авторы Сюань-Цзяннің географиялық еңбегінде кездеседі. Ал «Сайрам» атауының алғаш аталуы, жалғыз тұратын қытай сопысы Чан-Чуннің 1221 жылы Шыңғысханның ордасына қарай жол салған саяхатының сипаттамасында кездеседі. Испиджаб-Сайрам қаласы, Шаштан (Ташкент) Шымкентке апаратын керуен жолы үстінде

орналасқан сауда-кәсіби орталық болған еді және сол өңірге жақын жазық дала аймақтарына ислам дінінің тарату орталығы болған. Араб шапқыншылығының басына қарай (VII – XIII ғасырлар). Сайрам қаласы екі бөліктен құралған – ішкі қала және шахристан. Бірақ, X ғасырдың өзінде-ақ ішкі қала қирап, оның нақты орналасуы анықталмаған. Ал, шахристанға келсек, ол XV – XIX ғасырлар арасы ауылдың орталық бөлігінде, Сайрамсу өзенінің оң жағалауында, табиғи түрде қалыптасқан төбенің үстінде орналасқан. Оның аумағы 20 гектарға жуық болған. Шахристан айналасындағы жерден 5 – 10 метр биікте болған және оны шарбақ пен балшықтан соғылған дуалдар қоршаған. Олардың ені 8 – 10 метрге шейін болған. Дуалдар төрт жаққа қаратылған және төрт қақпасы болған. Қақпаларға жақын, мал суару үшін көлемі үлкен хауыздар жасалған, өйткені соғыс кезінде малдар да қамалдың ішіне алынатын болған.

Хызыр мұнарасы – Сайрам ауданындағы тарихымызды тәпсірлейтін, ислам мәдениетінен сыр шертетін тарихи-мәдени кешеннің бірі. Өткен ғасырдың 20-шы жылдарынан кейін тек жер асты бөлмесі мен жартылай қираған мұнарасы қалған. Діни қажылық орталық қызметінен бөлек, тарихымен туристерді қызықтырып отырған мұнара бүгінде қараусыз қалған

Негізгі ұғымдар

- «хызыр»
- «дуал»
- «хауыз»



Хызыр мұнарасы



ЗЕРТТЕ!

«Сайрам-сансыз баптар мекені»

ЕСІҢЕ ТҮСІР!

Сайрам қаласы қалай аталды?



III бөлім. VI-IX ғасырлардағы шаруашылық, діни бағыттағы ескерткіштер

№10

Дың ескерткіші

Бүгінгі сабақта:

- Дың ескерткіші салынған кезеңдері;
- Дың ескерткішінің сардобадан ерекшелігі;

Дың— қола дәуірінің сәулет өнеріне тән, өңделмеген тақтатастан қаланған, шеңберлі құрылыстар атауы. Тастарды әріп қалау үшін балшық пайдаланған. Есік ойығы, әдетте, шығысқа бағытталып, маңдайшадан жоғары бүрмелеп қаланған. Дыңның жақсы сақталып, бүгінгі күнге жеткен бір үлгісі - Қостанай облысы Амангелді ауданы Екідың ауылы маңында орналасқан Екідың ғимараттары.

VI–IX ғасырлар арасында Қазақстанда дами бастаған архитектуралық құрылыстың бір сипаты діни сенімге байланысты. Ислам дініне дейінгі қазақ жерінде сәулет құрылысының бір түрі—құрылыс жүйесі киіз үйге ұқсас Дың ескерткіштері. Оның қабырғасы берік тастан

қаланады. Ғимараттың бұл түрі VIII ғасырдағы Қимақ хандығы мен Қарлұқ қағанаты кезінде басым болған. Құрылыстың бұл түрінің көп сақталған жерлері: Орталық

Қазақстан, Жетісу, Тарбағатай, Маңғыстау. Дың қаза болған адамды жерленген жерге тұрғызылады. Ол жерлерге қазба жұмысы жүргізілгенде, мәйіт жанына қойылған мал сүйектері және о дүниеде қажет болады деп бірге көмілген құрал—сайман, қару—жарақтар табылған.



Орталық Қазақстанның исламға дейінгі (ж.с.д. VIII-X ғғ.) архитектуралық ескерткіштері ортаазиялық архитектуралық ескерткіштерден құрылысы бойынша ерекшеленеді. Сыртқы формасы киіз үй пішініне (жоғарғы бөлігі конус тәріздес) келеді. Осындай ескерткіштердің қатарына Қос үйтас, Қара дың сияқты ғұрыптық ескерткіштер жатады. Қос үйтас Ұлытау ауданы Егінді елдімекенінің оңтүстігінде орналасқан. Көлемі жағынан дыңнан кішкентай дөңгелек пішінді тас құрылыс. Аралары бір-біріне жақын екі құрылыс жанынан қарағанда киіз үйге ұқсас. Жергілікті тұрғындар арасында «Қос там» деген атаумен белгілі. Біреуінің сақталуы өте нашар, екіншісі бұзылмаған күйінде тұр. Олардың батыс жағында беті күншығысқа қаратылған екі әйел адамның бейнесі салынған тас мүсін орнатылған. Бір тас мүсінде басына қыз ұзатуда киетін бас киім — сәукеле бейнеленген. Қара дың ескерткіші Торғай өзенінің бір саласы Қаражыланшық өзенінің бойында орналасқан. Дөңгелек киіз үй пішіндес құрылыс ірі жұқа тастардан қаланған. Биіктігі 5 м, диаметрі 8 м болатын ескерткіштің жоғарғы бөлігінің солтүстік және оңтүстік жақтарында ойық жасап шығарылған. Қара дың өзінің құрылысы бойынша, Аягөз өзені бойындағы көпшілікке белгілі Қозы Көрпеш — Баян сұлу ескерткіші мен Жетісудағы Діңгек мұнарасына ұқсас.

Негізгі ұғымдар

- «дың»
- «қазба»
- «маңдайша»

«Дың» және «діңгек» сөздерінің мағынасы жақын, Рубруктың мәліметі бойынша, мұнара немесе биік конус тәрізді архитектуралық құрылыс дегенді білдіреді. Ол «олар (қыпшақтар) бай адамдар үшін пирамида, яғни жоғарғы жағы сүйірленген үйлер салады және кейбір аудандардан тасы жоқ жерлер болса да тастан салынған үлкен мұнаралар көрдім» деп жазады.



Ескерткіштер ислам діні тарамай тұрған кезде (ж.с.д. VI-X ғғ.) тұрғызылған. Сыртқы құрылысы жағынан ислам дінінде таралған сәулет өнеріне ұқсамайды. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халықтың үйлеріне (киіз үй) ұқсас салынған. Тағы бір ерекшелігі, ата-баба аруағын пір тұтқандықтан, осындай мәңгілік құрылыстың қасына өлген адамның бет-бейнесін ойып жасап қою дәстүрі болған. Мұндай ғұрыптық кешендер жазықтау алаңқайда орналасады. Себебі, ата-баба аруағына ас

беру мақсатында ыңғайлы жерлер таңдалған. Қайтыс болған адамның басындағы ескерткішті тірі кезіндегі үйіне ұқсатып қою көшпелі елдің дәстүрі болған. Ортағасырларда ата-баба аруағын пір тұту, сиыну рәсімдері (ас беру) өткізілетін «қасиетті» орындардың бірі ретінде Қос ұйтас, Қара дың ескерткіштері де сол заманда рухани, діни орталықтың бірі болған. «Сәулет өнерінің мәңгілік туындылары ғұн заманында дүниеге келген. Олардың ішіндегі ең айшықтылары «дың» аталатын құрылыстар деп жазады Ә.Х.Марғұлан» [16.253]



- *Дың ескерткіші неліктен киіз үйге ұқсас тұрғызылған?*
- *Дың ескерткішінің сардобадан айырмашылығы неде?*
- *Дың ескерткіштері қай мемлекеттер тұсында басым болды?*

Пікірің қажет!

Көшпелі ақсүйектер бейітіне мазарлар салу ислам дінінің таралуына байланысты ма?



Бүгінгі сабақта:

- Сардоба құрылысы туралы түсінік;
- «сардоба» сөзінің маңынасымен танысады:



Мырзабат Сардобасы – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. **Гүлстан** қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 30 шақырым жерде, **Мырзашөл** даласында орналасқан (Өзбекстан). Ғимарат табанының диаметрі шамамен 12 м, жалпы биіктігі 8 м. Байырғы керуен жолдары бойында орналасқан күмбезді **құдық**. Мырзабат Сардобасы шөл далада су сақтау, ыстық күнде құдықтағы судың жылымауы үшін тұрғызылған. Сырт пішіні киіз үйге ұқсас. Ғимарат күйдірілген қызыл кірпіштен тұрғызылған. Бүйірінде күмбезді кіріп-шығуы және іші бір қалыпты салқын болып тұруы үшін бірнеше ойықтар жасалған. Ойықтардың маңдайшалары доғаланып өрілген. Құдық қабырғасы берік шегенделген.

Негізгі ұғымдар

- «сардоба»
- «керуен»
- «құдық»

Мырзашөлде Мырзабат Сардобасы секілді басқа да күмбезді құдықтар бар. Бұл ғимараттар сол дәуірде және кейінгі кезде де көшпелі халықтарға, жолаушылар мен керуендерге ауыз су және бағыт-бағдар, демалыс орны қызметін атқарған.

Парсы тілінде «сардоба»-құдық үстіне салынған құрылыс дегенді білдіреді.



Мырзабат Сардобасы неше күмбезді?

Сардоба не үшін қажет болды?

Бүгінгі сабақта:

-Якка сардобанының ерекшеліктері;

Негізгі ұғымдар

«құдық»

«күмбез»

Якка сардобасы. Керуен жолдары мен мал көшпелілерінің бойында құдықтар үстіндегі саяхатшылар мен малшыларға арналып салынған күмбезді жартылай жер асты құрылыстары жақсы сақталған. Мұндай құрылым парсы тілінде "сардоба" деп аталады, бұл құдықтың үстіндегі құрылымды білдіреді. Сардоба-жабық күмбездің астына орнатылған су ыдысы. Суға жету үшін баспалдақтың түсуі ұйымдастырылды. Мұндай су қоймалары көбінесе рабаттар, керуен-сарайлар және тіпті қалалардың өзінде орналасқан.

Резервуар көбінесе жаңбыр немесе еріген сулармен толтырылды, бірақ суды өзендер мен басқа да су көздерінен алуға болады. Ол үшін арықтар немесе жерасты каналдары (кяризалар) орнатылды. Ең танымал, мысалы, осындай сардоба күмбездері бір-біріне жалғасқан ғимарат құдықтардың үстіндегі күмбезді жартылай жер асты құрылыс Якка сардобасы. Мырзарабат сардобасы мен Якка сардобасы Мырзашөл керуен жолы бойына салынған. Бұл ғимараттар азаматтық ғимараттар қатарына жатады.



Сардобалар көбінесе рельефі төмен жерлерде – жаңбыр мен еріген суды жинау үшін орналасқан. Осы мақсатта күмбездің түбіне арнайы су қабылдайтын тесіктер орнатылды. Кейбір су қоймалары саяхатшылардың демалуына арналған дөңгелек алаңмен немесе тіпті тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Қарауылбазардағы сардоба жарқын мысал бола алады. Су жерге түспеуі үшін арнайы ерітінді қолданылды – ішкі бетін сылау кезінде қыр. Күмбездің өзі сатылы немесе тегіс болуы мүмкін, құм мен бөгде заттардың суға түсуінен қорғайды. Қазақ даласында ала тұрғындары белсенді пайдаланған қалалық сардобалар да кездеседі.

КЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Мырзашөл атауы былай шыққан: " Ертеде Мырзашөлдің үстінен керуен жолы өткен екен. Бір күні осы керуен жолынан өтіп бара жатқан адамдар ыстыққа шыдай алмай қатты шөлдеген екен. Сол кезде осы Мырзашөлде қарбыздар өсіп тұр екен. Адамдар оны көріп қуанып рахаттана жеп алыпты. Осыдан адамдар риза болып, бұл бізді шөлден аман сақтап қалды деп Мырзашөл деп атап кетіпті. Қазақстанда керуен жолдарының бойында және көші-қон бағыттарында жолаушылар малшылардың су тапшылығын көрмеуі үшін қазылған құдықтардың үстіне салынған күмбезді ескерткіштер сақталған. Мұндай құрылысты парсыша "сардоба" деп атайды. Ол құдық үстіне салынған құрылыс дегенді білдіреді. VI-IX ғасырларда салынған екі сардоба белгілі: Мырзабат сардобасы, Якка сардобасы. Екеуі де Мырзашөл керуен бойында салынған.



Якка сардобасы мен Мырзабат сардобасының ерекшелігі неде?

Бүгінгі сабақта:

- Балбал тастар құпиясымен танысады;

Негізгі ұғымдар

- «балбал»
- «керуен»
- «бекзада»

Балбал — ежелгі түрік дәуірінде жиі кездесетін тастан қашап жасалған адам бейнесіндегі ескерткіш. Қазақ даласының барлық аймақтарында кездеседі. Түркологтардың пікірінше, «тасты тіп-тік етіп қадап орнатқан белгілер» деген мағынаны білдіреді. Балбалдың этномәдени жөн-жосығы ежелгі түрік дәуірінде (VI-IX ғғ.) айрықша болды. Балбал - **өліктің** аруағына арналған ғұрыптық кешендердің ең **семантикалық** мәнді компоненттерінің бірі. Ежелгі түркі **ғұрыптық** кешенінің құрамы арнайы барық-кесенеден, қорғаннан, сандықтастан, мәтін жазылған бітіктастан және оның тұғыртасынан (немесе тасбақасы), сондай-ақ бәдіздер - Балбалдардан тұрды (саны 10-600 данадан астамға дейін барады). Ежелгі түркі ғұрыптық кешендерінің көпшілігі қаған, тегін, **тархан**, чүр, түдүн сынды **билік иелерінің** және атақты **бекзадаларының** құрметіне арналып жасалды. **Қарапайым халықтарға** арналғандарыда бар. Осы кешендерде аза тұту, ас беру немесе аруаққа бағышталған «жоқтау» сияқты этностың тіршілік циклының аса маңызды ғұрыптық жосындары атқарылған. Өліктің аруағына тағзым ету үшін яғни аруағын жөнелтуге және ас беруге қатысқандар өздерінің ел-жерінен әкелген ұзын тастарды сол өлікке арналған арнайы ғұрыптық кешеннің күншығыс бағытына қарай арасын шамамен біркелкі қашықтықта тізбектеп тігінен орнатқан. Аталмыш ғұрыптық кешенді салуға қатысқандардың әрқайсысы өз ру-тайпасының таңбаларын немесе көне түркі бітік жазуымен өз атын, лауазымдық атақтарын жазды. Бұл ежелгі түркілердегі - жоқтау рәсімінің маңызды элементтерінің бірі болған болуы керек. Бәлкім осындай белгі қою арқылы осы рәсімге қатысушылар өздерінің өліктің аруағын құрметтегендігін және оны Тәңірі әлеміне шығарып салғандығын білдіргені депте айтуға болады. Балбал сөзінің «тас тізбек, қадаған тас» деген мағынасы қазіргі қазақ тілінде «адам бейнелі тас мүсін» деген ұғымға ауысып кеткен. Сол себептен бәдізді де (тасмүсінді), тік орнатылған тастарды да балбал немесе **сынтас** деп атаған. X ғ.-дан бастап қазақ даласына ислам дінінің кеңінен таралуына байланысты балбал тастар қашау ісі өз мәнін жоя бастады. Себебі **ислам діні** адам бейнесін және жануар бейнесін қашауға тыйым салған. Ғалымдардың пайымдауынша, адам бейнесінде қашалған соңғы балбал тастар XII ғ.-ға жатады. Кейін балбал тастарды сағана тастар ауыстырған. Қазақы ортада сынтасты бұрынғыдан қалған ескінің көзі ретінде бағалады. Балбал **тас** мүсін емес, дұрысында оның жанына тізбектеле қойылатын, сәл ғана өңделген, көбіне өңделмеген кішірек **тас** бағаналар. Бұларды тұрғызу — өлген адамға **құрмет** көрсетіп, ескерткіш



қоюдың бір түрі. Мысалы: атақты ойшыл әрі шешен Иоллық тегін әкесі Білге қағанға ескерткіш орнатқанда былай деп жазған: Білге қағанға арнаған Балбалдар тізбегі (Моңғолияда) 3 км, шамамен 750 тас. Балбалдарды Ә. Марғұлан, Л.Р. Қызласов, С.Г. Кляшторный, В.Д. Кубарев, т.б. Қазақстан, Тува, А.Д. Грач,

Моңғолия жерлерінен тауып зерттеген. Әдетте, ол түркі дәуірінің (6-9 ғасыр) ғұрыптық тас қоршауларымен бірге орнатылады. Қоршаудың сыртындағы шығыс іргеге өлген адамның бейнесін беретін тас мүсін қойылса, одан әрі шығысқа қарай ондаған, кейде жүздеген Балбалдар тізбегі орнатылады. Зерттеулерге қарағанда, Балбалдар қаза болған батырдың өз бейнесін көрсетпейді. Мұндай тас бағаналар қаза болған ардақты батырмен қоштасу рәсімін, оған ас беру салтанатына елдердің таксономиялық орналасу жүйесі бойынша арнайы келіп қатысқан және бір-бірден Балбал тас әкеліп қойған түрлі рулық топтар мен жекелеген адамдардың құрметін көрсететін семантикалық өрісі кең символдар болып табылады. Ә. Марғұланның деректері бойынша, ертеректе Қарқаралы, Баянауыл жерлерінде жалпы саны 300—350-ден астам бағаналардан тұратын Балбал тізбектері кездескен. «Бұл тас мүсіндер пішінделген кісінің жас мөлшеріне орай қыз тас, келіншек тас, кемпір тас деп атала береді» [7.124]. Бұндай аса үлкен тізбектер өлген адамның қадір-қасиетінің, беделінің тым зор болғанын білдіреді, көбіне Балбалдар тізбегі мұнан әлдеқайда аз болады.

ЕСІҢЕ ТҮСІР!

*Атақты ойшыл, әрі шешен
Иоллық тегін кімге балбық
тіккі?*

Пікірің қажет!

*«Байырғы түркілер өлтірген адамының санына қарай балбал тас
тұрғызады» деген пікірмен келісесің бе?*



Балбал тас- қандай тас?

*«Балбал тастың бағасы»
тақырыбында эссе жаз.*



Бүгінгі сабақта:

- Ұлы Жібек жолы арқылы таралған будда діні туралы түсінік;
- Будда ғибадатханасының ерекшелігі;

Будда ғибадатханасы. «Ұлы жібек жолы», тек сауда ғана емес сонымен қатар дипломатиялық қарым-қатынастар, шаруашылықтағы және мәдениеттегі озық жетістіктерді алмасу жолы да болды. Ғалымдардың айтуынша Үндістанда шыққан будда діні, Қытай мен Орталық және Қиыр Шығысқа Орта Азия арқылы Жібек жолымен тараған. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде Суяб қаласынан буддалық ғибадатханалар табылса, Қойлық қаласынан христиандық (неосториандық бағыттағы) шіркеу табылды, ал Тараз қаласының көне



жұртынан неостариандық, манихейлік, буддалық, мұсылмандық ғибадатханалар табылған. Табылған ғибадатханалардың барлығы бір уақытта қатар өмір сүргендігі байқалады. Осыған байланысты, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан аймағы Жібек жолының арқасында түрлі діни наным-сенімдер мен мәдениеттердің түйісіп тараған ортасы болды деп айтуға болады. Сондықтан қалаларда түрлі архитектуралық-құрылыс үлгісіндегі ғимараттар бой көтерді. Археологиялық ескерткіштердің

барлығы қала халықтарының әртүрлі дінде болса да, ортақ мәдениеттерінің болғанын көрсетеді.

Қазақстандағы будда діні. Қағанаттар дәуірінен көне түркілердің Тәңір дінін ұстанып келгені белгілі. Сонымен қатар Ұлы Жібек жолы арқылы түркілер даласына жаңа дәуірдің бас кезінде өзге мәдениет үлгілері де, соның ішінде будда діні де ішінара тарала бастады. Әсіресе II-III ғасырларда соғды, парфия және қаңлы дін уағызшылары белсенді әрекеттер жасады. Бірақ, будда дінінің VI ғасырға дейін қоғамға елеулі ықпалы болды деп айта алмаймыз. Тек VII ғасырдың алғашқы жартысында ғана батыс түркілердің кейбір ел басшылары будда дінін қабылдап, оның орнығуына ынта білдірді. Мәселен, VI ғасырға жататын соғды тіліндегі Бугут жазбаларында Таспар қағанның өз сарайына соғдылық буддашыларды алдырып, арнайы храм салдыртып, буддашылар қауымын құрып, осы ілімді мемлекеттік дінге айналдыруға жасаған ұмтылыстары туралы деректер жеткізіледі. Бұдан қағандардың будда діні негізінде әлеуметтік-этникалық құрылымы әртүрлі қағанаттың басын бірік-тіретін ортақ идеология жасауға ұмтылысы байқалады. Бірақ, 551 жылы басталған саяси дағдарыс және осыдан кейін қағанаттың ыдырауы бұл процесті тоқтатып тастады. Дегенмен будда діні қағандықтың шығыс бөлігінде, Енисей қырғыздары мен қимақтар арасында біраз уақытқа дейін сақталып келді. Ұлы Жібек жолы бойындағы бірқатар қалаларда будда ескерткіштерінің сілемдері сақталған. Мәселен, қазба жұмыстары

Негізгі ұғымдар

- «будда»
- «ғибадатхана»
- «Жібек жолы»

барысында Шу аңғарынан, Сайрам маңынан буддизм мәдениетіне тән әшекей бұйымдары, иконография, т.б. табылды. Түрік халықтарының ішінде ұйғырлар ғана будда дінін толық мойындап, мемлекеттік дін ретінде орнықтырды. Олар Үндістанда, Тибетте, Шығыс Түркістанда жазылған будда мәтіндерін өз тілдеріне аударып, мол мұра жинады. VIII ғасырдан түркілер біртіндеп ислам дінін қабылдай бастады. X ғ. ислам Қарахан қағандығының ресми діні болып жарияланған соң будда діні өз әсерін жоғалта бастады. Буддизмнің Қазақстанға келуінің жаңа толқыны XVI-XVIII ғғ. жоңғар шапқыншылықтарымен байланысты болды. Сол кезеңдегі будда ғибадатханаларының Жетісу, Балқаш және Орталық Қазақстан далаларында сақталған қалдықтары табылған. XIX ғ. бас кезінде Медеу шатқалында будда ғибадатханасы тұрғызылғаны белгілі

КЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Талғалы-тас және Текелі мекендерінде буддизм діндерінің іздері буддалық мүсіндер табылған. Алматы маңындағы Тамғалы-Тас қабырғаларындағы будда бейнелері мен діни тексттер әлі күнге дейін сақталған. Тарихшылар осы жазбалардың нақты уақытына қатысты келісімге келе алмай отыр. Бұл кезді олар XII ғ. дан XVII-XVIII ғғ. деп көрсетуде.



ЕСІҢЕ ТҮСІР!

Қазақстандағы ежелгі қандай қалалардан будда ғибадатханалары табылды?

Талқыла!

Қазақстанда Ұлы Жібек жолымен тараған діндер қоғамды қандай өзгерістерге жеткізді?

IV бөлім. X-XIV ғасырлардағы тарихи ескерткіштер

№15

Боран мұнарасы

Бүгінгі сабақта:

-Мұнара құрылысы туралы түсінік;

Негізгі ұғымдар

- «боран»
- «медресе»



Боран мұнарасы

Боран мұнарасы — орта ғасырларда салынған мұнара.

Шу өңірінің оңтүстік-шығысындағы Қырғыз Алатауының беткейіне 10 — 12 ғасырларда азан шақыру үшін (кейбір деректерде керуен жолының бойындағы белгі ретінде) салынған. Биіктігі 40 — 50 м. Борана туралы Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашиди” атты еңбегінде айтылған. Шығыстанушылар Н.Ф. Петровский,

В.В. Бартольд өз еңбектерінде мұнара сол жердегі ортағасырлық Борана қаласымен байланысты екендігін жазған. Ол Жетісу аймағындағы түркілердің ислам дініне өткен кезеңінде салынып, жақсы сақталған. 1970 ж қайта қалпына келтірілген. Мұнара күйдірілген кірпіштен қаланып, бірнеше бөліктерге бөлінген, өн-бойы өрнектермен безендірілген. Іргесінен бастап жоғары қарай тарылта әрі шырша тәрізді етіп өрілген. Бұл тәсіл — архитектуралық шеберліктің айғағы. Орта ғасырдан бастап жанына мешіт, медресе салынып, Жамал Қарши (13 ғ.) жазғандай, олар бірыңғай архитектуралық жарасымдылық тапқан



ЗЕРТТЕ!

Боран мұнарасы туралы қандай мәліметтер бар?

№16

Бабаджа-қатын кесенесі


Бүгінгі сабақта:

- Бабаджа-қатын кесенесімен танысады;

Негізгі ұғымдар

- «төсеніш»
- «трома»
- «барабан»

Бабажы-қатын кесенесі – Қазақстандағы 10—11 ғасырлардан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Тараз қаласынан 18 км қашықтықтағы Айша бибі кесенесінің маңында орналасқан. Текше тәрізді тік бұрышты, қызыл кірпіштен тұрғызылған ескерткіштің ауданы 6,8х6,8 м, биіктігі 5 м-ден астам; қабырғаларына қаланған кірпіштерінің көлемі 24х24х5 см. Қасбеті мен 2 қапталы бір-біріне ұқсас, мәнерлеп қаланған кірпіштен күн тәрізді өрнектер жасалған. Жоғары жағы аркалы, ішке кірер есік шығыс жақ қабырғасында. Қабырғалардан сегізқырлы барабанға ауысатын тромпбелдеу жасалған. Оның үстінен ішкі еңсенің 16 қырлы күмбезі басталады. Ал сыртқы күмбезі биіктігі 86 см қырлы призманың үстіне орнатылған. Мұндай қобылы күмбездер Қазақстандағы



Бабажы-қатын кесенесі

Көккесене, Жұбанана сияқты көне ескерткіштерден кездеседі. Бір-біріне қаптай салған қос күмбез ескерткіштің ұзақ сақталуына себепші болған. Күмбез тұғыры аршамен құрсауланып, тақталардан суағарлар жасалуы сол кездегі құрылыс өнерінің өте жоғары дәрежеде болғанын көрсетеді.

Бабаджа-Хатун кесенесінің тұрғызылуы туралы аңыз Айша Бибі кесесінің салынуы туралы аңызбен тікелей байланысты. Аталған аңыздың түрлі нұсқалары бар. Кең таралған аңызға сәйкес - Айша Бибі XI ғасырдың танымал ғалымы мен ақыны Хәкім Сүлеймен Бақырғанидің қызы болған. Ол өмірден озғанынан кейін Айша Айқожы шейхтің тәрбиесінде болды. Бірде Тараз әміршісі Қарахан Мұхаммед (Тараз қаласындағы кесене оның құрметіне тұрғызылған) қыз балаға үйленгісі келді, алайда Айшаның тәрбиешісі бұған келісім берген жоқ. Содан кейін қыз бала алдап-арбаумен Тараз қаласына қоныс аудартылды. Өкінішке орай, әмірші онымен жүздесу мүмкіндігінен мәңгі айырылды, өйткені қыз бала бас киімде жасырынған жыланның шағуынан Аса өзенінің жағалауында қаза тапты. Қыз баланың өмірден озуына байланысты қайғыға салынған Қарахан дәл сол жерде ерекше сәулетті кесене тұрғызды. Айша Бибінің күтушісі кесененің сақтаушысы болды және қайтыс болғанынан кейін Айша Бибіден 20 қадам жерде Бабаджа-Хатун кесенесінде жерленді.

Кесене сәулеттік композицияның қарапайымдылығымен, монументтілігімен және пішіндердің аса әсемдігімен ерекшеленеді. Көлемді композицияның тұрақтылығы мен тақтатастан жасалған төсеніші бар тас іргетастан тұрғызылуының арқасында кесене осы уақытқа дейін сақталған. Оның шаршы тұрпаттас ғимараты он алты қырлы жұмыр қабырғада орналасқан қырлы күмбезбен көмкерілген; қасбет қабырғаларының беті жерге жетпейтін қуыстармен, әшекейлеп қаланған бойтұмарлармен безендірілген. Бас қасбеттің ортасында кесенеге баратын дөңгелек қақпа тұрғызылған. Кесененің бас қасбетінің парапетінде араб тілінде: «Бұл Бабаджа-Хатун қабірі. Оны салушы...» деген жазу қалдықтары сақталған. Кесененің шаршы тұрпаттас пішіні бар, оның мөлшері 6,8x6,8x5,0 метр, қабырғалардың қалыңдығы 1,23 метрге жетеді. Мөлшері 24x24x 0,5 см болатын ашық күйдірілген кірпіштен қаланған. Бабаджа-Хатун кесенесінің сәулеттік композициясы қарапайым, әрі безендірулері аз. Ғимарттың үш қасбетінде (батыс қасбеттен басқа) қуыстар мен бойтұмарлар өрнектелген. Басты қасбет жанама қасбеттерден парапеттің болуымен ғана ерекшеленеді. Қасбет қабырғаларының беті жалған арка тәріздес жалған терезелермен және қуыстармен безендірілген. Терезелер үстінде әшекейлеп қалаумен орындалған, кірпіштен қаланған шеңберлер бар. Декоративті қуыстар мен бойтұмарлар қабырғаға қаланған, кесіндісінде тік қырлы науаны жасайтын II әрпі түріндегі шеңбердің ішіне салынған. Жиіктемелің үстімен бұрыштары сыртқы қабырғаға қарай бұрылған қосарланған кірпіштерден тұратын тісті көлденең жолақ өтеді. Осындай жиіктемелер күмбез қойылған парапет пен барабанның үстімен бойлай өтеді. Қабырғалардан сегіз қырлы қабырға мен күмбезге өтетін жер тропалармен бүркемеленген. Кесене қашалған барабанмен көмкерілген, ол 16 қырлы конус күмбез үшін негіз болды. Өкінішке орай, тарихи күмбез осы уақытқа дейін сақталған жоқ. 1981 жылы күмбез Қазжобареставрация институтының жобасы бойынша қайта жаңартылды. XIX ғасырдың соңынан бастап Бабаджа-Хатун кесенесін бірнеше ғалымдар: 1897 жылы В.А. Каллаур, 1938 жылы А.Н. Бернштам, 1953 жылы Т.Қ. Бәсенов зерттеген. 1982 жылдан бастап Кесене сәулет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекеттің қорғауына алынды. 2002 жылы Бабаджа-Хатун кесенесінде реставрациялау жұмыстары жүргізілді, күмбез зерттеліп, бүкіл құрылыс іргетасының негізі нығайтылды.

ҚЫЗЫҚТЫ ЛЕРЕК

Кесене Айша арудың күтушісі болған, кейіннен бибісі өмірден өткен соң, жас қабірдің өмір бойғы шырақшысы міндетін атқарған парыз адамы – Бабаджа Хатунның жер бесігі үстіне орнатылған



Бабаджа-Хатун кесенесінің құрылысының ерекшелігі қандай?

ЗЕРТТЕ!

«Бабаджа-Хатун-Айша арудың күтушісі болған»



«Бабаджа-Хатун кесенесі әсем күмбезді ғимарат»
тақырыбында эссе жаз.



№17

Айша-бибі мұнарасы


Бүгінгі сабақта:

- Айша-бибі мұнарасының салыну тарихы;
- Мұнараның ерекшелігі;

Айша бибі (XI - XII ғғ.) Қараханидтер әулетінің негізін қалаушы Қараханның қалыңдығы, қазіргі Тараз қаласының жанындағы, сонау скифтер заманынан бастап ақ қазақтың қол өнеріне енген, содан бері қолданылып келе жатқан ою өрнек , әшекей түрлерінің бәрін қамтитын күрделі архитектуралық әсем ескерткіштің иесі. Айша бибі — шамамен 11-12 ғасырларда өмір сүрген ару қыз. Әкесінің есімі — Айғожа. Айша бибі еліне сапарлап келген Қараханмен жүздесіп, бір-бірін ұнатады. Алайда тұтқиылдан елін жау шапқанын естіген Қарахан дереу

Негізгі ұғымдар

- «бибі»
- «сәукеле»
- «Зеңгі баба»



Айша-бибі мұнарасы

еліне аттанады. Уәделі кезде хабар болмаған соң, алаңдаған Айша бибі күйеу жігіт еліне барып, бір хабарын білейін, аман болса алдыңызға келіп ақ батаңызды алып қосылармыз деп, әкесінен рұқсат сұрайды. Бірақ қыз әкесі келісімін бермейді. Үш рет өтініп, меселі қайтқан Айша бибі 40 қыз жолдас ертіп, Қараханның еліне өз бетімен аттанады. Ел шетіне таяғанда демалмақшы болып су бойына тоқтап жуынады. Сол кезде сәукеленің ішінде жасырынып қалған улы жылан Айшаны басынан шағып алады. Қыздардың хабарын естіп Қарахан да жетеді. Бірақ Айша тілге келмейді. Ең болмаса о дүниеде қосылайық деп Қарахан осы жерде Айшамен некесін қидырады. Келін болып босаға аттамаса да, уәдеге берік Айшаның соңғы демі өз қолында шыққанына әрі риза, әрі құса болған Қарахан сол Айша бибі қабірінің үстіне күмбес тұрғыздырады. «Айша бибі кесенесіндегі бағаналарға араб әпінде жазуы бар белдеу жүргізген. Солардың бірінде «күз, бұлғтар, дөңгеленген дүние...» деген сөздер жазылған» [7.191] Халық Айша бибіні әулие санатына қосып, табынады. Айша бибі хикаясын зерттеген тараздық журналист Б.Әбілдаев “Айша бибі” деген пьесасын жазды. Қазақтың Мемлекеттік қыздар педагогика институтына Айша бибі аты берілген.

ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Ел жадында сақталған аңызға сүйенсек, шығыс әулиелерінің бірі, сахабалар әулетінен шыққан Зеңгі баба мен Ануар бегімнің 18 жастағы ару қызы Айша сұлу сол кездегі әлеуетті Қарахан империясы Батыс қағанатының билеушісі болған Ша Махмуд Қараханмен кездесу үшін билеуші еліне іңкәрлік сапарына шыққан жолында Аса

Айша бибі XI ғасырдың шығыс ғұламасы, ғалым әрі ақын Сүлейман Бақырғанидің қызы екені айтылған. Ол Тараз әміршісі жас Қарахан Мұхаммедтке ғашық болған, бірақ оның тәрбиелеушісі Айқожа шайқы оған тұрмысқа шығуына қарсы болған. Сонда қыз өз бетімен сүйіктісіне кетіп бара жатқанда оны жолда жылан шағады. Қайтыс болған жерінде кесене соғылған. Басқа деректерде Айша Қараханның әйелі болып, оның мезгілсіз өліміне күйінген ол кейін, ең мықты сәулетшілерге мола үстіне бұрын болып көрмеген кесене тұрғызған.



ЗЕРТТЕ!

Ақиқатында Айша-бибі кім болған?

Тарихи ескерткіштерге Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қандай жұмыстар атқарылуда?



Қарахан баба мұнарасы


Бүгінгі сабақта:

- Қарахан баба мұнарасы туралы мәлімет;

Қарахан кесенесі - Қазақстанда 11 ғасырдан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Қазіргі Тараз қаласының батыс шетінде. Кесене Қарахан әулетінен шыққан белгілі хан Ша-Махмуд Бұғра Қарахан қабірінің басына орнатылған. Күмбезі ғана құлаған кесененің төрт қабырғасы мен жылтыр кірпішпен өрнектелген қос мұнарасы 19 ғасырдың 90-жылдарына шейін сақталған. 1905 жылы оның құлаған бөлігі түгелдей бұзып алынып,

орнына 1906 жылы жаңа кесене салынған.

Жаңа құрылысты сол кездегі Ташкент ишаны Сайд Бакханов қаржыландырған. Кейінгі салынған кесене алғашқысына ұқсамайды. Қас беті Айша бибі кесенесіне ұқсас болғанымен, кірпіштерінің өрнектеліп қалануы жағынан Бұқарадағы ортағасырлық Исмаил күмбезіне еліктеушілік байқалады. Қарахан кесенесі төрт бұрышты, ортаңғы кең бөлмеден және үш кіші бөліктен тұрады. Орталық бөлменің төбесі киіз үйге



Қарахан кесенесі

ұқсатылып жабылған. Артқы жағында екі мұнарасы бар. Кесененің қас беті оңтүстікке қараған, ал оның ішіндегі қабір оңтүстіктен солтүстікке қаратыла қойылған. Кіреп есігі аркалы қуыспен безендірілген. Қабырғаларының ішкі жағы кесененің бұрынғы өз кірпіштерімен қаланып, сыртқы жағын қалауға жаңа кірпіш пайдаланылған. Әулие-ата күмбезі – 11 ғасырдан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Қазіргі Тараз қаласының батыс шетінде. Кесене Қарахан әулетінен шыққан белгілі хан Ша-Махмұд Бұғра Қарахан қабірінің басына орнатылған. Күмбезі ғана құлаған кесененің төрт қабырғасы мен жылтыр кірпішпен өрнектелген қос мұнарасы 19 ғасырдың 90-жылдарына шейін сақталған. 1905 жылы оның құлаған бөлігі түгелдей бұзып алынып, орнына 1906 жылы жаңа кесене салынған. Жаңа құрылысты сол кездегі Ташкент ишаны Сайд Бакханов қаржыландырған. Кейінгі салынған кесене алғашқысына ұқсамайды. Қасбеті Айша бибі кесенесіне ұқсас

Негізгі ұғымдар

- «қабір»
- «мұнара»

болғанымен, кірпіштерінің өрнектеліп қалануы жағынан Бұхарадағы ортағасырлық Исмаил күмбезіне еліктеушілік байқалады. Әулие-ата күмбезі төрт бұрышты, ортаңғы кең бөлмеден және үш кіші бөліктен тұрады. Орталық бөлменің төбесі киіз үйге ұқсатылып жабылған. Артқы жағында екі мұнарасы бар. Кесененің қасбеті оңтүстікке қараған, ал оның ішіндегі қабір оңт-тен солт-ке қаратыла қойылған. Кіреп есігі аркалы қуыспен безендірілген. Қабырғаларының ішкі жағы кесененің бұрынғы өз кірпіштерімен қаланып, сыртқы жағын қалауға жаңа кірпіш пайдаланылған. «Ежелгі қалалар тарихы» айдарына қазақ даласындағы өркениеттің ордасы болған көне қалалардың тарихы туралы жазбалар жарияланады. «Халық қазынасы» айдары бойынша, Қазақстандағы тарихи, мәдени ескерткіштер, қазақ халқының салт-дәстүрлері, қолөнер, қару-жарақтары туралы мағлұматтар бар. Сондағы аңызға құлақ асайық.Ежелде Қарахан атты батыр болған деседі. Ол Айша бибіге ғашық болады. Бірақ Айша бибінің әкесі мен Қарахан батыр бір-біріне жау болатын. Бір күндерде Қарахан Айша бибінің әкесінің ауылын шауып, Айша бибіні алып қашпақшы болады. Қарахан Айша бибіні алып қашып бара жатқанда әкесі жендеттерін жіберіп екеуін өлтіртпек болады.Елінен ұзатылып Қараханмен бірге қашып бара жатқан Айша бала кезінен өскен жері Аса өзеніне бір шомылмақ бо-лып суға түседі. Осы кезде қыздың әкесі жіберген жендеттер Айшаның сәукелесіне жылан салып жібереді. Суға шомылып көңілі шаттанған Айша сәукелесін киген кезде жылан шағып, есінен танып, әлсірей бастайды. Осы сәтте Қарахан есінен танған Айшаны көтеріп алып, молдаға апарып, неке қиғыздырады.Сол Айша бибінің қайтыс болған жеріне мазар тұрғызып, қасына өзі де бір орын қалдыртады. Содан кейін-ақ Қарахан ақ сәлде, ақ жидемен жүріп, көз жұмар шағына дейін Айша бибі мазарын күзетіп, өмірін сонда өткізген деседі.Қараханның осындай іс-әрекетіне қарай ел оны әулие деседі. Сол жерді ел «Әулиеата» атап кетіпті.



ЗЕРТТЕ!

Айша бибі сұлу мен Қарахан кімдер?

«Қарахан кесенес» Эссе



Шопан-Ата жер асты мешіті

Бүгінгі сабақта:

-Шопан-Ата жер асты мешітімен танысады:

Негізгі ұғымдар

- «мешіт»
- некрополь

Шопан ата мешіті — Маңғыстау облысында орналасқан мешіті. Аңыз бойынша Ақтау қаласынан 200 шақырымнан астам жерде Сенек кенті аумағында орналасқан бұл мешіт Қожа Ахмет Иасауи әулиенің шәкірті сопы Шопан-ата салған. Аңызда Шопан-ата мұнда тәлімгерлерінің асатаяғын тауып алып, сол жерде он бір жер асты камералардан тұратын мешіт тұрғызу шешіміне келді. Аңызда одан әрі баяндалады: жерге шаншылған асатаяқтан ағаш өсіп, ол осы күнге дейін өсіп келеді, оның жасағанына 800 жыл болды. Аңыз-әңгімеге

нансақ, ағашты үш рет айналсаң, барлық аурулардан құтыласың екен. Шопан-Ата мешіті көп ғасырлар ішінде абажадай некропольмен қоршалған және үш мыңнан астам қорғандар бар.

Жасөспірім Бекет Алла тағаланың хақ жолын ел-жұртқа уағыздау үшін Шопан атаның басына барып зиярат жасап, төрт күн түнеген. Ал төртінші түні Шопан ата Бекеттің түсіне кіріп аян берген, жол нұсқаған екен. Халық жады иен даладағы ақ бұлақтардың көзін әулиелік құбылыспен тығыз байланыстырады. Шопан ата халық арасында тәңіршілдік пен мұсылмандық дінді байланыстырған рухани нәр беруші адам ретінде және шаруашылықтың символы ретінде танымал. Сол себепті бұл мешіт тек діни зиярат ету орны ғана емес, ол өз ісін бастаушыларға қолдау беретін, сенім тудыратын орын.

ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Аңыз бойынша, оған Шопан атаның қызы жерленген. Мешіттің төменгі жағында құдық бар. Аңыз бойынша, Шопан ата аты аңызға айналған Ахмет Ясауи сопының шәкірті болды, Ханафия бағытын ұстанған. Бір күні ұстаз өзінің барлық шәкірттерін жинап, оларға дүние жүзіне ислам дінін, сопылық идеяны уағыздауға тапсырма береді. Шәкірттердің атқан жебелері межелі жерді анықтап және сол жебе түскен жерге міндетті түрде барып уағыз жасау керек болған. Шопан атаның жебесі Маңғыстауға ұшып барып, бай малшы Баянның иелігіне түсті. Шопан ата байға жұмысқа орналасады, бірақ Баян оның келуінің шын мақсатын көп ұзамай түсінеді. Сонымен малшы Шопан атаға өз қызын тұрмысқа береді. Көптеген жылдар өтіп, Шопан ата тау етегінде жебесі түскен жеріне жер астындағы мешітті салады. «Шопан» сөзі халық ұғымында «қойшы», «қой бағушы» дегенді береді, бұл ұғым ырыс-несібемен де байланыстырылады.



ЕСІҢЕ ТҮСІР!

Қазақстанда қандай мешіттерді білесіз?

Бүгінгі сабақта:

- Қараман Ата жерасты мешіті туралы түсінік;
- «мешіт» сөзінің маңынасымен танысады:

Негізгі ұғымдар

- «мешіт»
- «қорым»
- «сандықтас»

Қараман ата жер асты мешіті — XII-XVII ғасырларға жататын діни сәулеттің бірі. Жер асты мешіті үш бөлмеден тұрады: кіреберіс бөлме, оған жалғасқан намаз оқитын зал және Қараман ата жерленген дөңгелек бөлме. Оның аумағы 4,02 га жерді қамтиды. Мешіттің ерекшелігі — жердің астында орналасуы. Қараман ата қорымы Маңғыстау ауданы Шетпе кентінен 35 км қашықтықта, Бекі елді мекенінің батыс жағындағы Қандыбас қырқасына таяу, Қандыбас қыстағының батысынан 5 км жерде орналасқан.

Жер асты мешіті мен қорым 1982 жылы республикалық дәрежеде мемлекеттік қорғауға алынған. Мешіт тау шатқалының төменгі қабатынан табиғи үңгірлерді пайдалана отырып, ойып жасалған. Мешіт құрылысы үш бөлмеден тұрады: кіреберісінде

бір бөлме, оған жалғас намаз оқитын зал, үлкен бөлменің төбесі тастан құралған бағандармен бекітіліп шегенделген. Екі бөлменің төбесінен жарық түсетін дөңгелек терезелер ойылған. Қорым мен жер асты мешіті Маңғыстаудағы киелі орындардың бірінен саналады. Ескерткішті алғаш рет 1951-1952 жылдар М.Меңдіқұловтың өлкеге келген экспедициясы зерттеді. 1973 ж. Республикалық тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының экспедиторлары (жетекшісі — М.Меңдіқұлов) зерттеген. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қорымнан 473 ескерткіштер есепке алынған. Бұған ортағасырлар дәуіріне жататын құлпытастар, тас қоршаулар, 19 ғ. мен 20 ғ.-дың басындағы адайлық шеберлердің қолымен тұрғызылған күмбестамдар, сағанатамдар, күрделі ою-өрнектермен өрнектелген құлпытастар, қойтастар, тас қоршаулар мен тас белгілер кіреді. Осындағы сәулет өнерінің үлкен үрдісі саналатын атақты Шойынбай күмбезі әкелі-балалы Өмір Қараұлы мен Назар





құлпытас, қабір үстіндегі қойтас және т.б.) әрқайсысы өзінің сан алуандығымен ерекшеленеді. Олар халық архитектурасын айғақтайтын ашық аспан астындағы мұражай іспеттес. Онда 1000 астам қойылым бар. Олардың ішіндегі ескерткіштердің кейбіреуі XII

ғасырларға жатады. Белтас-пирамида тәріздес, ескілікті тас қоршаулар, күмбезді мавзолей, сағатам, сандықтас, үштас, композициялық қойтастар көп кездеседі. 1982 жылы қорғауға алынған. 2010 жылы арнайы қорғау аймағы жасалған 2002 жылы «Казпроектреставрация» қызметкерлерімен қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. 5 жыл сайын инвентаризация жүргізіледі, тексеріп отырылады, техникалық жағдайы қаралады, нөмірленеді. Кәсіби мамандар келіп, реставрация жүргізеді.



Қараман ата қонысы туралы аңыз

Қараман ата Маңғыстау өңіріне суфизмді таратушы 300-ге жуық миссионерлердің бірі болып табылады. Қараман ата туралы түрлі аңыз-деректер бар.М.

қарақалпақ аңызы айтылады, онда Қараман ата туралы жалғыз көзді алып, кісі жегіш ретінде бейнелейді, ол өз кезегінде Есім батырға қулығын асырып өлтірген делінеді. Тағы бір қарақалпақ аңызында Қараман жауыз, сараң бай ретінде көрсетіледі. Қараман атауы түркмен аңыздарында да кездеседі: сонау ертеде түркмендер арасында екі ағайынды бауыр өмір сүреді Ақман мен Қараман. Олар ел тұрғындары арасында жоғары сый мен құрметке ие болған. Күндердің күнінде Қожа Яссауимен арада текетірес туындап ағайындыбауырлар батыс аймақ яғни Маңғыстауға бет бұрады. Ағайындының бірі қайтыс болғаннан кейін бауырына арнап салынған өңірде қорым пайда болып, кейін жер асты мешіті салынады. XIX ғасырға жататын басқа да дерек көздері сақталған «Маңғышылақтағы адайлықтардың өлі аруақтар туралы қасиетті аңызы» Бұл ауызша аңызда Қараманның Есен атаның баласы, Шопан атаның немересі екендігінен дәйек келтірілген. Шынында да Қараман көптеген келелі істер атқарып, атасының ізін қуып ұқсас болған. Соның бірі Шопан атасының қорымының жанынан жер асты мешітін салды. Қараман қайтыс болғаннан кейін сүйегін мешіт қасына жерлейді. Қараман Ата мешіті батыс өңірдегі қасиетті жерлердің бірі болып саналады. Айтылған аңызға сүйенсек осы өңірде мекендеген екі рудың арасында дау-дамай туындайды, анық-қанығын анықтау мақсатында екі жақта Қараман атаның басына келіп ант



беруге келіседі. Екі жақты келісім бойынша қасиетті ант берілгеннен кейін жалған ант берген ру адамдары сол жерде барлығы мерт болған. Халық арасында келесідегідей аңыз кең таралған: бір кезде қазақтар мен түрікмен халықтары арасында келіспеушілік туындап, арадағы кикілжіңді біржақты қылу үшін Бекет атаға жүгінеді өз кезегінде Бекет ата Қараман Атаның басына барып дауға нүкте қоюды ұсынады, бұдан түйіндейтін ой Қараман атаның қасиетті екендігіне көз жеткізеді. Қазіргі таңда Қараман Ата қорымының негізгі бөлігі қоршалған. Қорымның көлемі 4 га. Қорымның оңтүстік батыс беткейінде қоршаудан тыс VIII-IX ғғ. белгіленетін қабір үсті ескерткіштер орналасқан. Олардың саны - 40 дана. Ескерткіштің қорғау аймағының жалпы ауданы - 7,2 га алып жатыр. Қараман Ата ескерткіші бүгінгі таңда тарихи жәдігерлердің санатына жатқызылып мәдени құндылық ретінде заңмен қорғалған.

ЗЕРТТЕ!

«Қараман ата атауы түркімен аңыздарында»



«Жер асты мешіті сырлары» Еркін жазу

Аяқ-Қамыр кесенесі

Бүгінгі сабақта:

- Аяқ-Қамыр кесенесі туралы түсінік;
- Кесене құрылысының ерекшелігі;

Негізгі ұғымдар

- «монумент»
- «шаршы»
- «портал»

Аяққамыр күмбезі — XII ғасырдың ақырындағы сәулет өнері ескерткіші. Қарағанды облысы Жезді кентінен солтүстік-батысқа қарай 9 км жерде орналасқан. Орталық Қазақстанның көрнекті ескерткіштерінің бірі болып табылады. Биіктігі 1 м тас іргетастың үстіне 8,10 м x 9,84 м көлемде тік бұрышты жобамен порталды-күмбезді пішінде салынған. Алдыңғы беті 'П' әрпі сияқты жиектеліп, монумент портал түрінде әшекейленген. Кіретін қуыс тұзу аркамен жабылған. Күмбезі күйдірілген кірпіштен қаланып, жарты оюлармен әшекейленген

тақталармен қапталған. Шаршы негізден бұрыштарын кеміте қалау арқылы күмбез шығарылған. Архитектура құрылымы мен безендірілуі 9-11 ғасырлардағы осындай құрылыстарға тән. Аяққамыр мазары шамамен 14-ғасырдағы Құтлық Темір мазары деп аталған деген болжам бар. Аяққамыр мазары Жезді өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан. Аяқамыр мазары жайлы Шоқан Уалиханов өз еңбектерінде атап кеткен болатын. Мазар порталды күмбезді күрделі құрылыстар қатарына жатады. Кесенені алғаш рет 1946 жылы Қазақ ССР ғылым Академиясының Орталық Қазақстан археология экспедициясы зерттеді.

/Ә.Х.Марғұлан/ 1973 жылы ҚазССР Мәдениет министрлігінің экспедициясы өлшеу мен фотофиксация жұмыстарын жүргізді. (М.А.Маманбаев, М.К.Сембин, М.С.Нұрқабаев). Тікбұрышты құрылыс жоспары үш көлемнен тұрады: ғимараттың текшесі, порталы және күмбезі. Құрылысқа 27x27x6см өлшеміндегі кірпіштер пайдаланылды. Сақталған портал бөлігінің биіктігі - 6,75м. Ішкі периметр бойынша жоспардағы өлшемдері: 5,75x5,75. Сыртқы периметр бойынша жоспардағы өлшемдері: 8,0x10,0. Архитектуралық және конструкциялық шешім, құрылыс жұмыстарының сапасы ескерткішті ортағасырдағы Қазақстан территориясындағы тамаша ғимараттардың қатарына жатқызады. Алатауы жөнінде зерттеуші Г. Герасимов өз еңбегінде былай дейді: «...Бұл кесененің жергілікті тұрғындар арасында қалай, қашан пайда болғанын көрсететін аңыз-әңгімелер сақталмаған. Аяққамыр кесенесі – қирандыларына қарағанда оның осы аймақтағы ең көне кесене екенін көрсетеді. Бұл кесене – сондай-ақ Темірқұтлық кесенесі деген басқа атаумен де белгілі. Алайда дәл осыған ұқсас атау осы күмбезден 15-16 км орналасқан екінші, сыртқы келбеті біршама тартымсыз кесенеге де берілген. Олардың қайсысына құқығы бойынша



«Темірқұтлық» деген атау тиесілі, оны дәл басып айту – бүгінде қиын, өйткені бізде бұл мәселеге қатысты тарихи дерек қолымызда жоқ» дейді. Аяққамыр мазары жайлы алғаш рет XIX ғ. ортасында Ш. Уәлиханов, кейінірек академик А.И. Шренк өз еңбектерінде жазып кеткен. Олар берген мәлімет бойынша, кесене Қамыр ханның атымен аталған, алайда бұл атау тарихта әлі күнге дейін белгісіз. Академик Ә.Х. Марғұлан Аяққамыр мазары Шыңғыс ұрпағы Құтлық Темірге арналып салынған болса керек деген болжам айтады. Кесене портал-күмбезді пішінде салынған қабір құрылысына жатады. Биіктігі 1 м іргетасы бар, жалпы көлемі (өлшемі) – 8,10×9,84 м. Кесене қатты бүлінген. XX ғ. соңында оның тек қана кіреберіс қақпасы және жартылай көшкен жарты ай тәрізді үлгідегі өрнектері бар төрт қабырғасы сақталған. Бас фасадының ортасы монументті портал ретінде орындалып, ондағы терең ниша тік сүйірлі арка болып жабылған және біршама терең «П» тәрізді жолақпен жиектелген. Арка ортасындағы тікбұрышты пішіндегі есігінің өлшемі – 1,9×1,15 м. Кесененің фасады сол уақыттың өрнектік стиліне тән болмашы ғана шыққан бағаналармен безендірілген. Күмбезі күйдірілген кірпіштен қаланып, жарты оюлармен әшекейленген тақталармен қапталған. Шаршы негізден бұрыштарын кеміте қалау арқылы күмбез шығарылған. Құрылыста өлшемдері 26×26×5 см және 28×28×5 см болатын күйдірілген кірпіштер қолданылған.

ЗЕРТТЕ

«Шыңғыс ұрпағы Құтлық Темір»



- *Кесене неліктен «П» тәрізді жолақпен жиектелген?*
- *Г.Герасимов өз еңбегінде кесене туралы қандай ақпарат берген?*

Кесененің Қамыр аталу себептерін анықта!



№22

V бөлім.

XV-XVII ғасырлардағы тарихи ескерткіштер

№23

Арыстан-баб кесенесі

Бүгінгі сабақта:

- Сәулет ескерткіші туралы түсінік;
- Арыстан баб мазарының сырларымен танысады;

Негізгі ұғымдар

- «мәрмер»
- «хижра»
- «айван»

Арыстан баб кесенесі — көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Түркістан халқының арасында мұсылман дінін таратушы Қожа Ахмет Иасауидің ұстазы болған Арыстан баб ата қабірінің басына салынған. Кесене дәлізхана, мешіт, құжыраhana, азан шақыратын мұнара сияқты жеке бөлмелерден құралған. Кесененің ең көне бөлігі қабірхана болуы тиіс. Қазір де оның едені басқа бөлмелермен салыстырғанда едәуір биік. Қабір үстіне алғашқы белгі 12 ғ. шамасында салынған. Мазар 14 ғасырда қайта жөнделген. «Арыстан баб кесенесі 20 ғасырдың басында жергілікті халықтың қаражатымен күйдірілген кірпіштен ауданы 35x12 м,

биіктігі 12 м, бұрынғы Меккеге қараған есігі Түркістанға, Әзірет Сұлтанға бағыттталып, Солтүстік жағы кесене, Оңтүстік жағы мешіт есебінде қайта жөнделді» [7.195]. Дәліз-қақпа маңдайшасына мәрмәр тақта қаланып, бетіне хижра бойынша 1327 жыл, яғни соңғы

құрылыс жүрген уақыт деп көрсетілген. Бұл кесене XII ғасырда өмір сүрген діни көріпкел Арыстан баб мазарының үстіне салынған. Кесененің бірінші құрылысы XIV-XV ғасырға жатады. Сол құрылыстан кесілген айван тізбектері қалған. XVIII ғасырда көне мазардың орнында жер сілкінісінен кейін екі кесілген ағаш тізбекке тірелген айванмен салынған екі күмбезді құрылыс орнатылды. XVIII ғасырда құрылыс қиратылып, фриз жазбалары бойынша 1909 жылы қайта салынды. 1971 жылы жоғары деңгейдегі грунт сулары салдарынан мешіт құлатылып, қайта орнатылды. Құрылыс алебастр ерітіндісінде күйдірілген кірпіштен

қабырғаның сырт жағына салынды. Қазіргі кезде бұл кесене Орталық Азиядағы қажылық міндетті өтейтін мұсылман киелі жерлерінің бірі болып саналады. Аңыз бойынша Арыстан баб Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) елшісі болған. Бір күні Мұхаммед пайғамбар өзінің шәкірттерімен құрма жеп отырған еді. Бір құрма қайта-қайта ыдыстан құлай беріп, пайғамбар ішкі дауысты естіді: «Бұл құрма Сізден кейін 400 жыл алдағы уақытта туылатын мұсылман бала Ахметке арналған». Сонда пайғамбар шәкірттері ішінен бұл құрманы кім



иесіне жеткізетінін сұрайды. Ешкім сұранған жоқ. Пайғамбар сұрақты қайта қойғаннан кейін, Арыстан баб былай деді:

«Егер Сіз Алла Тағаладан 400 жыл сұрап берсеңіз мен бұл құрманы иесіне жеткіземін». Халық аңыздарынан және жазба деректеріне қарағанда («Рисолаи Сарем-Исфижоб» және Куприлозада кітабы) Арыстан баб Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы болып құрманы жеткізеді. Қазіргі кезде Арыстан баб мазары үстінде 30*13 метр аумағы бар кесене тұр. Тарихи деректер бойынша XII-XVIII ғасырларда кесене бірнеше рет қайта салынып, қайта жаңартылды. Қожа Ахмет Ясауи ұлы әулие мен діни көріпкел 1103 жылы туылып 1166 жылы қайтыс болған.

КЫЗЫҚТЫ ЛЕРЕК

Арыстан бабтың дүние салуы Қожа Ахмет Ясауи хикметінде былайша суреттеледі:

«Бабам айтты: Ей балам, қасымда тұр өлейін,

Жаназамды оқып көм, жан тәсілім қалайын.

Медет берсе Мұстафа, ғарыш биігіне шығайын.

Арыслан бабам сөздерін есітіңіз - тәбәрік.

Жылап айттым: ей бала, жас көдекпін білмеймін.

Көріңізді қазармын, көтеріп сала алмаспын.

Хақ Мұстафа сүндетін, балапанмын, білмеймін.

Бабам айтты: Ей балам, періштелер жиылады.

Жебірейіл имам болып, өзгелер оған ұйиды.

Макаил мен Исафил көтеріп көрге қояды». Отырар өңірінде біз естіген аңыз байынша

Арыстанбаб дүние салған соң, оның денесін ақ бураға артып, еркіне жіберіп, соңынан

ілесіп отырған. Ақ бура жүре-жүре осы жерге шөккен екен. Сол шөккен жерге

Арыстан баб қойылыпты. «Алпамыс жырының» бір үлгісінде Байбөрі мен Аналық

«Самарқанда сансыз баб», Бұқарадағы «Баһауәдин Нақишбент» молаларына зират

қылады, және

"Түнейді үш күн Байбөрі

Әзіретті сұлтанға.

Түркістанда түмен бап,

Сайрамда бар сансыз бап,

Отырарда отыз бап,

Бабалардың бабын сұрасаң,

Ең үлкені Арыстан баб.

Әулие қоймай қыдырып,

Бабалардың бәрін қылды сап» Әзірет Сұлтан қорық-музейінің сақтаулы тұрған Баян

ауылдан бір зияратшылдың қолжазбасында мынадай қызық мағлұмат бар: Арыстан

баб дүние салған соң, оның моласының басына екі құс – бірі лашын, бірі қарға ұшып

келеді. Бұл әңгіме бізді ежелгі түркі шаманизміне жетелейді. Көне түркілер бұл

аталған құстарды киелі деп санаған. Мысалы, ескі жылнамаларда жазылған аңыз

бойынша көне түркілердің Ашина тайпасына жау шауып, жаппай қырып кетеді. Сонда

жалғыз қалған бала ғана аман қалады. Баланы қасқыр емізіп, аспан әлемінің елшісі –

қарға ет әкеліп асыраған. Осы баладан түркілердің ұрпағы деседі. Қазақтардың

қарғаны киелі құс санағаны жөнінде деректер аз емес. Қарға сөзімен байланысты

мынадай мақал-мәтелдер бар: «Біздің де қолымызға қарға тышар», «Қарға тамырлы

қазақ», «Қарғам-ау» деген сөз қарағым, қалқам деген мағынада қолданылады.

«Қарғам, қарғашым, қарғатайым" деп қарттар немере-шөберелерін еркелеткен. Қанша

бапан бап деп жауап қайтарған

Арыстан баб кесенесі - ғасырлар бойы түрлі өңдеу-жөндеуді басынан кешірген құрылыс. Кейде Арыстан бабтың XI-XII ғасырларда өмір сүргенін тілге тиек ете отырып, оның кесенесі Арыстан баб дүние салған соң іле-шала тұрғызылған деген жорамал айтылады. Алайда бізге жеткен қазіргі кесенедің XII ғасырдың белгілері жоқ. Бұл арада біз ислам дінінің алғашқы кезде қабір үстіне төбесі жабық құрылыс тұрғызуға тыйым салғанын есте ұстағанымыз жөн. Осы тұрғыдан қарағанда, XII ғасырда Арыстан баб ғимаратының болмауы да мүмкін. А.Черкасовтың жазбаларында Арыстан баб кесенесі әулие және шәкірттері жатқан екі бөлмеден, сондай-ақ алдындағы бастырмадан тұрғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұлардың жобасы XIV ғасырдың құрылысына сай келеді. Осымен қатар бастырмадағы ұстындар да XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында жасалған деген тұжырымды мамандар айтқан болатын. Яғни қазіргі Арыстан баб құрылыс кешеніндегі қабірханалар бөлігі ең көнесі, әуелгісі болып табылады. Бұған қоса халық арасында кең тараған мынадай аңыз бар: «Қожа Ахмет кесенесінің қабырғалары қаланып болған түні алып жасыл өгіз көтерілген дуалдарды мүйізімен соғып, құлатады. Ғимарат қабырғалары қайта тұрғызылып, күмбездері қалана бастағанда бұл оқиға тағы да қайталанып, бәрі үйелген төбеге айналады. Бұл жайт Әмір Темірді көп ойландырады. Түсінде бір шал келіп, аян береді, ол Қожа Ахметтің ең алғашқы ұстазы, Арыстан баб моласының үстіне мазар көтеруге әмір ететінін жеткізеді. Бұл талап орындалған соң ғана Әмір Темір Түркістандағы құрылысын ойдағыдай аяқтайды». Арыстан баб қабірханасының едені басқа бөлмелермен салыстырғанда едәуір биік. Тігінен көтерілген қабырғалары бір биіктікте сәулет өнерінде «желкен» деп аталатын өріммен иіліп барым күмбезге ұласады. Күмбез ауқымы кең һәм биік етіп тұрғызылған. Қабірхананың есігі күнбатысқа, дәлірек айтсақ, Меккеге бағышталған. Бұл қасиетті қабірлерге тағзым етудің мұсылмандық ережелерінен туындайды: зиярат етушінің беті сағанаға, арқасы құбылаға қарауға тиіс болған. Оның ұзындығы 3 м. 90 см., ені 1 м. 30 см., биіктігі 1 м. 20 см. Қабаттас, көлемі 5,4 м x 5,4 м. Бөлмеде үш қабір бар. Ол да биік күмбезбен жабылған. Алайда күмбездің іші алебастрмен сыланып, геометриялық үлгідегі өрнектермен нақышталған. Әулиеге кірер есіктің екі жағында екі қабір орналасқан. Шырақшылар бұларды Лашын баб пен Қарға баб дейді. Олар әулие қабірімен салыстырғанда аса шағын болып келген. Лашын баб қабірінің көлемі 1,63 м x 0,92 м., Қарға бабтікі 1,70 м x 0,90 м. Осы қабірханаларға оңтүстік-батыс жақтан бірнеше бөлмелер қосылған. Екі қанаттағы бөлмелерді біріктіріп, байланыстырып тұрған дәліз-бастырма бар. Ол әдеттегі бастырма-айвандардан өзгеше, тұтасымен қыштан өріліп, төбесі иіліп жабылған. Оның көлемі 7,60 м x 4,35 м. Қабірханалар дәліз қышпен қаланып күмбезделсе, мешіт бөлігі негізінен қам кесектен тұрғызылып, төбесін жабуда ағаш кең пайдаланылған. Мешіттің ортасында В.В.Константинова жасаған жоба бойынша алты ағаш тіреу болған. Олардың үстіне қары қойылып, ағаштан қырлы күмбез қиыстырылған. Мешіт қабырғасында Мекке бағытын көрсететін ойық-михраб бар. Арыстан баб ескерткіші деп аталатын мазарлар басқа аймақтардың бірі – Қырғызстандағы Ош өңірінде. Бірақ қырғыздардың діни-нанымдарын зерттеген ғалым С.М.Абрамзонның пікірінше, жергілікті халық бұл жерде жерленген Арыстан бабты қалмақтарға қарсы соғысқан батыр деп таниды. Яғни Оштағы Арыстан баб XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген адам болған. Арыстан баб қабірінің басына тұрғызылған ғимарат алғаш ғылыми әдебиетте 1898 ж.ж. И.Т.Пославскийдің «Развалины города Отрара» атты мақаласында аталады. 1903 жылы кесене түркістандық археология әуесқойлар үйірмесінің мүшесі А.Черкасовтың Отырар төбені көріп айтқаны жөніндегі есебінде аталып өтіледі. А.Черкасовты түкпір бөлмедегі Арыстан бабтың қабірі таң қалдырады: «Надгробие Арстан

– Баба такой же формы, как и остальные, покрыто куском белого колена и поражает своими размерами. Такого роста, по словам шейха, достигал и сам святой...». А.Черкасовтың деректері кейінірек орыс-француз тілдерінде жарық көрген. И.А.Кастеньенің «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» деген еңбегінде де қайталаңады. Көп үзілістен кейін Арыстан баб кесенесі жөніндегі ғылыми сипаттама 1950 ж. В.В.Константинованың «Некоторые архитектурные памятники по среднему течению р.Сырдарьи» деген мақаласында жарияланды. 1987 жылы «Білім мен Еңбекте» М.Сембиннің кесене жайлы мақаласы жарияланды. М.Сембин Арыстан баб туралы мақаласында О.Дастановтың «Әулиелі жерлер туралы шындық» атты кітабындағы келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, Арыстан баб кесенесінің сәулетшісі ташкенттік Ескендір қажы болған деген болатын. «Ол өзінше бір қайта жырау, тыңнан толғау, немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті...», - деген М.Әуезов сөздері Арыстан баб сәулетшісіне толығымен тән. Әлемге танымал “Арыстан баб” кесенесінің құрылысы екі жыл бұрын жаңа архитектуралық кешен тұрғысында басталған. Авторы – белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, инженер-ғалым, танымал меценат Асқар Құлыбаев болып табылады. Бір кездері Асқар Алтынбекұлы халық игілігі үшін рухани құндылық орнатуды армандаған. Бүгінде Асқар Құлыбаевтың және оның ұлдарының Қазақстанның жан азығы байлығын еселей түсу мақсатындағы сіңірген үлесі зор екендігін айту қажет. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзі бастама көтеріп, бүкіл мемлекеттік деңгейде жүзеге “Мәдени мұра” бағдарламасы асырылып жатыр

Неліктен Арыстан баб ескерткіші бірнеше жерде орналасқан?



«Қасиетті орынды қастерле!»

Жаднама!



Ой талқы!

«Арыстан баб кесенесі-қасиетті екінші Мекке»



№24

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі

№25

Бүгінгі сабақта:

- Қожа Ахмет Яссауи туралы мәліметтер;
- Кесене сырлары мен қасиеті;

Негізгі ұғымдар

- «тәуәп»
- «аян»
- «аманат»

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі — Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында тұрғызылған архитектуралық ғимарат. Қожа Ахмет Ясауи дүние салғаннан кейін халықтың көп жиылуымен өзіне арнап соғылған кішкене мазарға жерленеді. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай тәуәп ету орнына айналды. 1396 жылы Орта Азияның билеушісі Ақсақ Темір Қожа-Ахмет Яссауидің ескі мазарының орнына жаңа кесене салу жайлы бұйрық береді. Орта ғасырларда бой көтерген ең керемет сәулет өнерінің бірі саналатын аталмыш кесенеді Қазақтың 21 ханы жерленген деседі. Кесене салынып жатқан кезде қайта-қайта құлап қала берген екен. Сонда

Ұлы Билеушінің түсінде бір ақсақал аян беріп, "Қожа-Ахметтің Арыстан атты ұстазы болған. Сондықтан әуелі Арыстанға, сосын ғана шәкіртіне кесене салындар" депті. Бұл түсті көрген Әмір Темір көріпкелдерін шақыртып алып, түсін жорытады. "Арыстанның қабірін қалай табамын?" деп олардан ақыл сұрайды. Көріпкелдері "Жұма намаздан соң Қожа Ахмет Яссауидің қабірінің басына екі құс келіп қонақтайды, сол құс ұшып, ұстазы Арыстанбабтың басына барады, осылайша табасың" деп айтқан екен. Арыстанбабтың сүйегі жерленген жер осылайша табылғанға ұқсайды.

Арыстанбабтың жерленген жері жөнінде тағы да бір қызық аңыз бар. Арыстанбаб қайтыс болмай тұрып, тірі кезінде Қожа Ахмет Ясауиге "Менің саған айтар аманатым, жасым келді, қартайдым. Қайтыс болсам жаназамды сен оқысың. Жас та болсаң сен тегін адам емессің. Пайғамбарымыздың (с. ғ. с) аманат жіберген адамысың. Менің жаназамды оқысымен күн батыс жақтан бір ақ түйе келеді. Соған денемді артып, басын бос қоя сал. Түйе қайда барып шөксе, сол жерге сүйегімді жерле" деп айтыпты. Сол аманат бойынша Арыстанбабтың жаназасына жиылған адамдар ақ түйенің соңынан ереді де отырады. Түйе Отырар өңірінің батыс жағына келіп шөгеді де, сол жерге Арыстанбабтың сүйегі қойылады. Арыстанбаб Түркістанда қайтыс болғанымен Отырарда жерленген.


Жоғарыдағы әңгімеге қайта оралайық. Әмір Темір Түркістаннан кірпіштерді тасытып, Арыстанбабтың басына үлкен күмбезді кесене салдырыпты. Содан кейін ғана Қожа-Ахметке арнап салынып жатқан кесене құламапты да, әміршінің тірлігі алға басыпты.



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі — аса үлкен порталды күмбезді құрылыс. Оның ені — 46,5 м, ұзындығы — 65 м. Ғимараттың орасан зор порталы (ені — 50 метрге жуық, порталдық аркасының ұзындығы — 18,2 м) және бірнеше күмбезі бар. Оның орталық залының төңірегіне түрлі мақсатқа арналған 35 бөлме салынған. Жамағатхана (мұнда қазан тұруы себепті қазандық деп аталған) күмбезінің ұшар басына дейін есептегендегі ғимараттың биіктігі — 37,5 метр. Сыртқы қабырғалардың қалыңдығы — 1,8—2 м, қазандық қабырғаларының қалыңдығы — 3 метр. Жалпы тұрқы симметриялы, жеке бөлшектері — ассиметриялы болып келетін бұл зәулім ғимарат 8 түрлі бөлмелер тобынан тұрады:

1. Қазандық;
2. Үлкен Ақсарай;
3. Кіші Ақсарай;
4. Құдықхана;
5. Кітапхана;
6. Асхана;
7. Көрхана;
8. Мешіт;

Ол порталы оңтүстік-шығысқа, ал бүйір беттері тиісінше оңтүстік-батыс пен солтүстік-шығысқа қарайтын етіп салынған. Келген адам орталық залға бас порталдың сәнді есігі арқылы кіреді.



«Қазандық Қазақстан мен Орта Азиядағы кірпіштен өрген күмбездердің ішіндегі ең үлкені, диаметрі 18,3 метрлік күмбезбен көмкерілген. Бұл бөлмеден өткен соң оюмен өрнектелген ағаш есік арқылы Қожа Ахмет Ясауи мүрдесі жатқан бөлмеге кіруге болады» [7.200]. Көрхананың қос қабат күмбезін кейде Мұхаммед Ханафия порталы деп те атайды. Қазандықтан өзге бөлмелерге қарай қос қатарлы сегіз дәліз тарайды. Бұл дәліздер ғимаратты сегіз дара блокқа бөледі. Әр блокта архитектурасы да, пайдаланатын мақсаты да әр қилы бөлмелер бар. Оңтүстік-батыс блокта мешіт орналасқан. Ал оңтүстік-шығыс блокта халимкана бар.

Халимканада дүйсенбі мен жұма күндері кедей-кепшік пен дәруіштерге тегін үлестірілетін тағам — халим әзірленетін болған. Солтүстік-шығыс блокта құдықхана, ал солтүстік-батыс блокта Үлкен Ақсарай орналасқан. Оңтүстік-батыс және солтүстік-шығыс жақтарының орта тұсында өзінің архитектуралық тұрқы жағынан біртектес, қабатты залдар — Кіші Ақсарай мен кітапхана бар. Кесенедегі сегіз дәліздің алтауы өтпелі де, екеуі — тұйық. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі тек зират болумен шектелмей, мешіт-медреселік қызметтерді де атқарған. Түрлі мақсаттағы бөлмелердің басын осылайша біріктіру өз заманының тамаша үлгісі болып табылады. Кітапхана мен Ақсарай бөлмелері көлденең аркалармен жабылған. Төбені осылайша жабу түрлі пішімдағы күмбездерге, тұрқы шаңырақ тәрізді иықтар мен жаппаларға негіз болып тұр. Бұл жаппаларда көтеруші аркалардың өзара қиылысу элементтері Орталық Азия архитектурасында сол кезге дейін кездеспеген елеулі жаңалық болып табылады. Негізгі бөлмелер — қазандықта, көрхана мен мешітте қос қабатты арқалар жоқ, олардың әрқайсысының қабырғаларынан төрт- төрттен ойықшалар жасалған. Күмбездердің ішкі беті алуан тұрпаттағы көмкерілген. Бұлар арша ағашынан жасалған білезіктермен бекітілген. Кесененің сырт қабырғаларының көмкерілуі үш бөлікке жіктеледі. Ол порталы оңтүстік-шығысқа, ал бүйір беттері тиісінше оңтүстік-батыс пен солтүстік-шығысқа қарайтын етіп салынған. Келген адам орталық залға бас порталдың сәнді есігі арқылы кіреді. Көрхананың қос қабат күмбезін кейде Мұхаммед Ханафия порталы деп те атайды. Қазандықтан өзге бөлмелерге қарай қос қатарлы сегіз дәліз тарайды. Бұл дәліздер ғимаратты сегіз дара блокқа бөледі. Әр блокта архитектурасы да, пайдаланатын мақсаты да әр қилы бөлмелер бар. Оңтүстік-батыс блокта мешіт орналасқан. Ал оңтүстік-шығыс блокта халимкана бар. Халимканада дүйсенбі мен жұма күндері кедей-кепшік пен

дәруіштерге тегін үлестірілетін тағам — халим әзірленетін болған. Солтүстік-шығыс блокта құдықхана, ал солтүстік-батыс блокта Үлкен Ақсарай орналасқан. Оңтүстік-батыс және солтүстік-шығыс жақтарының орта тұсында өзінің архитектуралық тұрқы жағынан біртектес, қабатты залдар — Кіші Ақсарай мен кітапхана бар. Кесенедегі сегіз дәліздің алтауы өтпелі де, екеуі — тұйық. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі тек зират болумен шектелмей, мешіт-медреселік қызметтерді де атқарған. Түрлі мақсаттағы бөлмелердің басын осылайша біріктіру өз заманының тамаша үлгісі болып табылады. Кітапхана мен Ақсарай бөлмелері көлденең аркалармен жабылған. Төбені осылайша жабу түрлі пішімдағы күмбездерге, тұрқы шаңырақ тәрізді иықтар мен жаппаларға негіз болып тұр. Бұл жаппаларда көтеруші аркалардың өзара қиылысу элементтері Орталық Азия архитектурасында сол кезге дейін кездеспеген елеулі жаңалық болып табылады. Негізгі бөлмелер — қазандықта, көрхана мен мешітте қос қабатты арқалар жоқ, олардың әрқайсысының қабырғаларынан төрт- төрттен ойықшалар жасалған. Күмбездердің ішкі беті алуан тұрпаттағы сталакиттермен көмкерілген. Бұлар арша ағашынан жасалған білезіктермен бекітілген. Кесененің сырт қабырғаларының көмкерілуі үш бөлікке жіктеледі. Оның орта бөлігіне үлкен көлемдегі өрнектелген жазулар түсірілген, жоғары жағына — эпиграфтық фриз, төменгі жағына (ірге бөлігіне) биіктігі — 1,85 м тас кенере жүргізілген. Ірге бөлігі қашалған тас тақталармен дәнекерленген. Кесененің үш қабырғасының үстінгі жағымен өтетін эпиграфтық фризде Құраннан алынған сөздер жазылған. Эпиграфтық фриздің жазулары терракоталық фонда құйма кірпіштермен өрнектелген. Фриздің биіктігі — 2,37 м. Жазулар көгілдір қышпен өрнектеліп, қара көк түсті кірпіштермен көлеңке түсірілген. Ғимараттың солтүстік бетіндегі екі бұрыштың екеуінде цилиндр түріндегі дінгектер бар. Бұл дінгектерге де куфа қарпімен жазылған жазулар мен ою-өрнектер түсірілген. Жазулардың арасынан "Алла", "Мұхаммед", "О, жарылқаушы", "Билік Аллада", "Алла менің әміршім" деген секілді, т.б. сөздерді оқуға болады. Кесененің солтүстік-шығыс бетінде Ілияс хан ойығының үстіндегі фриз соңында "Шираздық Қожа Хасан" деген сөз және "һиджраның 800 жылы" деп жазылған. Көрхананың қатпарлы күмбезінің жоғары жақтауы мен алты бұрышты тақтайшада кувалық стильмен шираздық мозаикашы Шемс Әбд әл-Уақабтың есімі жазылған. Ол күмбездің қатпарлы қабырғаларына өрнектер жасаған шебер еді. Бас порталдың екі жағында биік мұнарамен жиектелген зәулім аркасы бар. Оның ені — 50 метрге, ішінің ұзындығы — 18,2 метрге, биіктігі — 37,5 метрге тең. Порталдың салынып бітпей қалған қос қанаты үстінен арка үш бұрыш тәрізденіп көрінеді. Әмір Темірдің кезінде бас порталдың тек нұсқасы ғана болған, оның құрылысын 1583—98 ж. Бұхарды билеген Абдолла хан аяқтады. Абдолла хан заманындағы жөндеу жұмыстарына арналған ағаш дінгектер бүгінге дейін сақталған. XIX ғасырда Қоқан билігі тұсында мұнаралар мен порталға қарабайыр қорғану орындары салынып, қам кесекпен қоршалып, кесене қамалға айналдырылған.

Орталық зал — қазандық төбесі жалаң қабат күмбезден көмкерілген төртбұрышты бөлме. Қазандық күмбезі сегіз қырлы, дінгек үстіндегі желкенге табан тірейді. Қазандық күмбезінің ішкі жағы — 18,2 метрге, сырты — 20,5 метрге тең. Қазандық көрхана және



мешіт қабырғаларының теменгі жағы алты бұрышты көгілдір тақтайлардан тұратын биіктігі — 1,5 метрлік майолика тыстамамен қапталып, мозаикалық өрнектермен әшекейленген. Әрі мозаикалық бедермен көлеңкелендірілген. Ал еденге жанасар тұста бетіне өсімдік өрнегі салынып, тастан қашалған белдеушелер жүргізілген. Қоладан соғылып, алтын, күміс жалатылған есік тұтқалары мен алты шырағдан да халық өнерінің лағыл-маржандарының қатарына жатады. Бұларда да оны

жасаушы исфаһандық шебер Таж әд-Дин Изеддиннің есімі жазылған. Қола шырағдандағы жазулар һиджраның 799 жылы 20 рамазанында жасалғандығын көрсетеді. Бүкіл құрылыстың мағыналық кіндігі — әулиенің көрханасы болып табылады. Бұл —

қабырғаларының ұзындығы — 7,15 метрлік төртбұрышты бөлме. Қабырғаларында сталактиттермен әшекейленген тайыздау ойықтары бар. Көрхананың төбесі қос қабатты күмбезбен көмкерілген. Ішкі күмбезі — құрылыстық, сыртқы күмбезі — көркемдік міндет атқарады. Көрхана күмбезі бұрыш-бұрыштағы төрт білікке тіреліп, биік мойындықпен көтерілген. Сыртқы күмбезі қатпарлы. Бұл қатпарлар өсімдік өрнекті пішіндес мозаикамен қапталған. Солтүстік портал қабырғаларының көркемдігі көрген жанды таң қалдырады. Үш ширектік дінгекшелері алты қырлы тақталармен қапталған, көгілдір түсті бояулармен айшықталған. Көрхананың дәл ортасында Қожа Ахмет Ясауидің сағана-құлпытасы орнатылған. Ол жасыл түсті яшмадан жасалған, ернеуіне нәзік өрнектер салынған. Қазандық пен көрханадағы Сафар шебер өрнектеп жасалған ағаш есіктер көркемдігімен көз жауын алады. Көрхана есігінің ою-өрнектері сүйекпен ерекше нақышталған. Есік жұқа темірмен қақталып, оған алтынмен жазулар түсірілген. Есіктің үстіндегі тас тақтайға



көрхана Әмір Темірдің бұйрығымен тұрғызылғандығы жайында жазылған. Кесененің мешіті де аса бір тамаша архитектуралық құрылыс.

Ол мойындығында 16 терезесі бар, шағындау қос қабат күмбезді сопақшалау келген зал. Оған қазандық бөлмесінен Жолбарыс хан дәлізі арқылы өтуге болады. Мешіттің батыс жақ қабырғасына Меккедегі Қағба сияқтандырып 3,5x2,5 метрлік мозаикалық михраб орнатылған. Михраб мешітке ерекше көрік беріп тұр. Оның беті мозаикамен және өсімдік суретімен әшекейленген. Михраб — жебе ұшты арқасы бар ойық. Бұл ойық көгілдір түсті мозаикамен көркемделген, тік бұрышты сәндік белдеумен қоршалған, оған ақ әріптермен Құран сөздері жазылған. Әр жерден әсемдік үшін жалатылған алтынның сілемі көзге шалынады. Кесененің оңтүстік-батыс жағында діншілдердің ораза ұстауына және Құдайға құлшылық етуіне арналған жер асты мінажатханалары Қожа Ахмет Ясауидің көзі тірі кезінде жасалып, қайта жаңғыртылған. XVI ғасырда мешітке іргелес қосалқы бөлмелер тұрғызылған. Бұлар: батыс беткейдегі дәрет алатын тахаратхана мен Үлкен Ақсарайдың солтүстік-шығысындағы "балхи" тәсіліндегі иықпен көмкерілген жер асты зираты. XVI ғасырдан кесененің жекелеген бөлмелеріне әйгілі адамдардың сүйектері қойыла бастады.

1864 ж. Черняев бастаған Ресей әскерлері Түркістан қаласын алған кезде полковник Веревкин қала қорғаушылары бас сауғалаған Қожа Ахмет Ясауи кесенесін зеңбірекпен атқылады. Оның снарядтары кесенені 11 жерден опырып кетті. 1871—72 жылдары А. Кун 7 дана фотосуретті "Түркістан" альбомын құрастырды. Бұл әлем жұртшылығының пікірін Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне бұруға белгілі дәрежеде әсер етті. Соның нәтижесінде Ресей өкімет орындары Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне көңіл бөле бастады. 1884 ж. патша үкіметі кесенені жөндеуге 15 мың сом қаржы бөлді. XIX ғасырдың соңына қарай ғалымдар Қожа Ахмет Ясауи кесенесі— эпиграфикасын зерттеуге ден қоя бастады.

ЗЕРТТЕ!

«Кесене қабырғаларындағы жазу сырлары»



«Сәулет айбындылығы мен рухани кемелділіктің ордасы» тақырыбында эссе жаз.



№26

«Гауһар ана» кесенесі

Бүгінгі сабақта:

- Гауһар ана кесенесі сырлары;
- Кесене құрылысының ерекшеліктері;

Негізгі ұғымдар

- «күмбір»
- «артезиан»
- «шайх»

Ақылына көркі сай деп аңыз әңгімелерге арқау болған, Қожа Ахмет Ясауидің қызы – Гауһар ана жайлы, оның Түркістан қаласындағы кесенесі туралы «Көне дүние күмбірі» айдарында. Гауһар ана кесенесі (XII-XIV ғғ.)

Түркістан қаласынан оңтүстікке қарай 4 шақырым жерде, Түркістан – Шәуілдір автокөлік жолынан солға қарай 400-500 метр қашықтықта орналасқан.

Гауһар ана – ұлы ақын, ойшыл Қожа Ахмет Ясауидің қызы. Гауһар ана жайлы аңыз-әңгімелерге сүйенсек, ол емшілік қасиеті ерекше жан болған деседі. Әлі күнге дейін ана кесенесінің маңында емдік қасиеттері бар артезиан суы шығатын құдықтар көптеп кездеседі.

Деректерде анамыздың ақылы көркіне сай ерекше жан болғандығы айтылады. Гауһар ананың қашан қайтыс болғаны жөнінде мәлімет жоқ, тек 11221124 жылдары туып, шамамен 1187-97 жылдары дүниеден озған деген жорамал бар.

«Әзірет Сұлтан» кесенесінде ұзақ жылдар мұражай директоры болған О.Дастанов ақсақалдың ел аузынан естіген аңызы бойынша, Гауһар ана қайтыс боларында «Мені інім Ибраһим шайхтың қаны төгілген жерге қойыңдар» деп өсиет етіпті. Аңызға сенсек, Ибраһимді Сүйір деген халық өздері қазған арықтан рұқсатсыз су алғаны үшін кетпенмен шауып өлтірген, яғни бұл Сүйір арығының жағасы болуы керек. Нақақтан-нақақ жаны қиылған бауырының қаны төгілген жерде Гауһар ананың мазары жатыр.

Қожа Ахмет Ясауи мен Гауһар ана кесенесі арасында жерасты жолы бар деген аңыздар да бар. Гауһар анамыз әкесі жерасты қылуіне түскен кезде өмірден өтеді. Ясауи бабамыз қызының мазарына қылуіттен күн шуағына шықпай барып тұру үшін жерасты жолын салған деседі. Бірақ тарихи деректерде жерасты жолы туралы мағлұмат көп кездеспейді. Осы кесенеді қарауыл болып істеген қарияның басынан өткен оқиғасы Гауһар ананың емшілік қасиетінің мол екенін дәлелдей түседі. Келушілерді қабылдап, ана



рухына құран бағыштап отырған ақсақал зиярат етушілерге өз басынан өткен оқиғаны былай әңгімелеп берген. Ертеректе еңбекпен түзету колониясындағы мектепте директор болып жұмыс істеген ақсақал кейін қатты ауруға шалдығады. Бауыр ісігінен зардап шеккен оның науқасы жанына батыпты. Әрине, бұл кеселдің емі болмай талай адам өмірден өткені белгілі. Алайда, көрер жарығы бар екен, пенденің пешенесіне жазылмаған бұл науқастан айығу осы кісіге бұйырған. Науқасы жанына батып жүрген бір күндері түнде ұйықтап жатқанда түсінде аян беріледі. Оянғаннан кейін «Салу керек» деген сөз есінен шықпай қояды. Нені салу керек?! Өзі де білмейді. Сөйтіп жүргенде Гауһар ана зиратының басын мал таптап жатқандығын көреді. Маған берілген аян осы шығар деп баласының үйін сатып, сол қаржымен зираттың айналасын қоршап, басына шағын мазар тұрғызыпты. Бұл әрекетін Алла қабыл қылса керек, ақсақал ауруынан құлан-таза айығып кетеді. Содан бастап Нұрғали есімді қария осы кесене басына келушілерді қабылдап, шама-шарқынша оларға қолғабысын тигізеді, қарауылдық қызмет жасайды.

Аңыз-әңгімелерде Гауһар ананың баласы болмағанын айтады. Әкесі «Еміңнен жазылған адамдардың бәрі – сенің балаларың» деп қызын жұбатқан деседі.

Бүгінде Гауһар ана кесенесіне келушілер көпірі өте көп. Олардың көбі дертіне шипа іздеп келеді. Талай жанды емдеп, ауруынан айықтырған қасиетті ананың шарапаты тисе деп тілейді. Тіпті кейбіреулер дертінен құлантаза айығып кетіп жатады. Сырт кескіні архитектуралық келісті кесенелер негізінен әйелдерге арналған. Әлкей Марғұлан оқыған дәрістен «Сырлы тамдар» тек әйел затына арнап салынатын болғанын, бұл мәлімет В. Жирмунскийдің «Следы огузов в низовьях Сыр-Дарьи» атты кітабында жазылғанын 1979 жылдың басында түркітанушы ғалым Рахманқұл Бердібаев жазып алған.



«Гауһар ана зираты» Еркін жазу

Неліктен кесене құдығының суы киелі деп санайды?



*«Сырлы тамдар» тек әйел затына салынған»
Әлкей Марғұлан пікіріне өз тұжырымыңыз.*

«Укаш ата» мазары

Бүгінгі сабақта:

- Укаш ата туралы түсінік;
- Укаш ата құдығы тарихымен танысады:

Негізгі ұғымдар

- «құдық»
- «мазар»
- «мөр»

Укаша ата мазары – шамамен 6-7 ғасырларда өмір сүрген, Мұхаммед (саллаллаһу ғаләйһи уа салләм) пайғамбарға замандас болған ислам дінінің өкілі – Укаша ата кесенесі, сәулет өнері ескерткіші. Кесененің жалпы ұзындығы 16 м, ені 5 м, биіктігі 3,5 – 4 м. Ғимараттың батыс жағында, диаметрі 3,5 – 4 м, биіктігі 4 – 4,5 м болатын шірімейтін қаңылтырдан күмбез тұрғызылған. Негізгі құрылысы тау тастарынан тік төртбұрышты етіп қаланып, сырты ақ және сұр түсті цемент қоспасына қиыршық тас араластырылып сыланған. Кесененің ішіндегі мазардың биіктігі 160 – 170 см, ені 150 см,

ұзындығы 12 м-ге жуық (ұзындығының ұзын болуы - Укаша атаның басын шапқанда, басы 12 метр жерге дейін домалап барған, содан кейін қаны аяқ астына жатпасын деп, қанымен бірге жерлеген). Кесененің батыс жағында 200 м жерде Укаша ата құдығы бар. «Укаша ата құдығының басында қазақ киіз үйі тәріздес кішігірім құрылыс тұрғызылған» [14.72]



ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Аңыз бойынша, Укаша ата сахаба Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың сенімді серігі әрі күзетшісі болған. Жергілікті тұрғындар “Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) жауырынының астындағы мөрді сүйгеннен кейін Укаша сахабаның денесіне атса – оқ, шапса – қылыш өтпеген” дейтін ертегіге бергісіз әңгімені ғасырдан-ғасырға жалғап, айтып келеді. Аңызға жүгінсек, қайсыбір мысық пиғылды, іштарлық танытқан дұшпандары қапияда бас салып, Укаша атаны қапы қалдырып, бақиға аттандырған көрінеді. Таң намазында басы сәждеге енді барғанда дұшпанның қылышының соққысынан жерге салбырап түскен сахабаның мүбәрәк басы ешкімге ұстатпай, құдыққа түсіп кетеді. Ал, құдық болса, жерасты жолдары арқылы, сонау Меккедегі зәмзәм бұлағымен жалғасады дейді, айтушылар. Себебі, құрбан болған сахабаның басы, сол балбұлақтан табылып, пайғамбардың қабірінің аяқ жағына



ЗЕРТТЕ!

«Укаш ата құдығы сырлары»



«Укаш ата мазары» тақырыбында эссе жаз.

- *Укаш ата мазары қайда орналасқан?*
- *Укаш ата мазарының құрылысының ерекшелігі неде?*



«Атса-оқ, шапса-қылыш өтпеген»

Ой түйін!

Бүгінгі сабақта:

- «Көккесене» туралы түсінік;
- «мәдени мұра» сөзінің мағынасымен танысады:



Негізгі ұғымдар

- «қыш»
- «Салжұқтар»
- «ойық»

Көккесене – орта ғасырлардан сақталған архитектуралық ескерткіш, Сырдария өзенінің жағасына (қазіргі Қызылорда облысы Төменарық темір жол торабынан солтүстікке қарай – 5, Сығанақтан оңтүстікке қарай – 8 км) тұрғызылған сәулетті күмбез. 5 см келетін қыштар жатқан. Кіре беріс есік (портал) ауқымының аман қалған бөлігінің айналымы – 6 – 5 м., биіктігі 4,36 м. Қирап жатқан аумағының көлемі 110 м құраған, биіктігі 3,1 м. Оңтүстік батыс жағында тағы бір кішілеу төмпешіктің ізі болған. Көккесененің астыңғы негізі берік етіп жасалып, оның үстіне бірінен-бірін биіктете үш барабан

тұрғызылған. Ортадағы барабанды 25×25 Мамыш бектің (Алып Мамыш, Алпамыс) жұбайы Баршын сұлудың (Гүлбаршын) қабіріне салжұқтар заманы сәулет өнерінің үлгісімен биік мұнаралы етіп салынған. Күйдірілген қыштан соғылған. Орыс зерттеушісі [[А.Ю. Якубовский}А.Ю. Якубовскийдің]] көрсетуінше, ескерткіштің беткі жағында көл. 25 михраб түрінде қуыстап келтіріп, үстіне сүйір мұнара орнатқан. Күмбездің аркасын жебенің үшкір басына ұқсатып, екі иығын өрнекті бағаналармен көмкерген. Қабырғаларын Алаша хан күмбезі секілді қыштан кілем өрнегі үлгісіне ұқсатып қалаған. Көккесене Қарахан мазарына өте ұқсас. Көккесенеге таяу жерде Баршын сұлудың әкімшілік құрған астанасы Баршынкенттің қираған орны бар. Көккесене. шамамен 1914 жылы құлаған.

Ескерткішке қатысты Ж.Басығарин, Е.Қасымов, И.Кастанье, В.Бартольд еңбектерінде тарихи мәліметтер сақталған. Мұнда Әбілқайыр, т.б. сүйегі жатыр деген Бартольд, Ә.Диваев, В.Каллаур, Кастанье, Якубовский, т.б. пікірлері бар. Академик Әлкей Марғұлан: «Оғыз елінің атақты бір қаласы – Баршынкент, - деп жазды. – Баршынкенттің тағы бір қызық тарихы ол қаланы Оғыз елін басқарған жеті данышпан қыздың бірі – Баршын сұлуға арнап салынғандығы. Қазақтар ол қаланы бергі кезге дейін «Қыз қала» деп келді, демек қызға арнап салды дегенді мегзейді». Сонымен бірге академик бұл қаланың атақты бір себебі – батырдың Баршын болуының Алпамыс зайыбы сұлудың



5. Көккесене. Қираған сәулетті ғимараттың қалдығы. /Репродуция/.

(Гүлбаршынның) есімімен аталуында екендігін де айтады. Ал Көккесене күмбезі (мавзолейі), тарихи деректерге қарағанда, осы Баршын сұлудың кесенесі екендігін көрсетеді.

Көккесене туралы Жошы ханның ұрпағы, Дешті Қыпшақ ханы Әбілхайыр ханның ұлы Масул ибн Кухистанидің жазған «Тарих – и – Абулхайр – хани» («Әбілхайыр ханның тарихы»), Мухаммед Хайдар Дулатидің 1544-1546 жылдары жазған әлемге әйгілі «Тарих – и Рашиди» («Рашидидің тарихы») және 1722 жылы жазылған Ходжамқулибек Балхидің «Тарих – и Кипчаки» («Қыпшақ тарихы») атты еңбектерінде айтылған.

Көккесене күмбезін сонау ерте кезден-ақ есепке алып, қорғау керектігі айтылды. Соның бірі қазақтың көрнекті жазушы **Бейімбет Майлин** еді. Ол 1926 жылдың өзінде республикалық «Еңбекші қазақ» газетіне сол жылы 20 қарашадағы нөмірінде «Мәдениет мұралары» деген атпен көлемді мақала беріп, онда Көккесенені «алдымен қорғайтын, не күде тұрғанын жазып білдіретін, тұрғын елдің аузында жүрген материалдарды жинайтын мәдениет мұраларының» қатарына жатқызған.

ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Көккесене – оғыз-қыпшақ заманында (XI ғ.) Сырдария жағасына Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Төменарық стансасының солтүстік-батысында тұрғызылған сәулетті күмбез. Көккесене Қармыш (Қармыс – А.С.) байдың қызы, Мамыш бектің (Алып – мамыш, Алпамыс) жұбайы Баршын сұлудың (Гүлбаршын) қабіріне селжұқ – хорезмшах заманында сәулет өнері үлгісімен (биік мұнара) салынған. Қазір бұл тамаша ескерткіш түгел қираған. Көккесенеге таяу жерде Баршын сұлудың әкімшілік орны бар.



ЗЕРТТЕ!

«Көккесененің» басқа ескерткіштерге ұқсастығын тап.





*Б.Майлиннің «Мәдениет мұрасы» мақаласымен
келісесіз бе?*

№29

Дәуітбек кесенесі

Бүгінгі сабақта:

- «Дәуітбек» кесенесі туралы түсінік;
- «Арка» сөзінің маңынасымен танысады:

Негізгі ұғымдар

- «Қолбасшы»
- «Аңыз»
- «арка»

Дауытбек кесенесі — сәулет өнері ескерткіші.

XIII ғасырдағы құрылыстың бір түрін құрайтын Шамансұр күмбезі Ескі Тараз рабатында, Қарахан күмбезінің шығыс жағына орналасқан. Күмбез моңғол әскерлерінің бірі Ұлығ Білге — Икбалхан Дәуітбек бейітінің үстіне орнатылған. Күмбездің сәулетшісі де, тұрғызушы-құрылысшысы да белгісіз. Мазардың төбесі қос күмбезден тұрады, күйдірілген кірпіштен қаланып, есіктері ою-өрнекпен әшекейленген күмбездер арка арқылы бекітіліп, сырт жағынан есікке тіреледі. Ішкі бөлменің орта шеніне тастан пирамидаға ұқсас сағана қойылған, оған жерленген адамның аты-жөні, өлген уақыты (1262) арабша жазылған. Жазуды 1939 жылы Т. Беленицкий оқыған. 1982 жылы жөндеуден өтіп, республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізілген.

Дәуітбек баба туралы аңыздар ел аузында көп сақталған. Баба сол кездегі маңызды тұлғаның бірі, Қарахан бабамен туыстық байланыстығы болған. Т.Н. Сенигованың зерттеулерінде: «... жерленген тұлға қалам мен семсердің билеушісі, XIII ғасырдағы ірі қолбасшылардың бірі», - деп көрсетіледі.

Тараз қаласының орталық бөлігінде орналасқан ортағасырлық мазар тарихы еліміздегі мемлекет тарапынан қорғауға алынған ескерткіштердің бірі. Ортағасырлық «Дәуітбек кесенесі» деп аталатын бұл жерде Ұлық Білге Икбалхан Дәуітбек-Шамансұр жерленген.

Кесене – бізге дейін біршама жақсы сақталып жеткен, орта ғасыр дәуіріндегі аймақтық ерекшеліктермен тұрғызылған сәулет өнерінің үздік нұсқасына жатады.

Кесене алғашында күмбезі жартылай иілген арқаға бекітілген төрттаған түрінде болған. Аркалар плиталардан қаланған тұғырға орналасты. XIX ғ. соңында аркалы кіре берісі мен қабырғалары кірпішпен қайта өрілгендіктен кесене қазіргі қалпына енді. Оңтүстік бұрыштарының жоғарғы жағы минарет тәріздес етіп жасалған. Қабіртастағы жазуды А.Б.Бартольд танып оқыған. Онда: 1262 ж. 31 наурызда қайтыс болған түркілік қолбасшы, «қалам мен қылыштың иесі, жаны таза момындардың жанашыр қорғаушысы» жерленген деген жазулар бар. Ал, 1939 ж. А.Беленицкий танып, оқыды. Тасқа басылған таңба бұл адамның XIII ғасырда ірі әскери қолбасшы болғанын айғақтайды. Кесене қазіргі уақытта Мемлекеттік «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-мұражайының қорғауына алынып, туристердің назарын аударған тарихи орынға айналған.

Құрылымы күмбезді болып келген Қарахан және Дәуітбек кесенелері IX - XII ғғ. тән сәулет өнерінің ескерткіштері. Оның алғашқысы XI ғ. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аумағында мұсылман діні орныққан кезеңде соғылды. Көптеген зерттеушілердің пікірінше қарахандар әулетінен шыққан Ша-Махмуд Богра Қараханға арнап салғызған. Халық аңызы бойынша кесенедегі жерленген тұлғаны Айша бибі кесенесімен және олардың арасындағы сүйіспеншілік сезімімен байланыстырады.



ЗЕРТТЕ!

«Дәуітбек кесенесінің» Қараханға қандай байланысы бар?



«Моңғолдар әулетінің түркіленуі» туралы ойыңды жаз.



№30

Оқшы ата кесенесі

Бүгінгі сабақта:

- «Оқшы ата» туралы түсінік;
- «оғыз» сөзінің маңынасымен танысады:

Негізгі ұғымдар

- «оғыз»
- «жеті әулие»

Оқшы ата - Сыр бойы халқы әулие санайтын адам. Шын аты – Ибраһим шайхы, лақап аты – Көгентүп, ал Оқшы ата – кейіннен елдің берген есімі. Бұл оны Ысқақ бабтың баласы деп танығандықтан туған ұғым болуға тиіс. Оқшы түркі тайпаларының арасына ислам дінін таратқан әулие болып шығады. Түрколог Әуелбек Қоңыратбаевтың көрсетуінше, Оқшы ата – қару, оқ жасаған оғыз батыры. Қазір батырдың көне қорымы бар өңір кезінде шаһар болған деседі. Ел ішінде IX–X ғасырлардан бастау алып, XV–XVI ғасырларда белгі қойылған қорымның күмбезіне қатысты аңыз-әпсаналар да аз емес. Шиеліде Оқшы ата мен Есабыз әулиенің аты қатар аталады. Бір қорымда қатар жатқан екі арысты жұрт бөліп-жармай, бірге

атап, бірге құран бағыштайды. Сол сансыз аңыздардың бірі Көгентүптің жастайынан жетім қалып, күнкөріс үшін ел аралап кетуінен басталады. Өстіп ел кезіп жүрген ол жалғыз қызы бар бір кемпір-шалға кезігіп, асыранды ұл атанады. Әке-шешелі болған жігіт енді есейгенінде қос қарт пен қарындасына қамқорлық көрсетіп қана қоймай, оларды асырау үшін егін егіп, диқандықпен айналасады.

Еңбекшіл болып ержеткен ер азаматтың кірпігіне көзі көргеннің бәрі таңданатын. Себебі тым қалың болып өсетін, қалыңдығы сондай, тіпті көзін жауып тұрады екен. Сол Көгентүп кірпігін қолмен көтеріп қалғанда, бір күншілік жердегіні көреді деген сөз де сол заманда желдей есіп тұрған-ды. Сондықтан көбіне ауыл арасындағы малын жоғалтқан адамдар ағылып Көгентүпке келеді екен. Осылай ірілі-ұсақты баққанын тауып беріп жүрген оның аты ауыздан-ауызға тарайды. Алайда осы ел көп ұзамай қалмақтың қолына өтеді. Жаулап алған жұртына хан өз тәртібін орнатып қана қоймай: «Мені күнде бір үй асырап, қалыңдыққа қызын беретін болсын!»-деп шарт қояды. Көп ұзамай-ақ ауыл адамдары ханның сөзін екі етпей, жарлығын жүзеге асыруға кірісті. Содан тағдыры таразыға түскен бойжеткендер көбейіп, ел іші нілдей бұзыла бастайды. Осындай күнде рдің бірінде ханды күтіп, оған қыз беру кезегі Көгентүптің үйіне келіп жетеді. Үйіне келген ханға қыздарын қимай, қос қария зар еңіреп жылағанда, кермеде байлаулы тұрған ат тыпыршып, қосыла зор дауыспен кісінеп қоя береді. Кісінеген аттың дауысы арпа орып жатқан Көгентүптің құлағына жеткенде ол арпаның қылтығын алақанына салып құран оқып, жебе етіп, “Құдайдың оғы болып атыл” деп ханға бағыттап үрлеп жібереді. Көп ұзамай қаза болған хан туралы ел: «Жауызды өлтіріп, халықты азаптан құтқарған кім болды екен» — деп толғана бастайды. Бірінің қылышы, бірінің қанжары, енді біреуінің пышағы қан жалаған талай жігіттер ханды өлтірген өзі екенін айтып қызу талас-тартыс жүріп жатады. Сонда Көгентүптің ата-анасы: «Біздің баламыздан да сұраңдаршы, мүмкін сол білер кім өлтіргенін», -дейді. Жиналған жұрт адам жіберіп, Көгентүпті алдыртады. Келген соң, «ханды мен өлтірдім» деп, таласқан талай азаматтарды көріп, Көгентүп ханның неден өлгенін сұрайды. Жүрегінен жаралы болып өлгенін естіген соң: «Онда жүрегін жарып көріңіздер, егер арпаның қылтығы жүрегіне қадалып тұрса, менің атқан оғым, — дейді. Расында да солай болып шығады. Осылайша Көгентүп Оқшы атанады. Ол кісінің азан шақырып қойылған есімі жайында халықтың арасында бірнеше болжам айтылады. Ол кісінің шын есімін біреу Көгентүп десе, екіншісі Ибраһим дейді. Тағы бір деректерде азан шақырып қойған аты - Ибраһим, лақап есімі Көгентүп делінсе, халықтың қойған аты Оқшы болған деседі. Белгілі зерттеуші Әуелбек Қоңыратбаевтың айтуынша, ол кісі оқ, қару жасаған оғыз батыры деп көрсетілген.


Оқшы ата кесенесі сазды лаймен күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Фундаменті де күйдірілген кірпіштен 0,8м тереңдікте салынған. Кесене қабырғаларының қалыңдығы 1,1-1,2м. Көпірі 25x25 көлемді күйдірілген кірпіштен салынған. Олардың бүліну себебі лайдың дымқыл сыз тарту себебінен ылғалданған. Шиеліге қарасты Жөлек ауылынан 7 шақырым жерде, теміржол торабында орналасқан. Оқшы Ата 1043 жылы қайтыс болып, қазіргі өз атымен аталатын «Оқшы Ата» мазаратында жерленген.



КЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Оқшы ата жас кезінде жетімдіктің ащы дәмін татады. Күндердің күнінде бір шал мен кемпірге өкіл бала болады. Кейбіреулер секілді пендешілікке бой алдырмай, пәни дүниеде талайға өнеге көрсетеді. Мешіт салып, ағайын-туысты ислам дініне шақырған. Күндердің бірінде ол асырап алған ата-анасынан Түркістан төріндегі Қожа Ахмет Яссауиге сәлем беріп қайтуға сұранады. Сол заманда бір хан

«Оқшы ата түркілер арасында исламды насихаттаған діндар адам болды деген деректер бар. Бұл жер XIV ғасырда Қожа Ахмет Иассаuidiң даңқты кесенесін Ақсақ темір салғанға дейін осы Оқшы ата жері ежелгі Тұран, оғыздар мен түркі-қыпшақтардың бекзат азаматтары жерленген пантеон болған екен. Демек, бұл қабірстанда қадым ғасырларда біз білетін аталардан басқа жасаған небір арыс азаматтардың жатуы мүмкін. Оқшы ата, Есабыз, Асан қайғы, Ғайып ата, Қыш ата, Досбол би сияқты ұлылар - халық зердесінде сақталғандары ғана. Оқшы ата XI ғасырда өмір сүрген, халықты жаудан құтқарып, елдің болашағы үшін күрескен ұлы тұлға. Сондықтан да халық Оқшы ата мазары ерте заманнан киелі жер санаған», - деді Қызылорда облыстық тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау мекемесінің ғылыми қызметкері Еркебұлан Елеуов. Өткен ғасырдың 60-жылдарында кейбір зиялы азаматтардың бас болуымен әулиелерге кірпіштен кесене орнатылған екен. Оған дейін көбі қам кесектен салынғанға ұқсайды. Жергілікті жамағат қасиетті кісілерді ешқашан жадынан шығарған емес. Алғаш рет 1997 жылы олардың аруағына арналып ас берілсе, содан бері сол игілікті іс лайықты жалғасын тауып келеді.



ЗЕРТТЕ!

«Қасиетті орын неге Оқшы ата атанған?»




«Қасиетті қару-жарақ» туралы туралы пікіріңді жаз.

№31

Тектұрмас кесенесі

Бүгінгі сабақта:

- «Тектұрмас» туралы түсінік;
- «Сылақ» сөзінің маңынасымен танысады:



Негізгі ұғымдар

- «Сылақ»
- «мазар»

Тектұрмас күмбезі – сәулет өнері ескерткіші. Орта ғасырдың басындағы көне қаланың орнында – Жамбыл облысының Талас ауданындағы Қызылжар ауылының маңындағы Талас өзенінің оң жағалауында орналасқан. Мазар (күмбез) 14 ғасырда салынған. Тектұрмас күмбезі түгелдей қираған, тек 19 ғасырдың 80-жылдарында түсірілген фотосурет бойынша ғана белгілі. Күмбезді мазар Сұлтан Махмұт ханның бейітіне орнатылған, астыңғы жағы төртбұрышты, жоғары жағы күмбезді, күйдірілген қызыл кірпіштен қаланған. Есігі батысқа – Тараз шаһарына қаратылып, құрылыстың бұрышаруашылығыбұрыштарына қабыстыра сәнді бағаналар

қойылғаны, қабырғалары сылақпен сыланғаны байқалады. Тектұрмас күмбезінде 19 ғасырдың 2-жартысында В.А. Каллаур, ал 1939 – 1940 жылы Г.И. Пацевич зерттеу жұмыстарын жүргізген. 1986 жылы мазар маңы қоршалып, тиісті атауы жазылған ескерткішаруашылығытақта қойылды, ал 2002 жылы кәсіпкер А.Момышев жеке қаржысымен Тектұрмас күмбезін қайта жаңғыртып тұрғызды.



Кесене сәулетшісі мен құрылысшылары белгісіз. Кесене күйдірілген кірпіштен салынған күмбезді төртбұрышты ғимарат. Сүйір аркалы кіреберіс батысқа Тараз қаласына қарап тұр. Кесене бұрышы пилястрмен аяқталады, қабырғаларда сылақ іздері бар. Г.А. Пугаченкова кесенесі XIV ғасырға жатқызады. Орыс тілінде аударғанда «Тектұрмас», «тау жай тұрмайды» деген мағынаны береді. Кесене Сұлтан Махмұдханның жерленген орны болып саналады. Нұсқалардың бірі бойынша ол жергілікті әулие, басқасы бойынша – Қараханид әскерлерінің бас қолбасшысы. Ол исламның таралуына үлкен үлес қосқан. Құрылыстың нақты уақыты туралы деректер жоқ. XIX ғасырдың соңында кесенені В.А.Каллаур зерттейді. XIX ғасырдың 80-жылдарындағы жалғыз фотосурет қалған. Кесене 1935 жылы қиратылады. 1939-1940 жылдары оның үйінділерін Г.И. Пацевич зерттейді. 2002 жылы Тараздың 2000-жылдығына орай Амангелді Момышевтің бастамасымен кесенені қалпына келтіру жұмыстары басталып, сол жылы қолдануға берілген. Қайта жаңарту жұмыстарын жас сәулетші Нұрлыбек Бәкеев қолға алды. Кесене сақталып қалған ескі сурет бойынша қалпына келтірілді.

ҚЫЗЫҚТЫ ЛЕРЕК

Тектұрмас X-XI ғасырларда өмір, кезінде қолбасшы, батыр және ислам дінін уағыздаушы болған. Өз заманындағы шарият-ілімдерді терең игерген білім адам болған деседі. Бұл кісінің шын есімі – Сұлтанмахмұт Шах, ал Тектұрмас халықтың қойған лақап аты. Тектұрмас деп қойылуының өзіндік тарихы бар, сөз басында айтқанымыздай Сұлтанмахмұт ел басқарған тұсында өте бимаза үнемі бәрін өзінің бақылауында, қарауында, жиі тексеріс жасап қадағалап отыратын болған. Кішкентай елдімекеннен бастап, үлкен қалаларға дейін өзі назарда ұстаған. Содан халық әне, тағы да тек тұрмайтын Тектұрмас келе жатыр деп сол теңеуден ел арасында лақап аты таралып кеткен.

Бізге жеткен екінші аңыз бойынша әулие бабамыз Ұлы жібек жолы торабында жатыр. Көне замандарда осы жер сауда керуендері өтетін тоғыз жолдың торабы болған. Бір қызығы керуен жолаушылары осы жерден өткен кезде, тылсым күш пайда болып, керуен тоқтап қалатын болған. Тек қана құран оқытып, дұға бағыштағаннан соң ғана керуен жолын жалғастыра алатын болған. Тектұрмас атануының тағы бір себебі осы яғни текті жер дегеннен шыққан. Жүргізілген зерттеу жұмыстары анықтағандай, осы адырдың үстінен меридиан кескіні өтеді екен. Таңғы намаз уақытында ерекше бір әуендер ойналады екен. Одан басқа, баба кесенесінің төменгі жерінде үңгір бар, үңгірдің үлкендігі соншалық екі жылқы сыйып кетеді екен, одан әрі жүрсе 300 жылқыға дейін сыйып кететін алаң бар деседі, алаң өз кезегінде ұзыннан ұзақ дәлізге жалғасады, ол дәліз Талас өзені арқылы өтіп қала шетіндегі моншаға апарады дейді. Ал дерек көзі бойынша Алматыға барар жолда Ақшолақ деген жерде Ақыртас деген кешенге дейін созылатыны айтылады, басқа бір деректе Оңтүстік Қазақстан облысының Шаян елді мекеніне дейін жерасты жолы бар деп келтіреді.



Тектұрмас кесенесінің төменгі жағында Ұмбасұлы Мәмбет батыр Бәйдібек баба мен Домалақ анамыздан тарайтын Дулат деген немересінен тарайды, бұл кісі XVIII ғасырда өмір сүрген, кезінде Абылай ханның көмекшісі, қолбасшысы болған. Мәмбет атамыз 104-ке келіп Қырғызстан жерінде дүниеден өткен және де қайтыс болғаннан кейін, ұрпақтарының түсіне кіріп, өзін осы Тектұрмас бабамыздың жанына қайта жерлеуді айтып аян етіп айтқан. Бұл жердің киелі екеніне халықтың ағылуынан көруге болады, Қазақстанның түкпір-түкпірінен келіп зиярат етушілер саны көбейе түсуде. Аталған қасиетті орынды тарихи кесене деп те, дұға етушілердің жиі келетін орны деп санауға болады.

«Тектұрмас» шежіресін жаз.



№32

Рәбия Сұлтан бегім

кесенесі

Бүгінгі сабақта:


- «Рәбия Сұлтан бегім» туралы түсінік;
- «архитектуралық кешен» сөзінің маңынасымен танысады;

Негізгі ұғымдар

- «бегім»
- «Әмір Темір»
- «Полихром»

Рәбия Сұлтан бегім кесенесі – байырғы сәулет өнері ескерткіштерінің бірі. XV ғ-да Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің оңт.-шығысынан 60 м қашықтықта тұрғызылған. 5 бөлмелі кесененің алдыңғы беті сүйір ұшты биік арка түрінде жасалған. Рәбия Сұлтан бегім кесенесінің орталық бөлігі цилиндр тәрізді биік барабанға орнатылған күмбезбен жабылған. «Құлпытасында “бұл құдіретті Әмір Темір Көрегеннің ұлы, азапты ажалдан қаза тапқан, құдіретті ұлы сұлтан Ұлықбек Көрегеннің қызын, ақсүйек (құдай) кешіріп, рақымшылық жасаған, ізгі жанды Рәбия Сұлтан бегімнің тыныштық тауып жатқан жері” деп жазылған» [8.193]. Рәбия Сұлтан бегім Кесенесі – ортағасырлық

сәулет өнері ескерткіші (XV ғ.). Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің оңтүстік-шығысында 60 м жерде. Әмір Темірдің немересі, Ұлықбектің қызы, Әбілқайыр ханның әйелі, белгілі хандар Көкенші мен Сүйініштің анасы Рәбия Сұлтан бегімге арнайы салдырылған. Бұл кесененің құлыптасы Қожа Ахмет Ясауидың кесенесінен табылған. Құлыптаста Бегімнің Әмір Темірдің ұлы Ұлықбектің қызы екендегі, 1485 жылы қаза болғандығы жазылады. Алғашында 8 бұрышты бір камералы, цилиндр тәріздес барабанға бекітілген биік күмбезі бар құрылыс ретінде салынып, кейіннен көп камералы шаршы жоспарлы құрылыстармен толықтырылған. Кесене - өте үлкен архитектуралық кешен. Оның құрамына 5 үлкен бөлме кіреді. Кесененің қасбеті сүйір ұшты биік арка түрінде жасалған, 8 бұрышты залы және осы залға жапсарлас салынған ұзынша келген тікбұрышты 2 үй-жай бар. Кесененің айналасынан табылған майоликалық және глазуранған тақтайшаларға қарап, оның полихромды қаптамамен қапталғанын көруге болады. Кесененің оңтүстік-шығыс бөлігінде жерасты қабірханаға кіретін есік бар. Қабірхана сыланып, боялған. Онда терімен қапталған ағаш табыттар қойылған. Рәбия Сұлтан бегімнің табытында – «бұл құдіретті Әмір Темір Көрегеннің ұлы, азапты ажалдан қаза тапқан, құдіретті, ұлы сұлтан Ұлықбек Көрегеннің қызы, ақсүйек, (құдай) кешіріп, рақымшылық жасаған, ізгі жасанды Рәбия Сұлтан бегімнің тыныштық тауып жатқан жері» деген жолдар бар. Кесене түркістандық жергілікті архитектуралық дәстүр негізінде салынған алғашқы кесене ретінде өте маңызды. 1980 жылдан қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.



Рәбия Сұлтан бегім шамамен 1430-1495 жылдар аралығында өмір сүрген. Ол – Ұлықбек хакімнің қызы, Әмір Темірдің немересі. Самарқанд қаласында жан-жақты білім алып өскен. Рәбия Сұлтан бегім – Дешті-Қыпшақтың ханы болған үлкен Әбілхайыр ханның жары. «Қазақ халқының тарихи тұлғалары» атты қысқаша анықтамалықта бұл жайлы толығырақ мағлұмат берілген: «1451 жылы Әмір Темірдің немересі Әбу Саид Самарқандты жаулап алғанда көрсеткен әскери көмегі үшін Әбілхайыр ханға Ұлықбектің қызы Рәбия Сұлтан бегімді ұзатқан». Әбілхайыр хандығы тарихта «көшпенді өзбектер мемлекеті» деген атпен белгілі болған. Керей

мен Жәнібек хандар осы Әбілхайыр ханнан бөлініп, Қазақ хандығын құрған. Рәбия Сұлтан Бегім Әбілхайырмен 16 жыл отасқан екен. Кейбір деректерде ол 1468 жылы қайтыс болған десе, енді бір деректер бойынша, Рәбия Сұлтан бегімнің өмір сүрген жылдары шамамен

1430-1495 жылдар аралығы деп көрсетіледі. Ол Әбілхайырдан Сүйініш және Кішкене деген екі ұл табады. Рәбия Сұлтан бегім дүниеден қайтқан соң, ханның сарайы мен өзінің баласы Сүйініш хан анасына арнап, күмбез салдырады. Бұл күмбез Қожа Ахмет Яссауи ғимаратының оңтүстік шығысында орналасқан. Күмбезді 1895 жылы Ресей әскерлері «ескі, бір күні құлап қалуы мүмкін деген» сылтаумен қиратқан екен. Қазіргі күмбезі жаңартылып салынған. Құлпытасында мынадай жазу жазылған: «бұл – құдыретті ұлы сұлтан Ұлықбек Гурағаның қызын, ақсүйек (құдай) кешіріп, рақымшылық жасаған, ізгі жанды Рәбия Сұлтан бегімнің тыныштық тауып жатқан жері». «Рабия Сұлтан Бегім мазары Түркістандық некрополының бастапқы кезеңін көрсететін бағалы архитектуралық ескерткіш» [14.74]



Жәнібек Сұлтан мен Рәбия Сұлтан бегімнің арасында қандай байланыс бар?

№33

Бегім Ана мұнарасы

Бүгінгі сабақта:
- «Бегім Ана мұнарасы» туралы түсінік;

Негізгі ұғымдар

- «Мұнара»
- «Шаһар»
- «Нақақ жала»

Бегім-Ана мұнарасы — шамамен X — XII ғасырлардан бері сақталған сәулет өнері ескерткіші.

Қазіргі Қызылорда облысы Арал ауданы Жаңақұрылыс ауылынан оңтүстікке қарай 35 км жерде орналасқан. Мұнара шикі кірпіштен тұрғызылған, екі қатар күйдірілген кірпішпен (23x26x6) қапталған. Биіктігі 10,5 м. Жоғары қарай сәл қусырыла келген сегізқырлы призма пішінді, төбесі пирамида болып біткен. Орта деңгейге (шамамен 5,5 - 6 м) дейін мұнара бағанасы тұтас, одан жоғары бөлме бар; бұған шығыс жағындағы аркалы ойық арқылы кіруге болады. Мұнара ескерткіш үшін де, не әлдебір белгі беруге, қарауыл қарауға арналып салынуы да мүмкін деген болжам

бар (Малбағар Меңдіқұловтың пікі бойынша). Қазақстанда осы тәріздес ортағасырлық мұнаралар (Ұзын там, Сараманқоса) көп кездеспейді, ал Орта Азияда мүлде жоқ. Бірақ “мұнаралы кесене” деген атаумен белгілі (XIII - XIV ғасырлардан кейін) мұндай ескерткіштер Иран, Түркия, Әзербайжанда кең тараған. Бұл жағдай осы елдерге Арал аймағынан түркі тайпаларының ығысып баруына байланысты болуы мүмкін. 979

жылы Қазақстан Тарихи және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының экспедициясы (жетекшісі Ә.Оспанов) зерттеген. Аңыз бойынша, Бегім ана Жанкент әмірінің әйелі, нақақ жаланың құрбаны болған. 1982 жылы 1982 жылы мазар Қазақ КСР-нің тарихи және мәдени маңызы бар ескерткіштерінң тізіміне енді. 1989 жылы мұнара жөндеуден өтті



ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Жанкент әмірі Санжар хан нөкерінің ғайбатына сеніп, күнәдан пәк Бегім сұлудың оң қолын шауып, оң бұрымын кесіп, оң танауын тіліп, жазықсыз жазалайды. Бегімнің әкесі атақты Қарабура әулие қанішер ханға «Қызым ақ болса шабылған қолы, кесілген бұрымы, тілінген танауы қалпына түседі» дейді. Әділдік үстем шығып, Бегімнің дене мүшелері қалпына келеді. Қызының нақақ жәбір көргеніне назаланған әулие Санжар ханды қарғапты. Құдіреттің күшімен аспаннан іші ордалы жыланға толы мес түсіп, хан бағыныштыларымен бірге ажал құшыпты. Бегім сұлу аққұсқа айналып көкке ұшып кетіпті. Осы оқиғадан кейін әулиенің мұнарасына ер адамдар бармайды, бәлкі, Бегім ана оларды қабылдамайды-мыс.

Аңызға айналған Бегім ана. Қарабура әулиенің туған жылы, өмірі, шыққан тегі, руы жайлы ешбір жерде нақты дерек жоқ. Бірақ әр түрлі пікірлер көп. Қарабура әулиенің Қожа Ахмет Яссауидің серігі, екеуі замандас екенін білеміз. Қожа Ахмет Яссауи XI-XII ғасырда өмір сүрген. Олай болса, Қарабура әулие де осы дәуірде ғұмыр кешкен.

Қарабура деп аталу себебі Қожа Ахмет Яссауи өлер алдында отбасына, туыстарына: «Мен пәлен уақытта жан тәсілім етемін. Мені оң жаққа қойғаннан кейін көп кешікпей денем суымай тұрғанда бір қара бура мінген кісі алып кетіп, мәңгі жататын орныма өзі ақ жуып арулап қояды. Мені алып бара жатқанда: «Қайда алып барасыз» деп оның қолын қақпаңдар», – деп ескертеді. Сол айтқанындай, Яссауи дүние салысымен қара бура мініп



келген бір кісі оның денесін бурамен алып кетеді. Содан бастап ол кісіні Қарабура Өзім деп атаған. Қарабура хан өзінің бірінші қызын Бегім сұлуды Оғыз қыпшақтарының ханы Санжар сұлтанға ұзатқан. Екінші қызы Әмбар бибіні ислам дінінің ірі өкілі, ғұлама ғалым Сүлеймен Бақырғаниға ұзатып, одан туған немере қызы Айша бибі Сүлеймен Бақырғани өлген соң екінші әкесі Зәңгі бабаның

тәрбиесінде болған. Ол Тараздағы ғашық жары Қарахан патшаға барар жолда жылан шағып өмірден озған. Айша бибі кесенесі Тараз маңында. Қарабураның қыздары Ташкенттен 12 шақырым жерде Әмбар бибінің, Қызылорда облысында Бегім сұлудың кесенелері бар. Қарабура ханға қойылған белгілер Қытайда, Қашқарда, Иранда, Түркияда, Тәжікстанда, Қырғыз елінде аз емес.

Ал енді Санжар (Шанжар) хан жайында айтып кетейік. XI ғасырдың басында түріктер көтеріле көшіп, Каспий теңізінің төңірегіне қоныстанып, Селжұқ деп аталатын мемлекет құрды. Сосын Хорасан патшалығына шабуыл жасап оны күшпен басып алады. Селжұқ әскерінің қол басшысы Тоғурул Бек Хорасан мемлекетінің сол кездегі патшасы Махмуд Ғазнауидың баласы Масхұдтың әскерін талқандайды. Тоғурул Бектің өзі Хорасанға хан болады. Сонымен қатар, Селжұқтар Хорезмді, бүкіл Иран мен Әзербайжанды, 1055 жылы Араб халифатының астанасы – Бағдатты басып алады. Бағдатқа Тоғурул Бек сұлтан болып отырады. Тоғурул Бектен кейін Алып Арсланның сұлтан болған және оның баласы Жәлеледин Мәлік шахтың патшалық құрған кезінде Селжұқтар қатты күшейген. Қытайдан Жерорта теңізіне, Кавказдан Йеменге дейін созылып жатқан жерді игереді. Мәлік шах өлген соң орнына баласы Санжар отырды. Кемеліне келіп күшейген Санжар астанасын Хорасаннан көшіріп Мервке (Түркіменстан) әкелді. Мұнда біраз жыл отырды. Оның құрметіне Мервте күмбез орнатылды. Орнатылған күмбез осы кезге дейін құламай тұр. Бұдан соң Санжар орталығын Сыр бойына көшіріп Жанкентке орналастырады да, оны мықты бекініске айналдырады. Сол кезде Санжар Қарақұмды жайылым және демалатын орынға, Қаратауды аң аулап, саяттайтын мекенге айналдырады. Сондай бір сейілдік құрып жүрген күндерде Қаратаудың бетпаққа қараған етегінде Созақтың маңайында өмір сүрген Қарабура Өзімнің қызы Бегімге үйленіп бас қосады.

Санжар хан Жанкентке қоныс теуіп, Бегім сұлуды қалыңдық етеді. Ал, одан кейінгі оқиға әртүрлі баяндалады. Бірақ бәрінің басталуы мен аяқталуы бірдей. Яки Санжардың аңшылыққа шығып, томағасын (кей деректерде қанжарын) ұмытып кетуімен басталып, Жанкент халқын жыланның шағып қыруымен тынады. Бұл оқиғаның әр деректе әр қилы айтылуы бұл жайттың халыққа ауызекі тарауынан секілді. Себебі, әр адам өз естігеніне ойын, қиялын қосып басқаға жеткізген. Бірақ нақты бір ғана нәрсе бар. Ол – Бегім ана кесенесі және онда ер адамдардың кіруге болмайтыны. Қазір Қазалы ауданының Үргеніш жақ даласында бұрынғы Арал теңізінің жағасы деп аталатын жерде ондаған ғасырларды басынан өткерген Бегім ана мұнарасы тұр. Бегім ана ескеріткіші шамамен XII ғасырда салынған және бұл орынға ер кісілерге баруға болмайды. Себебі, кезінде Санжар ханның

Бегім сұлуды себепсіз жазалуынан кейін Бегім ана еркек атаулыға қарсы болған. Тіпті, бұл ескерткіштің шырақшысы да әйел адам. Қазақстандағы Халықаралық мұсылман әйелдері қоғамдық қауымдастығы бірлестігінің Қазалы ауданындағы филиалының басшысы Қарлыға Алдажарқызы: «Мен 1959 жылы Қазалы ауданында жұмысшы отбасында дүниеге келдім. 20 жасымда көзім қаріп болып, түсімде Қожахмет баба аян бергеннен кейін жанарым ашылды. 29 жасымда сал болып жаттым. Онда да түсіме еніп аян берген Бегім анамыз еді. Бұл 1992 жылы болатын. 1993 жылдың қараша айының 19-нан бастап әулие анамыздың пәктігін, адалдығын насихаттаумен келемін. Әулиенің рухы бәрімізге жар болғай», – дейді. Бегім ананың шапағаты тиіп, Алладан перзент сұрағандардың тілегіне тілеу қосып, перзентті болған аналардың саны қазір 18-ге жетіпті. Жалпы, Бегім ана жайлы қарапайым халықтан, басына барып дұға еткен жандардан сұхбат алып та көрген болатынымын. Қалалық ауруханада 40 жыл жұмыс атқарған зейнеткер, Бақытгүл Наурызалы: «Мен өзім таманың қызымын. 2014 жылы тамалар жиналып, Бегім ананың басына барып, құрбандық шалып, құран оқытатын болған. Біз де қалмай сол жылдың жазында Бегім ананың басында болдық. Жұбайым науқастанып жүрген, денсаулығының дұрысталуын тілеп, құран бағыштадық. Бізбен бірге 3 ер адам барған. Бірақ, олар ананың басына жақындаған жоқ. Олар құрбандыққа мал шалып, Бегім ана кесенесінен алыста жүрді. Аллаға шүкір, сонан бері жарымның денсаулығы оңалды», – деген сырын ақтарды. Әйтеке би кентінде тұратын атақты халық, емшісі Ақтолқын Тұрғанбай: «Бегім ананың басына ниет еткендерді талай алып бардым. Солардың бірі – Владивостокта тұратын ерлі – зайыптылар. Олар елінде жүріп, Бегім ана жайлы интернеттен біледі. Сонан соң Алматыға, Алматыдан – Қызылордаға, Қызылордадан – Қазалыға маған келді. «Апа, әйелім бала көтермей жүр. Сол үшін тілек тілеп, Бегім ананың басына дұға етуге келіп едік», – деп өтінді әлгі орыс азаматты. Қонақтардың бетін қайтармай, «Жарайды» деп түнделетіп жолға шықтық. Содан Бегім анаға барып, дұға тілеп қайттық. Әлгі ерлі-зайыпты отандарына қайтты.

Сонан бір жылдан соң 20 наурыз күні маған бір бейтаныс нөмір хабарласты: «Апа, телефоныңызды көтерсеңізші, әлгі орыс жігіт сізді ала алмай жатыр», – дейді. Әлгі жігіт маған «Апа, әйелім егіз тапты» деген қуанышын жеткізді.

Тағы бірде маған Қызылорда қаласындағы «Дарын» мектебінен мұғалім әйел келді. Жасы есейген шағында үйленіпті. Балалы болғысы келіп, дұға етпекші екен. Онымен қоса, күйеуі екеуінің арасы жақсы бола қоймапты. Жұбайы үйге күнделікті қонбайды, бірде бар, бірде болмайтын көрінеді. Бегім ананың басына апарып түнеттім. Сонда түсінде күйеуін аппақ арқанмен байлап, оның ұшын әйелдің қолына беріпті. Сонан кейін ол балалы болды, қазір күйеуімен де арасы жақсы, – деп көкейкесті пікірін ағытты.

Қазалылық журналист-жазушы Әлмәмбет Әлішев өз шығармасында: «Ішкі жағы саздан құйылып соғылған, сырты күйдірілген кірпішпен қапталған, биіктігі он-он бес метрдей... Ескерткіштің төменгі жағында әр түрлі өлшемдегі қыш кірпіштер жерде шашылып жатыр. Бізбен бірге барған адамдар қыш кірпіштен алып жатыр. Мен ішімнен: «Бисмилла! Бегім ана, кешіре гөр» деп сыйынып, керамика кірпіштің екеуін қолыма ұстап, бір-біріне тигізіп едім, кәдімгі таза хрустальдың сыңғырындай әсем үн шықты. Әлгі кірпіштерді өз орнына қайта қойдым... Осы арада ерекше атап өтер жәйт: сол жолы әулие ананың ескерткішінен кірпіш сынығын алғандардың бәрі көп ұзамай, түрлі бақытсыздыққа ұшырады. Бірінің қызметі төмендетілсе, бірі дарияға шомылуға барғанда іс-түссіз жоғалып кетті, кейбіреулері жол апатынан қаза тапты. Мұны Бегім ананың күдіреті дегенде не дейміз?!», – дейді.

Аңыз әңгімелерде Бегім ана есімі – Бегім ана, Бекмана, Бикем деп аталады. Бұның қайдан шыққаны жайлы мынадай түсінік бар: Оны хан Бегім атауы мүмкін. Себебі, қазақ халқы ежелден ханның әйелін ханым атағаны секілді, билікке араласқан бектің әйелін бегім деп атаса керек. Менің пайымдауымша, халық арасында бұл үш атау да кездесе береді. Халық Бегім ана сөзін өздерінің ыңғайларына қарай, орфоэпиялық өзгеріске ұшыратып жіберген секілді. Мысалы, орыстың уезд сөзін ояз, август сөзін ағұст дегені секілді.

Тіпті, Қарабура әулие теріс батасын берген Жанкент қаласынан ұзақ уақыттар бойы жыландар кетпеді. 1963 жылы Энгельс совхозы құрылып, «Жанкент», «Өркендеу» ауылдары сол совхоздың бөлімшесі болған кезде совхоз есебінен ауыл орталығынан үйлер көптеп салынды. Соның бір-екеуінде ордалы жыландар пайда болып, басына ақ құйса да үйден шықпаған. Тіпті бір отбасы жаңадан салынған үйді жыландан қорыққаннан тастап та кеткен.

Қазалылық белгілі шежіреші Өмірзақ Ахметов өз мақаласында: «Шаһар халқының жылан сорып апат болуы аңыз болса да дәлелді тұстары мол. Шаһар халқын апат еткен ығылым жылан кешегі күнге дейін Жанкент шаһарының бұзылған іргесінде үйір-үйір болып жүрді. Қысы-жазы ой-шұқырда қордаланып жатқанын «Өркендеу» совхозының жергілікті адамдарының бәрі де біледі. Мен оны көзіммен көрдім. 1950 жылы сәуір айында Жылуан арығын 150 адаммен қазғанда сол жұмыстың басында болғаным бар. Сонда ордалы жыландарды көріп оның куәгері болғанбыз. Сәске кезінде жыландар мекенжайынан қозғалып дариядан су ішіп қайтуға бәрі бет алып шұбырғанда ізінен жұқа шаң көтеріліп, жыланның үстімен жүріп отырғанын сан рет көрдік. Соншама жылан жолымен барып суын ішіп, жолымен қайтып мекеніне келіп жатады. Ешкімге тимейді, залалы жоқ. Сол жыландар 1970 жылға дейін жайлы қонысында болды да одан соң бір түнде жоқ болып кетті», – деп жазады.

ЗЕРТТЕ!

««Бегім ана» мұнарасына ер адамдарға неге баруға болмайды?»



«Бегім Ана» кесенесінің геометриялық сипаттамасын бер.

Бүгінгі сабақта:

- туралы түсінік;
- «Алаша» сөзінің маңынасымен танысады:

Негізгі ұғымдар

- «Алаш»
- «Мазар»
- «Хан кесенесі»

Алаша хан кесенесі - Ұлытауда XV-XVI ғғ. халық шеберлерінің қолымен салынған Қазақстандағы бірден-бір ерекше архитектуралық ескерткіш. Кесене Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы Қаракенгір өзенінің оң жақ аңғарында, Малшыбай ауылынан 2 шақырым жерде салынған. Мазар төрт бұрышты етіп қызыл кірпіштен қаланған, күмбезді. Сырт көрінісі кірпіштен әр түрлі-кескінді өрнекпен қаланған. Өрнектің түрлері әсіресе кіреберіс бетінде шығыс кілемнің суретімен безендірілген. Алаша хан күмбезі Ұлытаудың Қаракенгір өзен жағасында (Сарыкенгір өз-нің құярлық саласында) биік жотаның үстінде тұр. Ғалымдар күмбезді Қарахан әулетіне, оғыз-қыпшақ заманындағы (10-13 ғ.ғ.)

сәулет өнерінің қатарына қосады. Зерттеушілер әлі де жаңа болжамдар (15-16 ғ. деушілер де бар) айтқанымен, күмбездің уақыт зардабынан мүжіліп тозған түрі мен басқа ешбір ескерткішке ұқсамайтын көркемдеу тәсілі арғы замандарға сілтейді. Алаша хан күмбезі порталды-күмбезді сәулет өнері үлгісіне жатады. Аумағы — 9,73 x 11,9. Биікт. — 10 м. Күйдірілген қызыл кірпіштен қаланған. Олардың көлемі 230 x 14 x 60 мм, 260 x 230 мм, 320 x 320 x 60 мм, т.с.с әртүрлі болып келеді. Құрылыс үстінен биіктігі екі жарым метрге жуық (231 см) барабан — күмбез мойындығы салынып, одан күмбез шығарылған. Барабан сатыланып кішірейе түсетін төрт белдеуден тұрады. Көпқырлы және цилиндр тәрізді етіп жасалған бұл белдеулердің диам. — 743, 673, 643 см. Кіреберіс қақпа-портал аркасы мен екі жақ ұстынды мұнаралық бөліктерінің биіктігі қандай болғаны белгісіз.



Олардың күмбез барабандары басталатын тұстан жоғарғы жағы жойылып кеткен. Кіреберіс сол жақ бұрышта баспалдақты тар қуыс бар. Сол арқылы жоғары көтеріліп барып, күмбездік екінші айналма қабатқа (барабан галереясы), одан портал аркасының желке тұсынан кесене үстіне шығуға болады. Портал мен күмбездің шыны сырлы қаптама жұқа өрнектерінен ешнәрсе қалмаған. Ары-бері өткен жолаушылар тәбәрік етіп алып кеткен болуы керек. Алаша хан күмбезінің шынайы қалпын онымен тұстас, сәулеттік үлгілері ортақ жәдігерліктермен салыстыру арқылы елестетуге болады. Бұл орайда ол негізінен Қарахан әулеті дәуірі сәулет үлгілерінің Салжұқ өнері аталатын түрлерімен байланыстырылады. Бұл үлгідегі ескерткіштер көбіне-көп Түрікменстанда кездеседі. Алаша хан күмбезіін, сондай-ақ, Қазақстан жеріндегі Айша бибі (11-12 ғ.), Жошы хан (13 ғ.), Қожа Ахмет Йасауи (14 ғ.) мазарлары үлгілерімен де салыстыруға болады. Әсіресе көне Сығанақ маңындағы Көк кесене ғимаратының көркемдік нақыштарымен үндестік бірден көзге түседі. Алаша хан күмбезінің әр түсті және әр көлемді кірпіштерді қиюластыра қалау арқылы геом. бейне жасап, күмбездің барлық беттерін

масаты кілемнің түріне ұқсатып өрнектеуі өзінен кейінгі Талмас ата, Жұбан ана, Болған ана, Қайып ата, Дүзен, Ерден мазарларына үлгі болған. 1894 ж. жарық көрген “Қырғыз даласының очерктерінде” орыс ориенталисі Е.И.Шмидт жазған шыны сияқты ақ сылақ пен көк сылақ, төрт құбыласы сай ғажайып пропорция Айша бибі, Қожа Ахмет Йасауи кесенелерінде кездеседі 1855 жылы кесене жайлы алғашқы жазба деректерді Ш.Уәлихановтың «Қырғыз-қайсақ молалары және жалпы бұрынғы туралы» атты мақаласында кездестіреміз.

1868 жылы подполковник Красовскийдің "Область сибирских киргизов" еңбегінде кесене жайлы ең алғаш рет жан-жақты баяндалған. 1945-1946 жылдары М.Б. Левинсон бастаған экспедиция кезінде ең алғаш рет фотофиксация, техникалық зерттеу, өлшеу жұмыстары өткізілді. 1946 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясы Тарих, археология және этнография институтының жетекшілігімен ескерткіш аумағындағы археологиялық зерттеу жұмыстары басталды. 1982 жылы Алаша хан кесенесі Қазақ КСР-нің тарихи және мәдени маңызы бар ескерткіштер тізіміне еніп, мемлекет қорғауына алынды. «Осынау теңдесі жоқ сәулет өнерінің туындысы қазақтың аңызға айналған түп атасы, алғашқы ханы Алашаға арналған»

ЗЕРТТЕ!

«Алаша хан» туралы аңызды зертте.



Айша Бибі мен Қожа Ахмет Йассауи кесенелеріндегі ұқсастықты тап.

Жошы хан күмбезі

Бүгінгі сабақта:

- туралы түсінік;
- «сардоба» сөзінің маңынасымен танысады:

Негізгі ұғымдар

- «күмбез»
- «керуен»
- «ойық»

Жошы хан кесенесі – Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 км жерде, Қаракенгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш.

Күмбезде сақталған таңбаларға қарағанда, оны салуға Жошыға бағынған тайпалардың бәрі (оғыз, арғын, қыпшақ, керей, найман, қоңырат, қаңлы, т.б.) қатысқан. Тарихи дәстүр бойынша күмбезді қайтыс болған кісінің жылдық асын беруден бұрынырақ жасайтын болған. Соған қарағанда 1227 жылы қайтыс болған Жошыға 1228 жылы күмбез тұрғызылған болу керек.

Жошы хан күмбезі порталды-күмбезді құрылыстар қатарына жатады. Жобасы тік бұрышты. Құрылыс материалдары – күйдірілген кірпіш, ғаныш, әкімшілік Жобаның аумағы 9,55x7,25 м. Көзге айрықша түсетін нәрсе – салтанатты порталы. Оның маңдай алдын сүйір арка түрінде шығарып, екі жақ босағасын үстіңгі салмақты еркін көтеріп тұру үшін мейлінше берік етіп тұрғызған. Портал жақтауларын өрнекті кірпішпен безендіріп, киіз үйдің басқұрына ұқсатқан. Өрнекке пайдаланған тақта кірпіштердің ауданы 45x45 см. Бұл кірпіштерде өрнекпен бірге жазу да болған. 1911 жылы Атбасар уезін билеген бір ұлық өрнекті кірпіштерді сыдырып алып, музейге жібереді. Қазір кірпіштердің кейбір сынықтары ғана сақталған. Порталдың жоғарғы жиегін парапет тәріздендіріп, оның астынан қалақ кірпіштен фриз тартқан.

Ежелгі құрылыс әдісінің бірі – күмбез орнату. Ол Жошы хан күмбезінде тамаша шешімін тапқан. Қабырғаның іш жағынан сөрелеп шығарған белдеулердің үстінен екі қабатты зәулім күмбез орнатқан. Ішкі күмбездің (биіктігі 7 м) салмағын “жалған еңсе” шығару тәсілімен белдеулерге жайса, сыртқы күмбезді (биіктігі 8 м) он алты қырлы барабанға отырғызған. Ішкі күмбезден шығарылған түндік сыртқы күмбезді орнатқан кезде жабылып қалған. Жарық кесененің екі жақ бүйірінен, барабанның астынан шығарылған терезелерден (35x55 см) түседі. Күмбез бедерлі қалақ кірпіштермен әшекейленген. Күмбезді көп қырлы барабанға орнату – оғыз, қыпшақ тайпаларына тән тәсіл. Ішкі қабырғаларында таңбадан басқа ешбір әшекей жоқ. Еденіне қалақ кірпіштер төсеген. Күмбезді қазу жұмысы кезінде екі қабір табылды. Қабір қабырғаларын үлкен кірпіштен өріп, астына жұқа тақша кірпіш төсеген.

Бірінші қабір күмбездің күншығыс іргесіне (ұзындығы 2,2 м, ені 70 см, тереңдігі 1,2 м) орналасқан. Қабір ішінен тақтай табытқа жерленген адамның сүйегі шықты. Сүйектің оң қолы жоқ екендігі анықталды. Оның үстіне қабір ішінен салтанатты киім жұрнақтары, қызыл сафиян етіктің қалдығы, тұт жібегінің шіріп жатқан сілемдері, аң сүйектері мен түйенің бас сүйегі, темір қарудың сынықтары табылды. Бұл “Жошыны аң аулап жүргенде құланның айғыры шайнап өлтірді” деген халық аңызына үндес келеді. Халық аңызында “Жошыны жерлегенде бір қолы жоқ болған” немесе “Жошының тек бір қолын тауып қойған”, кейде “бір шынашағын ғана тапқан” деген әр түрлі жорамалдар бар.



Екінші қабір Жошының үлкен бәйбішесі (Керей хандығының билеушісі Тоғырыл ханның інісінің қызы) Бектумыштікі болуға тиіс. Қабір астына төселген қалақ кірпіштерде араб әрпімен “ықпал” деген сөз бірнеше қайтара жазылған.

Жошы хан күмбезі республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекет тізіміне енгізілген. 1999 жылдан Жошы хан күмбезін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде

ЗЕРТТЕ!

«Бабаджа-Хатун-Айша арудың күтушісі болған»



«Сәулет айбындылығы мен рухани кемелділіктің ордасы» тақырыбында эссе жаз.